Рысқали ӘБДІКЕРОВ

# Орындалған АМАНАТ



Рысқали ӘБДІКЕРОВ

# ОРЫНДАЛҒАН АМАНАТ

*Алматы-2024*

УДК 323/324 (574)
ББК 66.3 (5 Қаз)
Ә 14

*Шығарушы редакторы -*
**Айтбай Сәулебек**

Ә 14 **ӘБДІКЕРОВ Р.**
**ОРЫНДАЛҒАН АМАНАТ. -** *Алматы: «Нұрлы Әлем», 2024. - 216 бет.*

**ISBN 978-601-205-792-8**

*Назарларыңызға ұсынылып отырған кітапта Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының экс-депутаты, Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Рысқали Әбдікеровтің мемлекетімізді дамыту, халықтың әл-ауқатын жақсарту, қордаланып қалған келелі мәселелерді шешу турасында атқарған игілікті істері баяндалады.*

*Сенатордың халықпен кездесулерінде, Сенат отырыстарында сөйлеген сөздері мен мемлекеттік басшы органдарға жолдаған сауалдары мен алынған жауаптары, т.б. тың ұсыныстары өзіне зор сенім артқан сайлаушылар алдындағы есебі ретінде жинақталды.*

*Рысқали Әбдікеровтың Сенат депутаты атанғанға дейінгі халқына жасаған қызметі жөніндегі тақырып келесі кітаптың еншісінде. Қарағанды және Жезқазған (қазіргі Ұлытау) облыстары тұрғындары сенатордың елге сіңірген еселі еңбегін ұмытпасына сенім мол.*

*Кітап көпшілік оқырманға арналған.*

**УДК 323/324 (574)**
**ББК 66.3 (5Қаз)**

ISBN 978-601-205-792-8
©Әбдікеров Р., 2024
©«Нұрлы Әлем», 2024



# АЛҒЫ СӨЗ

Рысқали Әбдікеров қашан да елдің жайын бірінші кезекке қояды. Мұны Сенат қабырғасында қатар жұмыс істеген жылдары анық аңғардым. Ең өзекті мәселелерді назардан тыс қалдырмайды. Біріне депутаттық сауал жолдайды. Тағы бір мәселені жұмыс тобында көтереді. Үкімет сағаты, Парламенттік тыңдаулар, дөңгелек үстелдер үстінде өз пікірін айтады. Ұсыныстар жасайды.

Мәселен, үлкен қаланың бәрінде лифт бар. Соның талайы тозған. Қызмет көрсету сапасы көңілден шыға бермейді. Рысқали Әбдікеров түрлі ғимараттардағы мыңдаған лифттің жағдайы нашар екені туралы айтты. Премьер-министрге сауал жолдап, лифттердің нашар жағдайы мен оларға техникалық қызмет көрсету деңгейіне қатысты мәселелерді көтерді. Әкімдіктерге нашар жұмыс жүргізген лифт компанияларына айыппұл салуға рұқсат беруді ұсынды.

Әр сөзі дәйекті. Нақты дәлелдерді алға тартады. 2012 жылы Қазақстанда лифт саласын лицензиялаудың күші жойылған. Соның салдарынан жауапкершілігі төмен компаниялар пайда болып, адамдардың жарақаты мен өліміне әкелетін төтенше жағдайлар туындай бастады. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі мен Қазақстанның ұлттық лифттер қауымдастығының мәліметі бойынша, 2018-2022 жылдар аралығында елімізде лифттердің ақауы салдарынан 13 төтенше жағдай тіркеліп, оның 8-і қайғылы жағдаймен аяқталды. Бүгінгі таңда көпқабатты тұрғын үйлерде 30 мыңнан астам лифт бар, оның 4 мыңнан астамына жөндеу немесе ауыстыру қажет. Мұндай жағдай Павлодар, Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Ақтөбе облыстарындағы тұрғын үйлердегі лифттердің тозығы жеткендігінен көрінеді.

Рысқали Әбдікеров отандық лифт өндірушілерді қолдауды

күшейтудің маңыздылығын атай келе Қазақстанға жыл сайын 5 мыңнан астам лифт жеткізілсе, отандық компаниялар бұл сұраныстың 21%-тен сәл астамын ғана қанағаттандыра алатынын айтты. «Жергілікті әкімдіктер бұл саланы дамытуға қажетті қолдауды көрсетпей отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «Кәсіпкерлікті қолдау барысында әсіресе орта бизнеске ерекше көңіл бөлу керек» екенін айтты. Сондықтан ең алдымен отандық өндірісті дамытуға, оның ішінде лифттерді монтаждау мен қызмет көрсету бойынша жұмыстардың тиімділігіне қол жеткізуге баса назар аудару қажет. Бүгінгі таңда қолға алынған шаралар лифтіні модернизациялау бойынша тиісті нәтиже бермей отыр», - деп мәселені төтесінен қойды.

Былай қарасаңыз, талай тұрғын елдегі лифт шаруашылығының жағдай мәз емес екенін біледі. Көбісі жүйкесін жұқартқысы келмейді. Әрі кетсе жерге бір түкіріп, қолын сілтейді де кете береді. Рысқали мәселені көтеріп қана қоймай, нақты шешім жолдарын да ұсынады. Осындай тыңғылықты әзірлігі мен тиянақты біліктілігі үшін де әріптестер арасында өте сыйлы болды.

« Адамның адамдығы істі бастағанынан білінеді, бітіргенінен емес» дейді Абай. Әбдікеров бастаған істер қатары аз емес. Соның ішінде, Қазақстан соңғы бес жылда суицид жасаудан, соның арасында 15-17 жастағы жасөспірімдер арасында өз-өзіне қол жұмсаудан әлем елдерінің алғашқы ондығына енгені белгілі. Рысқали Әбдікеров кезекті бір пленарлық отырыста үкімет назарын балалар мен жасөспірімдер арасындағы суицид проблемасына аударды.

«Бұл проблема бүкіл қоғамды толғандырып, дабыл қағуға мәжбүр етіп отыр. ДДСҰ мәліметінше, Қазақстан соңғы бес жылда суицид жасаудан, соның ішінде 15-17 жастағы жасөспірімдер арасында өз-өзіне қол жұмсаудан әлем елдерінің алғашқы ондығында жүр. Ішкі істер министрлігінің деректері





де бұл келеңсіз үрдістің өсуін көрсетіп отыр. Мысалы, 2020 жылы жасөспірімдер арасында 143 суицид оқиғасы, 306 суицид жасау әрекеті тіркелсе, 2021 жылы бұл көрсеткіш өсіп, 175 суицид оқиғасы, 375 суицид жасау әрекеті болды», - деді Әбдкеров премьер-министр орынбасарына жолдаған депутаттық сауалында.

Бұл фактілер қоғамдағы әлеуметтік-тұрмыстық мәселелер мен балаларды қорғаудың тиімді механизмдерінің жетіспеушілігінен орын алып отырғанын атап көрсетті. Интернетте тек қана өлімді жарнамалап, балаларға ауыр зардап тигізетін сайттар да жеткілікті. Осыған байланысты «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодекске буллинг, кибербуллинг немесе қудалауға ұшыраған балалар туралы уәкілетті органдарға дер кезінде хабарламаған білім беру ұйымының басшысы үшін жауапкершілік енгізуді ұсынды. Әлеуметтік-рухани күйзеліске ұшырап, мінез-құлқы өзгеріп, дағдарыста жүрген балалар мен жасөспірімдер үшін әлеуметтік-психологиялық бейімдеу орталықтарын құру қажет екенін айтты.

«Ғалымдар мен сарапшылардың соңғы зерттеулеріне қарағанда, жасөспірімдердің 17 пайызы мектепте айына бір немесе бірнеше рет қысымға ұшырайды екен. Үйден тыс жерде зәбір көріп, оны ата-анасынан, мұғалімінен жасырып, өз проблемасымен жеке қалған бала ауыр психологиялық дағдарысқа ұшырап, стрестік жағдайды бастан кешеді және мұның соңғы орны толмас жағдайға соқтырып жүр», - деді. Өзекті ме? Өзекті!

Рысқали Әбдікеровтің Сенат депутаты ретінде көтерген мәселелері білім, жұмыс, тұрғын үй, азық-түлік қауіпсіздігі тәрізді әлеуметтік саясаттың негізгі бағыттарына арналған. Жұмыс сапарымен Қарағанды облысында жиі болды. Өзі туып-өскен аймақтың проблемаларын жетік біледі. Әр сапарында аудандарды аралайды. Тұрғындармен кездеседі. Құрылыс

нысандарына, мектептер мен медициналық мекемелерге барады. Сот жүйесінің өкілдерімен де кездеседі. Егіс алқабында болып, осы саланы мемлекеттік қолдау шаралары туралы сөз қозғайды. Шаруа қожалықтарында, фермерлер шаңырағында болады. Егін егу аумағын, мал басын арттыру мақсатында қосымша субсидияға мұқтаж екенін жеткізеді. Еліміздің оңтүстігінде суармалы егіншілікпен айналысу үшін су жеткіліксіз болып жатса, «Орталық Қазақстанда су бар, бірақ толық пайдаланбай отырмыз» деп дабыл қағады. Сондықтан заң талаптарына сай жер пайдаланушыларға суармалы жердің құнарлылығы мен өнімділігін арттыруға қатаң талап қоюмен бірге, мемлекет тарапынан қолдауды да жан-жақты күшейту қажет», - дейді.

Істің жайын білген адам, қордаланған мәселелерді шешудің жүйелі жолын ұсынады.

Бірде Қаныш Сәтпаев атындағы арнаның қуатын толық пайдалануды, Қарағанды облысындағы суармалы жерлерді қалпына келтіруді, аграршыларға субсидия мен жеңілдетілген несие беруге мүмкіндік беретін шаралар қабылдауды күн тәртібіне шығарғаны бар. «Шағын фермерлерге су үнемдеу технологияларын сатып алуға және құрылысқа берілетін субсидия көлемін 50% орнына 80%-ға дейін ұлғайту керек. Суару жүйелерін күрделі жөндеу және реконструкциялауға, әсіресе, шаруашылықішілік каналдар және коллекторлық-дренаждық жүйелерді жыл сайын тазартуға қаражат қарастыру қажет. Жеміс-көкөніс өнімдерін сақтайтын арнайы қойма салуға кәсіпкерлерді ынталандыру үшін инвестициялық субсидия мен жеңілдетілген несие беру керек. Су мамандарына ерекше еңбек жағдайын жасап, ауылдық жерде жұмыс істегені үшін қосымша үстемеақылар қарастыруды, сондай-ақ олардың дайындығы мен тәжірибелерін арттыру қажет», - деп әр ұсынысын нақты деректермен тиянақтай түседі.

Парламент қабырғасында әр заң жобасы қызу талқыланады.





Жұрттың көбісі мұндағы жиындарда әр депутаттың асқан жауапкершілікпен қарайтынын біле бермейді. Соның салдарынан «босқа айлық алады, ұйықтап отырады, түк бітірмейді» деген айыптаулар әлеуметтік желілерде желдей еседі.

Заң жобаларын қарағанда халықаралық тәжірибе мен салалық заңдардың Ата заңға сәйкестігі терең зерделенеді. Мұндай жағдайда депутаттың ізденімпаздығы мен біліктілігіне көп нәрсе байланысты. Рысқали Қалиақбарұлы қашанда кәсіби даярлығының жоғары екенін көрсете білді. Мәселен, Еуроодақ елдерінде 2004 жылы «Қоршаған ортаға зиян келтірудің алдын алу және оны жоюға қатысты экологиялық жауапкершілік туралы» директива қабылданды. Соның 8-бабында «кәсіпорын басшылығы тек алдын алу және қалпына келтіру әрекеттеріне кеткен шығындарды ғана өтейді» деп ап-анық көрсетілген. Яғни кәсіпорын табиғатқа қауіп төндірген жағдайда алдын алу шараларын жасауға, ал залал келтірсе оның орнын толтыруға міндетті. «Бұл мәселе бізде мүлдем басқаша қарастырылған. Тіпті бюджетті қалыптастырудың өзі бизнеске салмақ салуға бағытталған. Мемлекеттік бюджетті толтыру мемлекеттік бақылау мен қадағалау органдарының тікелей міндеті деген ұғым әбден қалыптасып, үйреншікті дағдыға айналып кеткен. Осыған байланысты мемлекеттік органдар, әдетте, бақылау мен қадағалау арқылы қол жеткізген жетістіктерін баспасөз беттерінде үлкен жеңіс ретінде көрсетіп, жазып та жатады. Міне, осындай жайттарды сараптай, саралай келе Кодекске өзгерістер енгізуде мемлекеттік реттеудің сипатын өзгерту керектігіне көз жеткіздік. Яғни, азаматтық-құқықтық өзара қарым-қатынасты әкімшілік әдістердің алдына шығарудың, оған деген көзқарасты заман талабына сай түбегейлі түрде өзгертудің уақыты келді деген ойдамыз», - деп халықаралық нормалардың еліміздің заңнамасында үйлесім табуына баса назар аударады.

Қарағанды мемлекеттік университетін тарихшы, тарих және қоғамтану пәндерінің оқытушысы мамандығы бойынша; Алматы саясаттану және басқару институтын саясаттанушы мамандығы бойынша бітірген Рысқали Әбдікеровтің өмір жолы жұрттың көз алдында. Тәуелсіздіктің елең-алаң жылдарынан Жезқазған облысы Ақадыр аудандық әкімшілігі басшысының орынбасары, әкімнің орынбасары, Қарағанды облысы Шет ауданы әкімінің бірінші орынбасары, әкімнің орынбасары, Ақтоғай ауданының әкімі, Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары, Қарағанды облысы Ұлытау ауданы және Шет ауданының әкімі, Қарағанды облысы әкімінің орынбасары, Осакаров және Шет аудандарында әкім болып қызмет етті. 2016-2017 жылдары Қарағанды облыстық мәслихатының хатшысы болды. 2017 жылдан бастап Қарағанды облысынан сайланған Қазақстан Республикасы Парламент Сенатының депутаты. «Құрмет» және «Парасат» ордендерімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

Рысқали Әбдікеровті ерекше ізет пен мәдениеті үшін құрметтейтін жандар аз емес. Қашан көрсеңіз де сабырлы, биязы қалпынан жаңылмайды. Біреуге дауыс көтеру, өрекпіп, өршелену бұл кісіге жат. Сондықтан да қай жерде істесе де өзінің азаматтығы мен қарапайым қалпымен құрметке ие болып келеді.

***Нұрторе ЖҮСІП,***
*Қазақстан Республикасы Парламенті*
*Сенатының депутаты*



## Бірінші бөлім

# ХАЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕПУТАТ

*Рысқали ӘБДІКЕРОВ:*

## «АУЫЛҒА БАРАТЫН МАМАНҒА ҚОЛДАУДЫ КҮШЕЙТУ КЕРЕК»

*Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен жүзеге асырылып келе жатқан «Дипломмен - ауылға» мемлекеттік бағдарламасы 2009 жылдан бастап жұмыс істейді. Ол негізінен ауылдық елді мекендердегі кадр жетіспеушілігін жоюға бағытталған.*

«Орталық Қазақстан», 02.04.2018 жыл.

Республика тұрғындары, әсіресе жастар қауымы бұл бастаманы ерекше ықыласпен қабылдаған болатын. Аталған жоба аясында ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға 70 айлық есептік көрсеткішке тең көтерме жәрдемақы *(ол бүгінгі күні 168 мың теңгені құрайды)* және 1500 айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада *(ол 3,6 млн. теңгені құрайды)* тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік несие түрінде әлеуметтік қолдау шаралары көзделген. Жобаның іске асырылуы мамандардың ауылға көптеп баруын ұлғайтуға мүмкіндік беруде. Мысал үшін айтар болсақ, осы жоба қолға алына бастаған алғашқы кезеңде ауылдық елді мекендерге шамамен 3300 маман барса, қазір бұл көрсеткіш жылына 6000 маманға дейін өсіп отыр. Дегенмен ауылдық елді мекендердің тұрғындарымен кездесу барысында қабылданып жатқан қолдау шараларына қарамастан, ауылдық аймақтарда әлеуметтік сала мен агроөнеркәсіптік кешендерінің мамандарына тапшылық бар екенін байқадық. Бюджеттік несиелердің жыл сайын жеткіліксіз бөлінуі салдарынан ауылға келіп жатқан мамандар





уақтылы кезекте тұрып, әлеуметтік қолдау ала алмауда, бұл өз кезегінде контингенттің белгілі бір бөлігінде тіпті шиеленіс туғызуда. Біздің ойымызша бұл мәселе бюджеттік несиеге қажеттілікті барынша қамту арқылы ғана шешіледі. Өкінішке қарай, 2018-2020 жылдарға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру шеңберінде жергілікті атқарушы органдардың бюджеттік өтінімдеріне сәйкес 2018 жылға арналған бюджеттік несиелерге нақты қажеттілік 19 млрд теңге бола тұра, ол тек 13,7 млрд теңге көлемінде бекітілді. Осындай шалалық кімге керек? Бүгінгі күні ауылдық аймақтарда кадр жетіспеушілігі мәселесі бар екені баршамызға аян. Өйткені білікті жас мамандар тұрмыстық жағдайдың жоқтығынан ауылға барғысы келмейді, ал жасы жеткен кадрлар зейнеткерлікке шығуда. Жалпы, еліміздің аймақтары қазір 2006 маманға зәру, оның ішінде білім саласына - 860, денсаулық сақтауға - 768, мәдениетке - 101, спортқа - 67 және агроөнеркәсіп кешеніне 153 маман керек. Бір ғана Қарағанды облысы 98 маманға зәру. Жақында Елбасы «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» Үндеуінде ел игілігіне арналған ұтымды жобалар ұсынды. Соның ішінде басым бағыт - ел ертеңі саналатын жастарға бағытталған. Осыған орай, «Дипломмен - ауылға» жобасының аясында жас мамандарды ауылға тарту арқылы шалғай елді мекендердің тамырына қан жүгіртуге арналған осы бағдарламаны жетілдіру мақсатында:

1) тиісті сарапшылардың қатысуымен мониторинг жүргізіп, бүгінгі таңда ауыл мұқтаж болып отырған мамандықтардың тізімін жасау;

2) ауылдық жерлерге білікті кадрларды тарту мақсатында көтерме төлемақының 70 айлық есептік көрсеткішін 150 айлық есептік көрсеткішке дейін көтеру;

3) аталған жобаға республикалық бюджеттен бөлінетін қаржыны барынша арттыру қажет деп санаймыз. Осы мәселелер Үкімет басшысының атына депутаттық сауал ретінде жолданды.

*Рысқали ӘБДІКЕРОВ:*

# «КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОРҒАУ МЕН ҚОЛДАУ - ПАРЫЗЫМЫЗ»

*Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің барлық жолдауларында, сондай-ақ мемлекеттік бағдарламаларда жеке кәсіпкерлікке қолдау көрсетіп, оның дамуына даңғыл жол ашуды ұдайы айтып келеді. Бұл орайда тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдар ішінде Елбасының бастамасымен орасан іс тындырылғанын атап көрсеткеніміз жөн.*

«Егемен Қазақстан», 12.06.2018 жыл.

Алайда өзінің экономикалық даму жолында негізінен осы салаға табан тіреп, жеке кәсіпкерліктің алаңсыз дамуына барлық жағдай туғызып отырған әлемнің озық елдерінің қатарынан көріну үшін алда атқарылар жұмысымыз әлі де баршылық. Осы ретте өткен жылдың соңғы күндері Президент қол қойған «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңның алар орны ерекше екенін айта кеткеніміз орынды. Өткен жылдың басты жаңалығының бірі десе болатын бұл құжаттың Парламент қабырғасында қызу талқыланғандығы баршаға аян. Өйткені оның артында кәсіпкерлікті өмірлік жолына, негізгі күнкөріс көзіне айналдырған мыңдаған отандастарымыздың, тіпті еліміздің жаңа үрдіспен дамуының тағдыры болғанын уақыт көрсетіп тұрды. Ең алдымен, еліміз үшін маңызды бұл құжатқа енгізілген толықтырулар қазіргі уақыт талабынан, бүгінгі замана бағытынан, осы бағыттағы халықаралық тәжірибеден туындап отырғанына және оның келешекте халыққа тигізер пайдасы да, қайтарымы мол болатынына сенімдіміз.





Нарықтық экономикада сол нарықтың өзі және ондағы азаматтық-құқықтық өзара қарым-қатынастар негізгі реттеуіш ретінде танылады. Бұл орайда мемлекеттің реттеушілік рөлі тек көмекші фактор ретінде ғана көрінуге тиіс. Өйткені реттеудің әкімшілік әдістерінің әрекет ету аясы неғұрлым кеңейген сайын, нақты нарықтық қарым-қатынас соғұрлым тарыла беретінін әлемдік тәжірибе айқын көрсетіп отыр. Ал нарықтық қатынастарға түбегейлі бет бұрған біздің елімізде нарыққа әкімшілік ықпалдың жойылмауы азамат-тық-құқықтық және еңбек қарым-қатынастарының босаңсуына алып келетіні айқын. Өз кезегінде, бұдан нарықтық экономиканың дамуы тежеледі. Өкінішке қарай бұл үрдіс, яғни әкімшілік ықпалдың жойылмауы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс қабылданған алғашқы жылдардан бастап белең алып келеді. Мысалы, Қазақ КСР-нің 1984 жылы қабылданған Әкімшілік-құқық бұзушылық туралы кодексінде кәсіпкерлер мен лауазымды адамдарға қатысты әкімшілік жаза тағайындауды көздейтін баптардың саны ондағы барлық 324 баптың - 165-інде, 2001 жылғы Кодексте 733 баптың - 538-інде, ал қолданыстағы Кодексте *(2014 жылғы)* ол алғашқы нұсқадан 400 пайыз өсіп, ондағы 920 баптың 608-інде қарастырылды. Сөйтіп кәсіпкерлерді тексеретін мемлекеттік органдардың саны 64-ке жетіп, оларға барлығы 544 бақылаушы функция заң жүзінде бекітіліп берілді. Мемлекет тарапынан кәсіпкерлерге 30 мыңнан астам талап қойылатын болды. Оның үстіне осы Кодекстің негізгі бөлігіндегі 608 баптың 458-інен туындайтын мәселелерді қарау мемлекеттік органдардың құзырында болды. Бұдан әкімшілік шаралардың үнемі алдыңғы қатарда жүргенін байқау қиын емес. Осыған орай мемлекеттік органдардың кәсіпкерлерге қатысты әкімшілік шараларды неғұрлым қатаңдату жөніндегі шексіз бастамалары жұртшылықты құқықтық нигилизмге алып келуі мүмкін екендігін ескеруіміз

керек. Дүниежүзілік нарықтың даму қарқынын жіті қадағалап отырған Елбасымыздың бұл үрдіске көзқарасты түбегейлі өзгерту керектігін оқтын-оқтын ескертетіні сондықтан. Әңгіме ауанына қарай, мынандай бір мысал келтіре кетуді жөн көріп отырмын. Еуроодақ елдерінде 2004 жылы «Қоршаған ортаға зиян келтірудің алдын алу және оны жоюға қатысты экологиялық жауапкершілік туралы» директива қабылданды. Соның 8-бабында «кәсіпорын басшылығы тек алдын алу және қалпына келтіру әрекеттеріне кеткен шығындарды ғана өтейді» деп ап-анық көрсетілген. Яғни, кәсіпорын табиғатқа қауіп төндірген жағдайда алдын алу шараларын жасауға, ал залал келтірсе оның орнын толтыруға міндетті. Бұл мәселе бізде мүлдем басқаша қарастырылған. Тіпті бюджетті қалыптастырудың өзі бизнеске салмақ салуға бағытталған. Оны айтасыз, мемлекеттік бюджетті толтыру мемлекеттік бақылау мен қадағалау органдарының тікелей міндеті деген ұғым әбден қалыптасып, үйреншікті дағдыға айналып кеткен. Осыған байланысты мемлекеттік органдар, әдетте, бақылау мен қадағалау арқылы қол жеткізген жетістіктерін баспасөз беттерінде үлкен жеңіс ретінде көрсетіп, жазып та жатады. Демек, бұл мемлекеттік органдардың аталған кодексті қазынаға пайда түсіретін баптармен толықтыруға барынша мүдделі екендігін көрсетеді. Міне, осындай жайттарды сараптай, саралай келе Кодекске өзгерістер енгізуде мемлекеттік реттеудің сипатын өзгерту керектігіне көз жеткізгендей болдық. Яғни азаматтық-құқықтық өзара қарым-қатынасты әкімшілік әдістердің алдына шығарудың, оған деген көзқарасты заман талабына сай түбегейлі түрде өзгертудің уақыты келді деген ойдамыз. Осылай еткенде ғана кәсіпкерлікке тиісінше қоғамдық бақылау жасау қамтамасыз етіледі. Өз кезегінде ол кәсіпкерлердің өз жұмыстары мен көрсететін қызметтерін сапалы атқаруына үлкен жауапкершілікпен қарауына ықпал





етпек. Әрине «билік пен бағыныштылық» қағидатынан толық көлемде бірден бас тарту мүмкін емес. Алайда әріптестік, функционалдық-клиенттік қағидаттарды қолдану аясын кеңейту жолымен әкімшілік ықпал ету жүйесін белгілі бір дәрежеде тежеуге болады деген ойдамыз. Ол үшін заң жобасын талқылау барысында аталған Кодекстің ресми құрамы аясындағы санкцияларды қайта қарау, тәркілеуді қолдану негіздерін жетілдіру, лауазымды адамдардың әкімшілік ықпал ету шараларын қолдану кезіндегі жауапкершілігін арттыру сияқты қағидаттарды мейлінше тиімді пайдалану жағына баса назар аударылды. Кодексті зерделеу барысында елімізде кәсіпкерлерге уақтылы есеп бермеу немесе ақпарат яки статистикалық мәліметтерді аз-кем кешіктіру сияқты қоғамдық қауіп тудырмайтын болмашы нәрселер үшін әкімшілік айыппұл салу сияқты келеңсіз жүйе қалыптасып қалғаны да белгілі болды. Осыған орай кәсіпкерлерге айыппұл белгілегенде атқарылған істің қоғамға қаншалықты қауіптілігін, салынатын айыппұлдың орта және шағын бизнестің көлеміне қарай жүргізілуін ескеру ұсынылды. Сондай-ақ кәсіпкерлерге қатысты құқық бұзушылықтардың нақты тізімі де айқын болмай шықты. Ал бұл өз кезегінде оларға кез-келген ұсақ-түйек үшін айыппұл салуға мүмкіндік беріп келген. Кодексте тек қосымша ережелерді ғана басшылыққа алатын, құқық бұзушылықтың айқын тізімі жоқ 41 бап анықталды. Ал аталған ережелер адамдардың қалыпты жұмыс істеуіне, міндетті техникалық қауіпсіздікке, өндіріс процесі мен қоршаған ортаға, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жайттарға еш қатысы жоқ талаптарға тұнып тұр. Осыған байланысты, мұндай негізсіз баптарды қоғамға неғұрлым көбірек қауіп туғызатын әрекеттердің нақты тізімін жасау жағына қарай қайта қарау қажеттігі туындады. Ал белгіленген тәртіп бұзылған жағдайдың өзінде, қоғамдық қауіптілігі

айтарлықтай емес баптар бойынша айыппұл қолданбай ақ, тек ескерту жасаумен шектелу ұсынылды. Осылайша әкімшілік ықпал етудің профилактикалық рөлін арттыру сипатына басымдық беру ескерілді. Әкімшілік заңнама жүйесінде кәсіпкерлер үшін, әсіресе тәркілеу санкциясының орны бөлек. Кәсіпкерлерге ауыр тиетін жазаның бұл түрі бизнеске қатысты баптардың 73 бөлігінде қарастырылған екен. Бұл ретте әкімшілік ықпал етудің құқық қолдану тәжірибесінде тәркілеу көлемінің құқық бұзушылықтың салдарына көбіне сәйкес келе бермейтіні айқын аңғарылды. Мәселен, кәсіпкер декларациясын дұрыс толтырмаса болды, бар тауарынан айырылды дей беріңіз. Ал «дұрыс толтырмауға» техникалық сипаттағы кез келген ұсақ-түйек әрекеттер жатқызыла салуы әбден мүмкін. Тәркілеуді кеңінен қолдану, сайып келгенде, сараптамалық зерттеулерде еліміздің халықаралық рейтингідегі көрсеткіштерін төмендетуге алып келуі ғажап емес. Сондай-ақ ол кедендік органдардың қызметінде түйткілді мәселелердің аз еместігінен кәсіпкерлердің оларға деген сенімсіздігін тудыратыны да анық. Кәсіпкерлікті заңдылық тұрғыда шегендеу мәселесіне келгенде кәсіпкерлердің арыз-шағымдарын уақтылы қарау және ол бойынша кінәлі адамдарға лайықты жаза қолдану мәселесі ерекше назарда тұруы керек. Билік пен кәсіпкерлік арасындағы тепе-теңдіктің реттеуіші осы деген ойдамын. Кәсіпкерлердің ұлттық палатасы құрылған 4 жыл ішінде ғана осы құрылымға бизнесті қорғау бойынша 17 мыңнан астам шағым түссе, соның 90 пайызы лауазымды адамдардың әрекеті немесе әрекетсіздігі туралы екен. Әкімшілік-құқық бұзушылық туралы кодекске өзгертулер мен толықтырулар енгізген кезде біз негізінен осындай мәселелерді ескердік. Бұдан да таратыңқырап айтсақ, Кодекстің ерекше бөлімінің бизнеске қатысты 410 бабының 314 бабына өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. Бұл-олардың 78 пайызы заманның





даму үрдісіне сай елеулі өзгерістерге түсті деген сөз. Тұтастай алғанда, Әкімшілік-құқық бұзушылық туралы кодекске ұсынылған өзгерістер мен түзетулер 3 бағытты қамтыды.

Олар - әкімшілік-деликтілік заңнаманы ізгілендіру, әкімшілік-құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізудің жекелеген институттарын жетілдіру, Әкімшілік-құқық бұзушылық туралы кодекстің рәсімдік және процессуалдық нормаларын жүйелендіру. Ізгілендіру аясында әкімшілік құқық бұзушылықтардың құрамы бойынша қолданыстағы санкцияларды жеңілдету қарастырылған. Атап айтқанда, 157 құрам бойынша айыппұлды төмендету, 38 құрам бойынша «ескертуді» кеңейту және 30 құрам бойынша репрессивтілігі төмендеу жазаға ауыстыру, жеке тұлғаға салынатын айыппұлдың ең жоғары мөлшерін бес жүз айлық есептік көрсеткіштен екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейін төмендету көзделді. Бұған қоса, ауырлататын мән-жайлар болмаған кезде ескерту жасауға міндеттейтін ереже қарастырылды. Сонымен қатар кәсіпкерлікті тоқтата тұру үшін негіз болған бұзушылықтарды жойған кезде рұқсаттың *(немесе оған жеке қосымшаның)* қолданысын мерзімінен бұрын қайта бастауды, оларды жүзеге асыруға рұқсаттама құжаттары берілген қызметтің не әрекеттердің *(операциялардың)* жекелеген түрлерінің *(кіші түрлерінің)* қолданысын тоқтатуды, тоқтата тұруды көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Сондай-ақ құқық бұзушылықтың маңызы болмашы болған кезде әкімшілік жауапкершіліктен босататын, жасалған әкімшілік құқық бұзушылықтың маңызы болмашы болғанда судья, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайтын орган *(лауазымды адам)* әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамды ауызша ескертумен шектеле отырып, әкімшілік жауапкершіліктен босату мүмкіндігін көздейтін тетіктер енгізілді. Қорыта келе айтарымыз, бүгінгі бизнеске кең жол ашатын, кәсіпкерліктің

дамуына тірек те тіреу бола алатын бұл заң сайып келгенде ұжымдық еңбектің игі жемісі екендігі даусыз. Бұл іс қолға алынған 2016 жылдың басынан бері Заң институтының алаңында ғана мүдделі мемлекеттік органдардың, Ұлттық палатаның, бизнес субъектілерінің өздерінің және азаматтық жұртшылық өкілдерінің қатысуымен жүзден астам отырыс өткізіліп, онда Әкімшілік-құқық бұзушылық туралы кодекске ұсынылған бір мың екі жүзден астам түзету қаралып, олардың 40 пайызы қабылданған. Бұған қоса, Қазақстан Республикасы Парламент палаталарында аталған Кодексті қарау барысында депутаттар 400-ге жуық түзету мен ұсыныс енгізіп, олардың 200-ден астамы қабылданды. Түптеп келгенде, 2017 жылдың 28 желтоқсанында қол қойылған бұл заңның Елбасымыздың өзінің тікелей тапсырмасымен дүниеге келгенін тағы да атап айтсақ, артық болмас. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев алтыншы шақырылған Парламенттің үшінші сессиясын ашардағы сөзінде құқық қорғау органдарындағы реформаларды одан әрі жалғастыру, қылмыстық процестерді жаңа деңгейге көтеріп, құқық қорғау органдарының жұмысын халықаралық деңгейге жақындастыру қажеттігін айта келіп, азаматтар мен бизнеске әкімшілік қысым көрсету мәселесінің бұрынғысынша күн тәртібінде өткір тұрғанын атап көрсеткен еді. Сөзінің соңында бұл мәселенің түйінін жазуға тиіс толықтырулар мен түзетулерді жыл соңына дейін қабылдауды ұсынған болатын. Бүгінгі күні Елбасымыздың бұл тапсырмасы айтылған мерзімде ойдағыдай орындалды деуге толық негіз бар.





## АҚАДЫРДЫҢ АЙТУЛЫ ТОЙЫ

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасындағы «Туған жер» жобасы аясында Арқаның сауырында көсіліп жатқан темір жолмен тағдыры жұптасып, сонау 1937 жылы іргетасы қаланып, іргелі мекенге айналған Ақадыр кенті һәм теміржол торабының 80 жылдық мерейтойы кенттің басында өтті.

Салтанатты шарада ҚР Парламент Сенатының депутаты Рысқали Әбдікеров барша жиналған қауымды айтулы мерейтоймен құттықтады.

Мерекелік концертте, аудан орталығы мен жергілікті өнерпаздар, мұғалімдер мен оқушылар би билеп, күй шертіп, ән салды. Қарағандыдан келген «Арқа сазы» фольклорлық ансамблінің өнері таңдай қақтырғандай. Жергілікті ақындар мен сазгерлердің Ақадыр туралы туындылары шырқалумен қатар, республикаға белгілі әнші Досымжан Таңатаров жиналған жұртшылыққа әдемі әндерін арнады.

Мерейтойлық мерекеде «Дариға-дәурен» атшабар алаңында топ жарыс пен аламан жарыс ұйымдастырылған болатын.

***Ш. Мұқаев,***
*«Орталық Қазақстан» газеті*
*13.10.2017 жыл.*

## 80-ЛЕТИЕ ПОСЕЛКА АҚАДЫР

В честь 80-летнего юбилея поселка Ақадыр открыли новый сквер. Главной его достопримечательностью стал 6-метровый монумент памяти жертв политических репрессий. По обеим сторонам конструкции гранитные доски. На них выгравированы слова Елбасы. В новом сквере высадили 20 сосен. И установили осветительные приборы. Празднование юбилея состоялось на стадионе железнодорожнов. На него приехали гости со всего Казахстана. Не с пустыми руками. К примеру, карагандинские музыканты сочинили песню к 80-летию. Композиция так и называется - «Мой Ақадыр». Поздравил и депутат Сената Парламента Рыскали Абдикеров: «Поздравляю всех с праздником! Пусть процветает земля Шетского района, пусть процветает Казахстан. Желаю всем и дальше продолжать трудиться на благо страны».

В день празднования юбилея был организован республиканский турнир имени Серік Мамашұлы по «Қазақша күрес». В нем приняли участие 156 борцов. Состоялась и традиционная байга. Здесь соревнования прошли на дистанциях 16 и 24 километра. Все участники получили памятные подарки.





## АЮЛЫ БӨКТЕРІНЕН ӘУЕЛЕГЕН ӘН

Шет ауданының орталығы Ақсу-Аюлы ауылында «Мәдени-мұра» бағдарламасы аясында жергілікті ақын, сазгер, күйші Зәрубай Сүйіндікұлының 70 жылдығына арналған «Сарыадыр-дың самалы» атты шығармашылық кеші өтті.

Сахна төріне шыққан ақынды көпшілік орындарынан тұрып, қол соғып қарсы алды. Ақынды бірінші болып жерлесіміз, ҚР Парламенті Сенатының депутаты Р.Әбдікеров құттықтап, қазақы дәстүрмен иығына шапан жапты. «Зәкең жыр кітаптарын жиі шығармайды. Анда-санда жарқ етіп көрінетін санаулы жинақтарының қай-қайсынан да жүрегіңді дір еткізер сағыныш мұңы еседі. «Баспагер» баспасынан шыққан «Өмір толғауы» атты жинағында топтасқан жырлары өзіндік өрнек, толғаныс иірімдері - оның сұлулыққа құштар жүрек лүпілі тәрізді. Артық бояу, әсірелеусіз, қаз қалпында қағазға жыр болып төгілген өлең жолдары табиғи таза қалпымен өзіне баурап алады», - деді сенатор.

Аудан әкімінің қолдауымен Зәрубай ағамыздың жерге, елге деген ерекше махаббатынан туындаған «Сарыадырдың самалы» атты кітабы шыққан болатын. Атының өзі айтып тұрғандай Зәкеңнің туған елге жерге деген кіршіксіз өлеңдері мен әндері келтірілген. Аталған кітаптың тұсаукесерін аудан әкімі мен мәслихат хатшысы жасады. Ақ әжелер шашу шашты.

***М. Дәулетбекұлы,***
*Шет ауданы, Қарағанды облысы.*
*«Орталық Қазақстан» газеті*
*27.10.2017 жыл.*

# СЕНАТОР ЖҮРГЕН СОҚПАҚ

*«Пенде дегеннің тірлігі де қызық қой. Түсініксіздеу ме, қалай өзі? Күнделікті күйкі шаруамен асығып жүріп, жанындағы әжептеуір танитұғын адамыңның өзін кейде бағалай да білмейтін кездерің болады екен. Әлде, «Қолда бардың қадірі жоқ» дегеннің кері ме?*

*Сіздерге таныстырғалы отырған азаматымыз Қарағанды облысына кеңінен таныс. Әйтсе де осы уақытқа дейін мен осы досыма сын көзімен қарап келіппін. Бұл дұрыс па, әлде, бұрыс па? Оны өздеріңіз бағамдай жатарсыздар».*

***Автор.***

## Тазалық пен өнерді ту еткен

Рысқали Қалиақбарұлы Әбдікеровті сонау келмеске кеткен Компартияның «інісі», комсомолда қызмет етіп жүрген кезінен білем. Жезқазғанда, Жездіде жетекшілік қабілетімен көзге түсті. «Пысық. Еті тірі. Аман болса бір жерден шығады» дейтін білгіштер.

Айтқандай, әуелі Ақадыр ауаткомының, сонсоң аудан әкімінің орынбасары боп жарқ етіп шыға келді. Жалынды. Тым ақкөңіл.

Әлі есімде, Рысқали 1992 жылы Ақжолтай Ағыбай батырдың 190 жылдық тойын ұйымдастыруда ерекше еңбегімен танылды. Мереке кереметтігімен елдің мәңгілік есінде қалды. Тұңғыш ғарышкеріміз Тоқтар Әубәкіров, ұлтжанды азамат Иманғали Тасмағамбетов, сол кездегі Жезқазған облысының бетке тұтары Әлихан Бәйменов, Алматыдан Ермек Серкебаев, Әлібек Дінішевтер бастаған әншілер мен Оралхан Бөкей бастаған жазушылар, т.б. белгілі кісілер көп жиналды.

Бір ерекшелігі, Айыртау етегіндегі ақшаңқан үйлер мен





төскейдің, айналаның тазалығы еді. Мұның сырын арада он жылдай уақыт өткенде ұғындым. Ақадыр ауданында әкім орынбасары, Шет ауданында әкімнің бірінші орынбасары қызметтерін атқарып, тәжірибе жинақтап ысылған Әбдікеровті 2001 жылы Қарағанды облысының әкімі Ақтоғай ауданына әкім етіп тағайындады.

Ауданның ахуалы қиын еді. Шаруашылығы ақсап, ауылдар мен кенттер еңсесін көтере алмай, әлеуметтік тауқыметті басынан кешіріп жатқан-ды. Жасыратыны жоқ, күнкөріс қамымен шапқылап жүрген ағайындардың күл-қоқысты тазартуға да шамасы жоқ-ты.

Осы сәт жаңа әкім: «Ауылдарда санитарлық-тазалық айлығын өткіземіз. Үйлерді әктейміз, шарбақтарды сырлаймыз. Ауданды ажарлы өңірге айналдырамыз» деген нұсқау шығарды.

- Мынаның денсаулығы дұрыс па? Күнімізді көре алмай отырғанда тазалығы несі?

- Тонналап қордаланған боқтықтан қалай арылмақ? Үйлерді кім әктейді? Шарбақтарды кім сырлайды?

-Әй, мынаған біреуің қой десеңдерші?-деген наразылықтар естілмей қалған жоқ.

Алайда Рыскең ешкімді тыңдамады. Ақадыр ауданында әкім орынбасары болғанда аймақтағы ауылдарды айтпағанның өзінде, 15 мың тұрғыны бар орталық-кенттің тазалығымен алысқаны бар. Ал Ақтоғайдың халқының саны сол кентке тең.

Ол әр ауылға барып, жұртпен ақылдасты. Еңсені көтеруді тазалықтан бастау керектігін түсіндірді. Осы топырақта Алаштың үш алыбы Әлихан Бөкейханұлы, Жақып Ақбаев пен Әлімхан Ермековтер, қазақтың біртуар ақыны, сазгер-әншісі, сонау аласапыран заманда-домбырасымен қазақтың құдіретін Қытай Халық Республикасында танытып, әлемді дүр сілкінтіп қайтқан Әсет Найманбаев; күміс көмей, бұлбұл атанған,

КСРО халық әртісі Күләш Байсейтова; ақиық әнші Манарбек Ержанов; атақты сазгер-күйші Аққыз әже *(Ахметқызы);* Огинскийдің «Полонезін», Моцарттың «Рондосын» т.б. шетелдік атақты музыканттардың белгілі шығармаларын ұлттық аспап - домбыра арқылы шет мемлекеттерде орындаған күйші Мағауия Хамзин тәрізді өнер жұлдыздары туылған.

1965 жылы құрылған «Тоқырауын толқындары» ансамблі мен көптеген өнер ошақтарының жұмысын жандандырған да Рыскең. Сол тұста бұл ауданда «Балбырауын», «Сарыжайлау», «Шалқар», «Ақтоғай», «Халық театры» халықтық мәртебелісінен басқа 44 мәдени ошақ *(20 клуб)* қызмет көрсетті.

Рыскең досымның бір жаңалығы, ол ауданға инвесторлар тартуды қолға алды. Осы өңірден шыққан бизнесмен азаматтар қомақты көмек көрсете бастады. Халыққа жақын жан екендігін дәлелдеді жаңа әкім.

Нәтижесінде Әбдікеровтің тың ұсыныстарын халық құп көрді. Ақтоғай тазалығымен ғана емес, ұйымшылдығымен, бірлігімен, өнері мен мәдениетімен, экономикалық табыс-тарымен облыстық көштің алдынан көрінді.

## Тұтқиылдан сынға тап болуы

Әкімдік қызметінің алғашқы жылында Рыскеңнің жағдайын көзбен көру үшін іс-сапарға аттандық. Аудан орталығындағы танысудан соң әкім бізді шалғайдағы Сарышаған кентіне ертіп апарды. Үлкен стансада бес-алты мыңдай тұрғын бар екен. Аралап көрсетті. Кешкісін аудан басшысы Ақтоғайға қайтты да, біз пойызға отыратын болдық. Әкімнің көлігі көзден таса болысымен жергілікті әкімі, мектеп директоры, милициясы, т.б. жабыла кеп ортаға алсын.

- Бұрын жағдайымыз жақсы еді, - деді олар, - Қазақстан





теміржолының еншісінде едік. Ақтоғай ауданына қарағалы тауқыметтен арыла алмадық. Орталығы 400 шақырым. Көп қабатты үйлерде жылу мен су жоқ. Мектептің жылу қондырғылары қатып қалды. Неге? Себебі, жылу орталығы жұмыс істемейді. Өткенде бір үй өртеніп, өрт сөндіретін машина болмағандықтан ішіндегі кісі жанып кетті.

- Оны айтасыз, - деді екіншісі, - «Жедел жәрдем», аурухана деген атымен жоқ. 20 шақырым жердегі Приозерск әскери қаласының ауруханасына жетудің қиындығы өз алдына, қызметі ақылы.

- Бәрінен бұрын милицияда небәрі үш сарбаз бар. Көліксіз. Бұл түрімен олар қылмысты қалай тоқтатады? - деп үшінші кісі зар қаққанда сенерімізді, сенбесімізді білмедік.

Бір жағынан жаңадан келген әкімнің көңілін, екіншіден қиналып тұрған сарышағандық азаматтар ды ойладық.Дегенмен өзіміз қызмет ететін «Жас Алаш» газетіне проблемалық сыни көлемді мақала жарияладық.

- Ау, мұныңыз қалай? - деп телефон шалды Рыскең, - тасадан тас ату емес пе?

- Рыске, - деп жауап қаттық, - Біз сізді сынап, не жамандап отырған жоқпыз ғой. Проблема көтердік. Не ҚТЖ қайыра өзіне алсын, не облыс басшысы мәселені шешсін дедік. Халыққа обал ғой.

Содан не болды дейсіз бе? Облыс әкімі Камалтин Мұхамеджановқа еріп, Сарышағанға бардық. Әкім көзімен көрді. Қорытындысында жылу да, «Жедел жәрдем» де, өрт сөндіретін көлік те, милиция проблемасы да, мектеп те шешілді. Бәрінен бұрын өткір сыннан нәтиже шыққанына тәуба дестік.

## Екінші рет сынға ұшырауы

Ақтоғайдан кейін Рысқали досты ойламаған жерден Қарағанды қаласы әкімі өзіне орынбасар етіп тағайындатты. Алайда кімге ұнамай қалғанын қайдам, ол осы қызметімен тез қоштасты. Біршама уақыт жұмыссыз отырды. 2006 жылы облыс әкімі Нұрлан Нығматулин жігерлі жігітті Ұлытау ауданына әкім етіп жіберді. Жасыратыны жоқ, бұл ауданның жағдайы Ақтоғайға пара-пар болатын. Бір айырмашылығы, жер көлемі жөнінен Қазақстандағы аудандар ішінде бірінші орында. 12 млн. гектар. Оған Қызылорда облысына жалға берген 2 млн. 200 мың гектар жерін қосыңыз *(Қызылорда облысының қазіргі барлық жер көлемі 25 млн. гектар).* Ол аз десеңіз, Қызылорда облысы өндіретін мұнай мен газдың 80 проценті Ұлытау ауданы жалға берген жерден шығарылады.

Әйтсе де ауданның әлеуметтік-тұрмыстық ахуалы сын көтермейтін еді. Қоғамдық монша жоқ. Орталықтағы жалғыз орта мектептің өзі ескі. Халыққа қызмет көрсететін түрлі мекемелер мен кәсіпорындар ашылмаған, асхана, дәмхана, қонақүй деген аты ғана. Көшелері абаттандырылмаған. Проблема шаш етектен. Не істеу керек? Аралай келе Ұлытаудың халін өзекті мәселе етіп көтердік. Қазақстан Үкіметінің алдына қойдық. Қасиетті өлкені дамыту керек дедік *(Ақырында 2011 жылы Үкімет Ұлытау-Жезқазған аймағын дамыту туралы қаулы шығарды - ред.).*

«Ұлытау ауданы орталығы оңтүстік облыстардағы көптеген бұрынғы кеңшарлардың бөлімшелерімен салыстырғанда көріксіз» деген ащы сөзіміз кейбір ұлытаулықтарға садақтан атылған жебедей әсер етіпті. Аудандық әкімшіліктің бөлім меңгерушісі дереу үстімізден Алматыға арыз жөнелтті.

Рысқали Қалиақбарұлы киелі өлкеде де тазалық мәселесін алдыңғы орынға қойды. Халық оның ұсынысын қуана қарсы алды. «Енді болмаса азып-тозып кеткелі тұр екенбіз ғой, - деді





бізге таныстарымыз, - тазалық деген керемет екен-ау».

Бір жыл ішінде ол көп іс тындырды. Кабинетінде отырғанынан елді аралағаны, тұрғындармен кездескені, кезек күттірмес мәселелерді шешкені көп болды. Әсіресе, Ұлытау жерін жалға алған «Петро Қазақстан» мұнай компаниясы *(Қызылорда)* басшыларымен жолығысып, әлеуметтік проблемаларды шешуде зор көмек алуға *(қаржылай және техникалық)* қол жеткізді. Тағы бір ерекшелігі, көршілес Қостанай облысының Аманкелді *(аудан әкімі С.Ахметов),* Қызылорда облысының Арал *(аудан әкімі Н. Мұсабаев)* аудандарына мамандарын алып барып, тәжірибе алмасты.

## Жаңалыққа жаны құмар

«Көре-көре көсем боласың, сөйлей-сөйлей шешен боласың» дегендей Рысқали Әбдікеровтің қарт Ұлытаудан бата алғаннан кейінгі қызмет баспалдағы қолғапты ауыстырғанмен бірдей еді. Ысылды. Тәжірибе жинақтады.

Ол Ақтоғай, Ұлытау, Шет аудандарының әкімінен соң облыс әкімінің ауылшаруашылығы, идеология салалары бойынша орынбасары қызметін атқарды. Астықты Осакаров ауданын басқаруға жіберілді. Шет ауданына қайыра оралды. Міне, осы өзгерістер небәрі он жылдың жемісі.

Ең бастысы, Рыскең қай жерде жүрсе де өзінің басқарушылық, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары екендігін танытты. Елмен етене тіл табысты. Артық кетпеді. Өндіріске де, шаруашылыққа да, басқа салаларға да жаңалық атаулыны кеңінен енгізді. Қиындықтан қорықпады. Дөрекілік мінез көрсетпеді. Адалдықтан көз жазбады. Жанындағы нөкерлерін де халыққа қалтқысыз қызмет көрсетуге үйретті.

2011 жылы Шет ауданына әкім боп екінші рет тағайындалған Рысқали Қалиақбарұлы көптеген игілікті істің ұйытқысына

айналды. Бір сәт әкімнің осы еңбегі туралы ой қозғайық.

Бұрын негізінен ауылшаруашылығымен шұғылданатын бұл өңір өнеркәсіпті өркендетуді жедел қолға алыпты. «Жаңа мырыш», «МеталлТерминалСервис», «Қараоба» *(вольфрам)*, «Крамдс-Кварцит» *(кварцит)* тәрізді ЖШС-лар өндіріс жүгін өрге сүйреген.

Инвестиция тарту ісі ширай түскен. Тоғыз айдың қорытындысы бойынша 6 млрд 700 млн. теңгені құраған. Бұл өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 2,3 есеге артық. Инвестицияның 3,6 млрд теңгесі «Атасу-Алашанкөл» мұнай айдау стансасы мен құбыр бойындағы құрылыстарға тиесілі. Бұл жоба іске асқанда, Ақадыр кентінде 150 кісі жұмысқа тартылмақшы.

Индустриальды-инновациялық жобалар да көңіл сүйсінтеді. Бапы кен орны мен Ақой ірі қара малын бордақылау кешені игеріліп жатса, үшінші жоба Босаға *(валлостонит)* Үкіметтің тартпасында жатыр. «Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасы бойынша жалпы құны 609,4 млн. теңгелік үш жоба әзірленген. Ал шағын инвестициялық 60 жобаның жалпы құны 686 млн. теңге.

Қысқасы, Рысқали басқарған жылы Шет ауданы нақты сектор бойынша 20 млрд теңгенің өнімдерін өндірген. Бұл аудан тарихында болмаған рекордты көрсеткіш.

Ауылшаруашылығы да дами түсті. 2012 жылдың басындағы санақ бойынша 57,3 мың ірі қара, 141,9 мың қой, 37,9 ешкі, 28,1 мың жылқы, 1,2 мың шошқа және 250 түйе тіркелген. Фермерлер малды асылдандыру, жем-шөп пен майлы дақылдар өсіру үшін мемлекеттен 334 млн. теңге субсидия, 205 млн. теңге несие алған.

Атап айтарлығы, «Кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы жақсы жолға қойылған. Мысалы, «Ауылшаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ арқылы 42 үміткерге 95 млн. теңге берілсе, қатысушының 18-і жұмыссыз. Несие алған 34 кісі





қаржыны мал шаруашылығымен айналысуға жұмсайтындығын мәлімдеген.

- Шет ауданы, - деген еді бізге Қарағанды облысы әкімінің орынбасары

Қайрат Айтуғанов мырза, - Елбасымыз бен Үкіметтің тапсырмаларын орындау жолында, атап айтқанда мал басын көбейту мен асылдандыру, көпжылдық шөп, майлы дақылдар өсіру, сүт және ет өнімдерін өндіру жөнінен алдыңғы қатарда тұр. Бұл орайда аудан әкімі Рысқали Әбдікеров мырзаның іскерлігі мен біліктілігін, тәжірибесінің көптігін мақтаныш сезіммен айтқан жөн.

Санитарлық-тазалық ісі Әбдікеров мырзаның әкім болған күннен бергі қағидасына айналғанын жоғарыда тілге тиек еттік. Мына бір ақпаратқа назар аударыңызшы: «Аудан әкімінің «Елді мекендерді санитарлық тазалау, көркейту және көгалдандыру жөніндегі үш айлық» қаулысы жарияланған болатын. Үш айда ауданда тазалық жұмысына 720 ұжым, 11300 кісі қатысып, 57 техника тартылды. Барлығы 740 гектар жер аумағы тазартылып, 240 тұрмыстық қалдық орындарынан 4130 тонна күл-қоқыс сыртқа тасып шығарылды. Елді мекендердегі үйлердің және мекемелердің 3400 қума *(погон)* метр шарбақтары боялып, 2500 шаршы метр жол төсеніштері төселді. 1300 түп ағаш көшеттері санитарлық кесуден өткізілді. Санитарлық жағдайды өрескел бұзғандарға учаскелік инспекторлар тарапынан 49 ресми ескерту беріліп, 23 жеке тұлғаға 46737 теңге айыппұл салынды» - деп жазылған аудандық әкімшілік есебінде.

Не деген ыждаһаттылық?! Не деген тәртіп?!

«Мен Қазақстанның талай ауданын аралаған ем, - деп таңдана айтты белгілі әнші Бақтияр Тайлақбаев сол кезде «Гүлдер» ансамблімен келген сапарында, - бірақ мұндай тап-таза аудан орталығын көрмегендеймін».

Бұдан артық түсініктеменің керегі жоқ сияқты.

Рысқали Қалиақбарұлы ауданға басшы боп келгелі бері мәдениет пен өнерге де орасан зор көмек көрсетілуде. Аудандық бюджеттен 266 млн. теңге бөлінді. Жұмысы тоқтап қалған алты Мәдениет сарайы күрделі жөндеуден өткізіліп, қайта жанданды. Ақсу-Аюлы, Ақадыр мәдениет орталықтары өнерпаздары мен «Атамекен» ардагерлер хор ұжымының сахналық киімдері жаңадан тіктірілді. Әрбір ауыл, әр ұжым өзінің өнерін аудан жұртшылығы алдында көрсетіп отыратын болды.

Ең басты жаңалықты айталық. Рысқали Әбдікеровтің тікелей ұйымдастыруымен тұңғыш рет Ақадыр кентінде республикадағы өнер жұлдыздарының тартымды концерті болып өтті. Оған Мәдина Сәдуақасова, Меруерт Түсіпбекова, Марат Омаров сияқты танымал әншілер қатысты.

Оқырмандарды «Шет ауданынан қандай атақты адамдар шыққан?» - деген сауал қызықтырары сөзсіз. Шортанбай жырау, ақындар Қақпан, Жуасбай, Дия қажы, Бабас, Ақтентек, Оқа, Түсетай, Ғаббас, Күмісбектер; батырлар Ағыбай, Байқозы, Жарылғап; би-шешендер Бәйсейіт, Жанқұтты, Дүйсенбай, Қара би; күйшілер Қыздарбек, Әбди, Сембек, Әбікен; жазушы Софы Сматаев; қоғам қайраткерлері Яхия Әубәкіров *(Жәния Әубәкірованың әкесі - ред.),* Дәулет Сембаев, Шәрбан Батталова, Баян Рақышев, Жамбыл Ақылбаев, Қасымбек Медиев, т.б. осы топырақтың тумалары.

Бір қуанарлығы, ауданда жағымды іс-шаралар көбейді. Бұрын халық Қарағандыға қаласына барып, картоп, көкөніс өнімдерін сатып алған болса, енді өздері шахтерлер астанасында сататын дәрежеге жетті. Жылыжай салуды қолға алып жатқан кәсіпкерлер де баршылық. Облыс орталығындағы «Нәтиже» сүт зауыты күніне ауылдарды екі рет аралап, әр үйден сүт жинап жүр. Литрі 50 теңгеден. Базарға барудың қажеті жоқ. Шаруақожалықтардың бос жатқан жеріне арнайы қорлар өздері көпжылдық шөп егіп беруде. Қажетті техникалардың





бағасы да қолжетімді. Субсидия мен қолайлы несие мәселесі де шешілген.

## Қарағанды халқының қалаулысы

Төрт бірдей ауданның әкімі қызметін атқарып, ол өңірлердің көсегесін көгерткен іскер азамат Рысқали Қалиақбарұлы 2016 жылы сайлаушылардың көңілінен шығып, облыстық мәслихаттың депутаты атанды. Сессияда әріптестері оған кәміл сенім білдіріп, Қарағанды облыстық мәслихатының хатшысы етіп сайлады. Аудандарды айтпағанның өзінде, облыс әкімінің екі мәрте орынбасары боп қызмет атқарған Рысқалиға мәслихатты басқару еш қиындық туғызбады.

Нәтижесінде 2017 жылы облыс депутаттары оны Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты етіп бірауыздан сайлады.

Қай өлкеде қызмет етпесін, халқының мүддесіне бей-жай қарай алмайтын Р.Әбдікеров Сенат қабырғасында жүріп, бірнеше мәселені көтерді. Атап айтар болсақ, Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Б.Ә.Сағынтаевқа жолдаған: «Дипломмен - ауылға» бағдарламасы аясында мамандықтар тізімін кеңейту және республикалық бюджеттен бөлінетін қаржыны барынша арттыру қажеттілігі туралы», «Қаражал қаласы мен Жәйрем кентінің кәріз желілерін реконструкциялау 2-кезектегі жобаларын жүзеге асыру үшін қажетті қаржы бөлдіруге ықпал ету туралы», «Шахан кентіне салынатын орталық қазандық құрылысына қажетті қаржы бөлдіру туралы» депутаттық сауалдары; Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары Г.Н.Әбдіхалықова жолдаған «Жұмысшы мен жұмыс беруші арасындағы еңбек дауларын реттеу туралы»; Қазақстан Республикасы Премьер-министрі А.Ұ. Маминге жолдаған

«Азық-түлік қауіпсіздігі - кез келген мемлекет үшін ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесіндегі күрделі жаһандық мәселелердің бірі *(саяжайларға көмек беру)»* туралы, т.б. депутаттық сауалдары Рысқали Қалиақбарұлының азаматтық позициясын айқындайтын жарқын мысал.

## Өнегелі отбасы

Рыскеңнің өмірбаянында екі қызықты жәйт бар екен. Бірі - сүйікті жары, үш баланың анасы Әсетпен «Босаға» стансасында танысқандығы. Екіншісі - осы ауылда бес жыл бойы оқушыларға тарих пәнінен дәріс бергендігі.

Әкімдіктің қыр-сырын меңгерген, жүрген жерінде халықтың қамын ойлап, жағдайын жақсартуды мақсат еткен, еңбек жолын педагогтықтан бастаған Рысқали Қалиақбарұлының мәдениетті, өнегелі боп қалыптасуына анасы Нұрдың сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Қашан барсаңыз да балаларының асты-үстіне түсіп, «балапаным» деп өбектеп, айналып-толғанып жатушы еді Батыр Ана. Рысқалиы мемлекеттік шенеунік, екі ұлы сот төрағасы, қалғандары да абыройлы жандар. Немерелері де марқұм әженің үмітін ақтауда.

Әлі есімізде, Рыскең алғаш рет Ақтоғайға әкім боп барғанда жары Әсет: «Досыңа салмақ түсірмей, бір «Тико» сатып алсам, үш баламды баратын жеріне апарып тұрсам» - дейтін. Бертінде Шет ауданында Әсетке: «Бұрын солай армандаушы едіңіз, енді «Джип» мініп жүрген шығарсыз» - деп әзілдедік. «Жоға, - деді ол күліп, - Сенсеңіз де, сенбесеңіз де, Қарағандыға таксимен барып, қайтып жүрмін. Елден асып, ерсілік танытқанымыз қазаққа жат қылық емес пе?».

Әсеттің әкесі Сақтай Аманжолов Балхаш қаласындағы беделді адамдардың бірі. Ол Ақжолтай Ағыбай батырға ескерткіш орнату үшін қор ашып, сүбелі үлес қосты. Мемлекет





Басшысы Нұрсұлтан Назарбаев атақты батырдың ескерткішін салтанатты түрде ашып тұрып, Сақтай ағаға ырзашылығын білдіріп, қолын қысты.

Көп жылдан бері Балхаш қаласында Сақтай Аманжолов жүлдесі үшін еркін күрестен республикалық жарыс өткізіліп тұрады. Өйткені, Сақаң жас кезінде есімі Қазақстанға тараған талантты спортшы болған. Спорт шебері. Жарысқа әйгілі балуан Айхан Әбілсейітовтың өзі екі рет қатысып, жұртшылық алдында Сақаңнан кезінде жеңіліп қалғандығын әңгімелеп берген еді.

Көріп отырсыздар, Рысқали Әбдікеров елі құрметтейтін басшы ғана емес, ол үлгілі отбасының ұйытқысы. Ардақты әке. Ардақты ата. Әсет екеуінің арасында «Босаға» стансасында оянған аяулы сезімнің өткінші емес, мәңгілік екендігін олардың қол ұстасқан өмірі дәлелдеп тұрғандай.

***Айтбай СӘУЛЕБЕК,***
*Қазақстан Республикасы*
*Президенті сыйлығының лауреаты.*
*«Құрмет» ордені иегері,*
*Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.*
*«Айқын» газеті,*
*2019 жылдың 18 маусымы.*

# ХАЛЫҚТЫҢ ҚАДІРМЕНДІ ҰЛЫ

Біздер өзіміздің досымыз, қазақстандықтардың жаңа буынының өкілі, өзінің бүкіл саналы ғұмырын Қарағанды мен Жезқазған облыстарының дамуына арнап келе жатқан Қарағанды облысы, Шет ауданының тумасы Әбдікеров Рысқали Қалиақпарұлын мемлекет және қоғам қайраткері ретінде мақтаныш етеміз. Ерекше атап өтетін жайт, ол туған аймағына риясыз қызмет етуден екі-ақ рет, әрине белгілі бір себептермен - Кеңес Армиясындағы азаматтық борыш *(1983-1984)* пен Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатына депутат болған *(2017-2023)* жылдары ғана алыстауға мәжбүр болыпты.

Армия қатарында жүрген кезінде оның аса жоғары ұйымдастырушылық қабілеті байқалып, оны әскери бөлімнің Комсомол комитетінің босатылған хатшысы қылып сайлағанын да атап өткеніміз де дұрыс болар. Осы жерде ол КОКП мүшелігіне де өтті. Сол кезеңде мұндай шешім жас мамандардың кәсіби өсуі үшін аса қажетті мәселенің бірі болатын.

Сенатқа да ең лайықтылар ғана сайланатыны белгілі. Ол осындай құрметке 2017 жылы ие болды. Осы қызметте болған бес жарым жылы да бес ақ күндей өте шықты. Рысқали Қалиақпарұлы заң шығарушылық қайраткерліктен басқа ол өзіне ғана тән табандылықпен Жезқазған қаласын, Ұлытау мен Шет аудандарының аудан орталықтарын сумен қамтамасыз ету, Теміртау қаласының инфрақұрылымын дамыту, Шахан қаласының қазандық шаруашылығын қалпына келтіру үшін 2,0 млрд. тг көлемінде қаржы бөлу, Қаражал қаласының кәріз желілерін жөндеу, Шет ауданындағы Ақжал, Тасарал





ауылдарында және Жезқазған тас жолындағы №56 станцияда автомобиль жолдарын салу мен асфальттау, Ақадыр поселкесінде Сәкен Сейфуллин атындағы аллея тұрғызу сияқты өмірлік қажетті мәселелерді шеше білді. Осы бір тізімнің өзі ғана оның депутаттық қызметтегі ерен еңбегін дәлелдеп тұр емес пе?!

Біздің ойымызша, белгіленген азғана мерзім ішінде қоғам игілігі үшін нәтижелі жұмыс атқара білу кез-келген сенатордың қолынан келе бермейтін ауыр жүк.

Енді 2009 жылға қайта оралып көрейік. Осы кезде ол Қарағанды облысы әкімінің әлеуметтік мәселелер бойынша орынбасары болып тағайындалған еді. Бұл лауазымға оның, комсомолдың Жезқазған обкомындағы жұмысын қоса есептей отырып, Ақадыр ауданында 7 жыл бойы, 1,5 жыл Шет ауданының басшылығында, 5 жыл бойы Ұлытау ауданының әкімі болғанын ескерсек, өмірлік тәжірибесі аса байыған салиқалы басшы ретінде келгенін байқаймыз. Бір жарым жылдай Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары болып та істеді. Міне, осындай тәжірибенің, білімінің және іскерлігінің арқасында ғана ол облыстағы жоғары лауазымға ұсынылды.

Бұл кезеңде оның кемеңгерлігі жаңа қырынан жан-жақты ашылды. Р.Қ. Әбдікеровтың осы қызметтегі жұмысының нәтижесі тез арада өзінің жемісін де бере бастағанын атап өткеніміз дұрыс болар. Ол Қазақстандағы ең ірі Қарағанды облысының тұрғындарының әлеуметтік мәселелерін шешуге, тұрмыс жағдайларын жақсартуға біліктілігін жұмсап, күш-жігерін де аямады. Осының бәрі біздің көз алдымызда өтті. Оның беделі де аса жоғары болды. Қарағандылықтар оған сенді және оны іскер, абыройлы басшы деп санады.

Халқымыздың жақсы мәтелдерінің бірінде:

*«Болғың келсе халқыңның өзімен дос,*

*Құлағыңды күндегі сөзіне тос»*, - деген даналығы бар ғой. Рысқали Қалиақпарұлының халықпен тіл табыса білу қасиетінің түп сыры - оның адамдардың мұң-мұқтажын түсіне білуінде еді.

Біздің таныстығымыз да дәл осы кезеңнен басталды. Қарағанды облысы әкімдігі мен ҚарМТУ-дің бас ғимаратының көрші орналасуы да бізді жақындастырғандай. Ректорлық кабинеттен оның қабылдау бөлмесі мен кабинетінің терезелері көрініп тұратын. Рысқалимен жұмыс істеудің өзі де жанға ерекше жайлылық тудыратын. Бізге оның шыншылдығы, әділдігі, іскерлігі қатты ұнайтын. Бұл енді оған Бір Алланың өзі берген ерекшелігі. Онымен бірге көптеген қызықты жобалар ұйымдастырылды және жүзеге асырылды. Оған ұстаздар да студенттер де іш тартатын. Ол да осыған уақытын да жылы сөздерін де таба білетін, және олардың кезек күттірмес мәселелерін шын мәнінде шеше білді. Әкімнің одан басқа да орынбасарлары аз болған жоқ, бірақ, біз бүгін оның қызметтес болған осы бір жарым жылға ғана созылған өмірі мен кезеңін асқан тебіреніспен еске аламыз.

Кейінірек оны Осакаров ауданының әкімі қызметіне тағайындады. Бір күні ол хабарласып, ауданның 70-жылдық мерейтойына арналған ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырып және өткізіп беруді сұрады. ҚарМТУ ұжымы бұл өтінішке түсіністікпен қарап, қолдау көрсетті. Нәтижесінде бұл іс-шара жоғары ұйымдастырушылықпен әсерлі өтті. Мазмұнды баяндамалар жасалынды. Форум еңбектері баспада басылды, өнерпаз студенттер тартымды концерт көрсетті. Аудан тұрғындары үшін бұл есте қаларлықтай ерекше оқиға болды. Әсіресе, «Қарағандыкөмір» көп жыл комбинатының бас директоры қызметін атқарған, екі мәрте Қазақстан





мемлекеттік сыйлығының лауреаты, техника ғылымдарының докторы, профессор Н.А.Дрижд жасаған баяндаманы жұрт ден қойып тыңдады. Белгілі басшы қазіргі Осакаров ауданында *(бұрынғы Молодежный)* орналасқан «Молодежный» көмір кенішінің ашылуына дәнекер болған еді.

Кейінірек Рысқали Қалиақпарұлының бастамасымен осы мақала авторларының бірі «Осакаров ауданының құрметті азаматы» деген жоғары атаққа да ие болды. Бұл өте жоғары баға. Осыдан-ақ оның жақындары мен достарын шынайы бағалай білу қасиетін бәрімізге үлгі тұтуға болады деп айта алар едік.

Енді өзімізге, «Рысқали Қалиақпарұлының осындай таза ішкі рухани күшінің сарқылмас көзі қайдан шықты?» - деп сұрақ қойып көрейікші. Біздің ойымызша, осының бәрі оның тектілігі мен терең тәрбие алғандығының арқасы. Ол Ұлы Даланың аңызға айналған тұлғасы - Көк бөрі Керней батырдың тікелей ұрпағы. Міне, сұрақ жауабы осы - телегей тектілік. Ал отбасылық тәрбие ғасырлар қойнауынан үзілмей келе жатқан әдет-ғұрып пен салт-санаға негізделген. Осындай ұлы құндылықтар ұрпақтан ұрпаққа беріліп келеді. Осындай ұлттық руханият Қалиақпар мен Нұра отбасында да сақталған еді. 1959 жылдың 9 маусымы күні олардың ұлы дүниеге келді. Нәрестеге есім беру мәселесі келелі кеңеске түсті. Ел ақсақалдары кеңесе келе оған екі адамның - Ырысты мен пайғамбарымыздың жақын туысы әрі күйеу баласы Хазрет Әли есімдерінен құралған ныспы беруге шешім қабылдады. Нәтижесінде ертеңінде жаңа туған «ат ұстарға» азан шақырылып, Рысқали деген ырымды есім берілді. Осы қасиетті есім, оның кейін бүкіл ғұмырының мәнін айқындаған жарқын бағдары сияқты болды. Бүгіндері біздер де, сол кездегі «Айғыржал» ауылының ақсақалдарының қателеспегеніне куәгерміз деп айқын сеніммен айта аламыз.

Жеткіншектің отбасылық тәрбиесі басталған кезде, ұлы Абайды тәрбиелеген Зере әжесі секілді, оның да тәрбиесін Рақыш әжесі өз қолына алды. Әрине, өз ата-анасы да осы бір аса маңызды үрдіске өздерінің үлестерін үйлестіре қоса білді. Нәтижесінде не болды дейсіздер ғой, онда Шабанбай бидің Жанқұтты шешенге берген батасын сөйлетіп көрейікші:

*«Аллаға жағам десең -*
*азанды бол,*
*Ағайынға жағам десең -*
*Қазанды бол.*
*Халқыңа жағам десең - әділ бол,*
*Судан таза бол,*
*Жердей берік бол,*
*Өмірің ұзақ болсын,*
*Аймағың суат болсын,*
*Сөзің халыққа қуат болсын»,* - демеп пе еді?!

Керемет сөздер емес пе?! Ұлағатты тәрбие - жақын туыс, ағайынның барлық арман-үмітін ақтаған, халқына да адал қызмет етуге жараған, нағыз азамат болып өсуіне ықпалын тигізді.

Осы жерде, Рысқалидың азамат ретінде қалыптасуына, оның болашақта ірі мемлекеттік тұлға болатынын бала кезінен-ақ байқап қалып, осыған жүйелі түрде үлесін қосқан нағашысы Қасымбек Медиұлы Медиев ағамызға да ризашылығымызды білдіргіміз келеді.

Қасиетті Құран-Кәрімнің «Рахман» сүресінің 60-шы аятында:

*«Сендерге жасалған жақсылыққа жақсылықпен жауап қайтарыңдар»* - делінген.

Жақсы Ағаның жақсылығын көп көрген Рысқали жақсы іні бола білді.





*«Жеңім жаман болса да,*
*жағам жақсы,*
*Өзім жаман болсам да,*
*Ағам жақсы»* -

деп есептеген Рысқалидың Қасекең бақилық болған кезде, ағасы туралы шығарған «Еске алу туралы» кітабын - азаматтықтың, адамдықтың және адалдықтың нағыз белгісі түрінде қабылдадық. Осындай аса жоғары рухани адамгершілік жауапты кітап түрінде ол - Қазыбек би бабамыздың ұрпағы, өкінішке орай арамыздан ерте кеткен ардақты да абзал азамат Тілеубек Зейнешов сияқты ағасына да арнап шығарған еді.

Рысқали Қалиақпарұлының табиғи ақыл-ойы мен ары, көрегендігі ордалы отбасын құруға да себебін тигізді, оның Әсет сияқты асыл жары - нағыз қазақ әйеліне тән шыдамдылық және тұрақтылықпен оның отбасылық ошағының қорғаушысы мен тірегі болып отыр. Рысқалидың ел азаматы екенін түсіне де бағалай білген ол үй тұрмысының барлық ауыртпалығын өзі көтеріп, осы бір ардақты міндетті абыройлы атқарып отырғанын да атап өтуге тиіспіз. Жұбайымен бірге бүгіндері Шу өңірінің транспорт прокуроры болып отырған Жантастың, Шет ауданының әкімінің орынбасары Рүстемнің және №63 орта мектептің ағылшын тілінен мұғалімі Гүлденнің де балаларын тәрбиелеп өсіруде. Арман, Дияр, Жания, Нұрай, Нұраби, Айсана мен Сауат сияқты немерелері де ата-әжесі мен ата-анасының көзайымы болып отыр.

Міне, біздің жерлесіміз Рысқали Қалиақпарұлы осындай адам. Пайғамбар жасына жетіп, лайықты зейнетке де шықты. Өмірінің жаңа кезеңін де бастады. Оған оның күш-қайраты мен жігерінің толық жететініне де сеніміміз кәміл. Оның тәуелсіз Қазақстан игілігі үшін болашақта әлі де талай өрістері кең және мағынасы мәнді істер атқаратынына сенімдіміз.

Оған тағы да толыққанды ғұмыр мен толағай табыстар тілейміз!

***А. Ғазалиев,***
*ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты,*
*ҚР ҰҒА академигі, «Қарағанды қаласының,*
*Бұқар жырау, Осакаров және Баянауыл*
*(Павлодар облысы) аудандарының Құрметті азаматы».*

***Б. Төлеуов,***
*Қ.И. Сәтбаев атындағы сыйлықтың лауреаты,*
*ҚР ҰҒА академигі, «Бұқар жырау ауданының*
*Құрметті азаматы».*



## Екінші бөлім

# САУАЛДАР МЕН ЖАУАПТАР

**Қазақстан Республикасының**
**Премьер-Министрі**
**Б.Ә. САҒЫНТАЕВҚА**

**Құрметті Бақытжан Әбдірұлы!**

Қойнауы кенге толы, әкімшілік-аумақтық иелігінде Жәйрем кенті бар, 18 358 адамды құрайтын Қаражал қаласы Қарағанды қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 370 шақырым жерде орналасқан.

Бұл өңірдің экономикалық мүмкіндіктері және болашағы өте зор. Тек соңғы 2 жылда ғана қалаға 42 млрд. теңге инвестиция тартылған.

Алайда, Қаражал қаласы мен Жәйрем кентінде 70-ші жылдары шойыннан жасалған кәріз желілері бүгінгі таңда коррозияға ұшырап, істен шығуда. Өз кезегінде, бұл жағдай су тарту желілерінде аса апатты жағдайлар тудыруда.

Қазіргі таңда осы аймақтарда халықтың орталықтандырылған кәріз су тарту жүйесіне қолжетімділік көрсеткіші 28 процентті ғана құрап отыр.

Аталған мәселені шешу мақсатында 2016 жылы кәріз желілерін реконструкциялаудың 2-кезектегі жобалары әзірленіп, мемлекеттік сараптамадан өткізілген.

Жәйрем кентінің кәріз су жүйелерін реконструкциялау жобасын іске асыру үшін қажетті қаржыландыру 888 млн. теңгені құраса, ал Қаражал қаласы кәріз су жүйелері құрылысының сметалық құны 618 млн. теңгені құрайды.

Бұл жобаларды іске асыру кәріз су тарту желілеріндегі апаттарды толық жоюға, 80 процентке дейін орталық-





тандырылған кәріз су тарту желілеріне қол жеткізуге, сондай-ақ үздіксіз әрі сапалы кәріз су тарту жүйесімен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

**Құрметті Бақытжан Әбдірұлы!**

Осы айтылған мәселенің ерекше маңыздылығын ескере отырып, Қаражал қаласы мен Жәйрем кентінің кәріз желілерін қайта құру 2-кезектегі жобаларын жүзеге асыру үшін қажетті қаржы бөлдіруге ықпал етуіңізді сұраймыз.

**Құрметпен,**
**Р. ӘБДІКЕРОВ**
**С. ЕРШОВ**
*№15-13-289дс шығыс 28.09.2018 ж.*

**Қазақстан Республикасы**
**Парламенті Сенатының**
**депутаттары**
**Р.Қ. Әбдікеровке**
**С. Ершовқа**

## Құрметті депутаттар!

Сіздердің Қаражал қаласында және Жәйрем кентінде кәріз жүйелері бойынша жобаларды іске асыруға қаражат бөлуге қатысты сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Бүгінгі күні қалалық сумен жабдықтау және су бұру жобаларын қаржыландыру Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде іске асырылады.

Басым бюджеттік инвестициялық жобаларды іріктеу мынадай өлшемшарттар бойынша жүзеге асырылады: алдыңғы жылдан өтпелі жобалар, Мемлекет басшысының және Үкіметтің тапсырмалары бар қалаларды және елді мекендерді дамытудың кешенді жоспарларына енгізілген жобалар, сумен жабдықтаудың жаңа жүйелерін салуға бағытталған жобалар, сондай-ақ қалалық сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің барынша авариялық учаскелерін реконструкциялау және жаңғырту жөніндегі жобалар.

2018 жылы Қарағанды облысының қалалық сумен жабдықтау және су бұру жүйелері бойынша 7 жобаны іске асыру үшін 2,9 млрд. теңге бөлінді.

Қарағанды облысының 2019-2021 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасында қалалық сумен жабдықтау және су бұру бойынша 7 жобаны іске асыру үшін 11,7 млрд.





теңгені бағыттау көзделген, оның ішінде Жезқазған қаласына әлеуметтік-экономикалық даму кешенді жоспарына енгізілген сумен жабдықтау бойынша 4 жобаны іске асыруға - 7,9 млрд. теңге *(2019 жылға - 1 млрд. теңге, 2020 жылға - 3,1 млрд. теңге, 2021 жылға - 3,8 млрд, теңге),* Абай қаласына су бұру бойынша өтпелі 1 жобаны іске асыру үшін - 2,4 млрд, теңге *(2019 жылға - 1 млрд, теңге, 2020 жылға 1,4 млрд, теңге),* Саран қаласына сумен жабдықтау бойынша 1 жаңа жобаны іске асыру үшін - 0,8 млрд, теңге *(2019 жылға -0,3 млрд, теңге, 2020 жылға -0,5 млрд, теңге),* Теміртау қаласына сумен жабдықтау бойынша 1 жаңа жобаны іске асыру үшін 2021 жылға - 0,6 млрд, теңге.

Сумен жабдықтау және су бұру жүйелері бойынша жаңа бюджеттік инвестициялық жобаларды іріктеу кезінде сумен жабдықтау жобаларының басым болуына байланысты, Қаражал қаласы мен Жәйрем кентінің кәріз желілерін реконструкциялау бойынша жобаларды лимит шегінде 2019-2021 жылдарға қолдау тапқан жобалардың тізбесіне қосу мүмкін болмай отыр.

Бұл ретте, аталған жобаларды қаржыландыру мәселесін бюджет мүмкіндіктеріне сүйене отырып, жоспарлы тәртіппен қарауды мүмкін деп пайымдаймыз.

**Б. Сағынтаев**
*2018 жылғы 28 қыркүйектегі №15-13-289 дс*
*№11-9/2323 дс шығыс 25.10.2018 ж.*
*№3018//11-9/2323дс кіріс 25.10.2018 ж.*

**Депутатам Сената Парламента**
**Республики Казахстан**
**Р.К. Абдикерову**
**С.М. Ершову**

## Уважаемые депутаты!

Рассмотрев Ваш запрос, касательно выделения средств на реализацию проектов по канализационным сетям в городе Каражал и поселке Жайрем, сообщаю следующее.

На сегодняшний день финансирование проектов городского водоснабжения и водоотведения осуществляется в рамках Программы развития регионов до 2020 года.

Отбор приоритетных бюджетных инвестиционных проектов осуществляется по следующим критериям: проекты переходящие с предыдущего года, проекты включенные в комплексные планы развития городов и населенных пунктов, по которым имеются поручения Главы государства и Правительства, проекты направленные на строительство новых систем водоснабжения, а также проекты по реконструкции и модернизации наиболее аварийных участков городских систем водоснабжения и водоотведения.

В 2018 году на реализацию 7 проектов по системам городского водоснабжения и водоотведения Карагандинской области выделено 2,9 млрд, тенге.

В проекте республиканского бюджета на 2019-2021 годы Карагандинской области на реализацию 7 проектов по водоснабжению и водоотведению предполагается направить 11,7 млрд, тенге, в том числе городу Жезказган - 7,9 млрд, тенге *(на 2019 г. - 1 млрд, тенге, на 2020 г. -3,1 млрд, тенге*





*и на 2021 г. - 3,8 млрд, тенге)* на реализацию 4 проектов по водоснабжению, включенных в комплексный план социально - экономического развития города, городу Абай - 2,4 млрд, тенге *(на 2019 г. - 1 млрд, тенге и на 2020 г. -1,4 млрд, тенге)* на реализацию 1 переходящего проекта по водоотведению, городу Сарань - 0,8 млрд, тенге *(на 2019 г. - 0,3 млрд, тенге и на 2020 г. -0,5 млрд, тенге)* на реализацию 1 нового проекта по водоснабжению, городу Темиртау на 2021 год - 0,6 млрд, тенге на реализацию 1 проекта по водоснабжению.

В связи с тем, что при отборе новых бюджетных инвестиционных проектов систем водоснабжения и водоотведения, приоритетнее считаются проекты водоснабжения, включение проектов по реконструкции канализационных сетей города Каражал и поселка Жайрем в перечень поддержаных проектов на 2019-2021 годы в пределах лимита не представляется возможным.

При этом, вопрос финансирования данных проектов полагаем возможным рассмотреть в плановом порядке исходя из возможности бюджета.

**Б. Сагинтаев**
*№11-9/2323 дз исх 25.10.2018.*
*№3018//11-9/2323дз вых 25.10.2018.*
*На №15-13-289 д/с*
*от 28 сентября 2018 года*

**Қазақстан Республикасының**
**Премьер-Министрі**
**Б.Ә. САҒЫНТАЕВҚА**

## Құрметті Бақытжан Әбдірұлы!

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамашылығымен жүзеге асырылып келе жатқан «Дипломмен - ауылға» мемлекеттік бағдарламасы 2009 жылдан бастап жұмыс істейді. Ол негізінен ауылдық елді мекендердегі кадр жетіспеушілігін жоюға бағытталған. Республика тұрғындары, әсіресе жастар қауымы, бұл бастаманы ерекше ықыласпен қабылдаған болатын.

Аталған жоба аясында ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға 70 айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы *(ол бүгінгі күні 168, 35 мың теңгені құрайды)* және 1500 айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада *(ол 3,6 млн. теңгені құрайды)* тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік несие түрінде әлеуметтік қолдау шаралары көзделген *(1 АЕК = 2 405 теңге).*

Жобаның іске асырылуы мамандардың ауылдық елді мекендерге көптеп баруын ұлғайтуға мүмкіндік беруде. Мысал үшін айтар болсақ, осы жоба қолға алына бастаған алғашқы кезеңде ауылдық елді мекендерге шамамен 3300 маман келетін болса, қазіргі кезде бұл көрсеткіш жыл сайын 6000 маманға дейін өсіп отыр.

Дегенмен, ауылдық елді мекендердің тұрғындарымен кездесу барысында Үкімет тарапынан қабылданып жатқан





қолдау шараларына қарамастан, ауылдық аймақтарда әлеуметтік сала мен агроөнеркәсіптік кешендерінің мамандарына тапшылық бар екенін байқадық.

Бюджеттік несиелерге қажеттіліктің жыл сайын жеткіліксіз қаржыландырылуы салдарынан ауылға келіп жатқан мамандар уақытылы кезекте тұрып, әлеуметтік қолдау ала алмауда, бұл өз кезегінде контингенттің белгілі бір бөлігінде шиеленіс туғызуда. Біздің ойымызша бұл мәселе бюджеттік несиеге қажеттілікті барынша қамту арқылы ғана шешіледі.

Өкінішке орай 2018-2020 жылдарға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру шеңберінде жергілікті атқарушы органдардың бюджеттік өтінімдеріне сәйкес 2018 жылға арналған бюджеттік несиелерге нақты қажеттілік 19 млрд. теңгеден астам бола тұра, ол 13,7 млрд. теңге көлемінде бекітілген болатын.

Бүгінгі күні ауылдық аймақтарда кадр жетіспеушілігі мәселесі бар екені баршамызға мәлім. Өйткені, білікті жас мамандар тұрмыстық жағдай мен жайлылықтың жоқтығынан ауылға барғысы келмейді, ал жасы жеткен кадрлар зейнеткерлікке шығуда.

Жалпы, еліміздің аймақтарында қазіргі кезде 2006 маманға, оның ішінде білім саласында - 860, денсаулық сақтауда - 768, мәдениетте -101, спортта - 67 және агроөнеркәсіп кешенінде - 153 маманға, ал бір Қарағанды облысы бойынша ғана 98 маманға *(оның ішінде білім саласында - 60, денсаулық сақтауда - 18, мәдениетте - 8, спортта - 4 және агроөнеркәсіп кешенінде - 8 маманға)* қосымша қажеттілік туындап отыр.

Айта кету керек, жақында Елбасы Парламент палаталарының бірлескен отырысында жариялаған «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» Үндеуінде ел игілігіне арналған ұтымды жобаларын ұсынды. Соның ішінде басым бағыт, негізгі қолдау - ел ертеңі саналатын жастарға бағытталған.

Осыған орай, «Дипломмен - ауылға» жобасының аясында

жас мамандарды ауылға тарту арқылы шалғай елді мекендердің тамырына қан жүгіртуге арналған бұл бағдарламаны жетілдіру мақсатында:

- тиісті сарапшылардың қатысуымен мониторинг жүргізіп, бүгінгі таңда ауыл мұқтаж болып отырған мамандықтар тізімін кеңейту, оның ішінде мемлекеттік қызметкерлер, экономист-бухгалтер, агроном және технолог мамандықтарын қарастыру;
- ауылдық жерлерге білікті кадрларды тарту мақсатында көтерме төлемақының 70 айлық есептік көрсеткішін 150 айлық есептік көрсеткішке дейін көтеру *(ол бүгінгі күні 360,75 мың теңгені құрайды);*
- аталған жобаға республикалық бюджеттен бөлінетін қаржыны барынша арттыру қажет деп санаймыз.

Құрметті Бақытжан Әбдірұлы! Көтеріліп отырған мәселенің ауыл тұрғындары, әсіресе жастар үшін әлеуметтік маңыздылығын ескере отырып, оның оң шешімін табатынына сенім білдіреміз, сауалға жауапты белгіленген тәртіппен және жазбаша түрде беруіңізді сұраймыз.

**Құрметпен,**
**Р.ӘБДІКЕРОВ**
**Г. КИМ**
**Д. ҚҰСДӘУЛЕТОВ**
**С. АЙТПАЕВА**
**В. ВОЛКОВ**
**М. ТАҒЫМОВ**
**Р. ТҮСІПБЕКОВ**
*29.03.2018 жыл. №15-13-78дс*





**Қазақстан Республикасының**
**Парламенті Сенатының**
**депутаттарына**
*(тізім бойынша)*

## Құрметті депутаттар!

Сіздердің «Дипломмен ауылға» жобасын *(бұдан әрі - Жоба)* іске асыруға қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймыз.

Жобаның негізгі мақсаты тұрғындарға сапалы және уақтылы білім беру, медициналық, әлеуметтік және өзге де көрсетілетін қызметтер ұсыну үшін ауылдық елді мекендерге мамандарды тарту және бекіту болып табылады.

Жобаны іске асыру кезеңінде 54 мыңнан астам маман 12,5 млрд. теңге сомасына көтерме жәрдемақы және 23,5 мыңға жуық маман 57,0 млрд. теңге сомасына тұрғын үй алуға бюджеттік кредит алды.

**Мамандықтар тізбесін кеңейтуге қатысты**

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы №8-2/230 бұйрығына сәйкес ауылдық елді мекендерге тартылатын агроөнеркәсіптік кешен мамандары лауазымдарының тізбесіне агроном және технолог кіреді.

Жобаны мемлекеттік қызметшілерге, оның ішінде экономист-бухгалтерлерге қолдану мәселесі бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі *(бұдан әрі - Агенттік)* Мемлекет басшысының 2017 жылғы 12 шілдедегі №17-1611-13 мақұлдаған Мемлекеттік қызметті жетілдіру жөніндегі тәсілдерді іске асыру бойынша іс-шаралар

жоспарын бекіткендігін хабарлаймыз. Аталған Жоспардың шеңберінде әкімшілік мемлекеттік қызметшілерді Жобаға қосу үшін санаттарды анықтау бойынша және заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерге тиісті өзгерістер енгізу шаралары көзделген.

Бүгінгі күні Агенттік Жоба шеңберінде әлеуметтік қолдауға неғұрлым мұқтаж әкімшілік лауазымдардың санаттары бойынша талдау жүргізді. Талдауға сәйкес ауылдық деңгейдегі бос орынның 90% *(922 бірлік)* Жобаны қолдану болжанып отырған E-G-3 және E-G-4 санатындағы бас және жетекші мамандар лауазымына қатысты.

**Көтерме жәрдемақы мөлшерін арттыруға қатысты**

Көтерме жәрдемақының мөлшерін анықтау кезінде бірінші кезектегі тауарларды сатып алу, жеке қосалқы шаруашылық жүргізу, жұмыс орнына көшу шығыстары негізге алынды, олар жалпы алғанда 70 АЕК-ке сәйкес келеді.

Бұдан басқа, 2014 жылдан бастап мамандарға көтерме жәрдемақыны төлеу шығыстары жергілікті бюджеттерге берілді және Жобаны мемлекеттік қызметшілерге қолданумен қатар, оның мөлшерін арттыру республикалық және жергілікті бюджетке айтарлықтай жүктеме түсіреді.

Елдегі инфляцияның деңгейі ескерілген АЕК мөлшерін негізге ала отырып, көтерме жәрдемақы сомасы жыл сайын орта есеппен жылына 7% артатынын атап өту қажет.

Осыған байланысты көтерме жәрдемақының мөлшерін арттыру орынды емес деп пайымдалады.

**Республикалық бюджеттен қаржыландыруды арттыруға қатысты**

Соңғы жылдары Жобаны іске асыруға республикалық бюджеттен қаражат бөлудің оң динамикасы байқалады.

Осылайша, 2016 жылы 2 892 маманға 8,6 млрд. теңге, 2017 жылы 3 412 маманға 11,0 млрд. теңге бөлінген, ал 2018 жылы 3 786 маманға 13,7 млрд. теңге көзделген.





Сонымен бірге жергілікті атқарушы органдардың бюджет қаражатына іс жүзіндегі қажеттілігі республикалық бюджеттен бөлінетін сомадан артық.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде республикалық бюджеттен қаржыландыру көлемін ұлғайту мәселесі бюджет мүмкіндігін негізге ала отырып, 2019-2021 жылдарға арналған үш жылдық бюджетті қалыптастыру шеңберінде қаралатын болады.

**Б. Сағынтаев**
*18.04.2018 жыл. №11-9/859 дз шығыс хаты*
*18.04.2018 жыл. №1108//11-9/859дз кіріс хаты*
*29.03.2018 жыл. №15-13-78дс*

**Қазақстан Республикасы**
**Премьер-Министрінің орынбасары**
**Г.Н.ӘБДІҚАЛЫҚОВАҒА**

## Құрметті Гүлшара Наушақызы!

Бүгінгі таңда елімізде Заңмен бекітілген ережелерге қарамастан жұмысшы мен жұмыс беруші арасындағы еңбек дауларын жиі кездестіруге болады. Еңбегі бағаланбай, әркімнің жемтігі болып, табанақы, маңдай термен тапқан ақшасын ала алмай зар илеген азаматтарымыздың саны азаймауда. Көптеген жұмыс берушілер адамдардың қиын жағдайын пайдалана отырып еңбек шарттарын жасамай еңбек заңнамасының талаптарын бұза отырып жұмысшыларды жалдап, соңынан жалақасын бермеуді әдетке айналдыра бастаған.

Статитикалық мәліметтер көрсеткендей еңбек дауларына қатысты сот істері де өсуде. Мәселен, 2017 жылы соттарда еңбекке ақы төлеу талаптарын бұзылуына қатысты 1783 әкімшілік іс, ал 2018 жылы 1939 іс қаралған, яғни мұндай істер 1 жылдың ішінде 8,7 пайызға артқан.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметіне сәйкес 2019 жылдың 1 қаңтардағы жағдай бойынша жалақы берешегі 139 кәсіпорындағы 6 мың 200 жұмыскердің алдында 1 млрд. 940 млн. теңгені құраған, оның 77 пайызы, яғни 105-і *(1,5 млрд. теңге)* банкротқа ұшыраған кәсіпорындар. Мұның сыртында, әсіресе бүгінде ауыл шаруашылығы саласында жұмыс істейтін жұмысшылар да кезінде шартқа отырмағандықтан жалақыларын уақытылы немесе мүлде ала алмай, ал кейбір жағдайларда жалақының орнына ауыл шаруашылығы өнімдерін алу фактілері де кездеседі *(бидай, шөп, көкеніс және т.б.)*. Ал мұның салдары жұмысшы күшінің жетіспеуші-





лігін туғызып, маман кадрлардың тұрақтамауына әкеліп соқтыруда.

Алайда, халықаралық тәжрибеде әлемнің бірқатар елдері, мәселен Қытай, Испания, Япония секілді мемлекеттерінде жұмыс берушілердің еңбекақыны төлеу талаптарын бұзу фактілері қылмыс ретінде танылып жазалау шаралары қолданылады.

Сонымен, Конституция және Еңбек кодексімен кепілдік беретін жұмысшылардың құқықтарын қорғау мәселесі бүгінгі таңда өзекті және бұл мәселені шешу Үкімет тарабынан тікелей араласуды қажет етеді.

Жоғарыда баяндалғанды және қозғалған мәселелердің маңыздылығын ескере отырып, Сізден:

- Бірінші кезекте жұмысшылардың жалақысын беру мақсатында, содан соң басқа да міндетті төлемдерді өтелуін қамтамасыз ету бойынша «Банкроттық және оңалту туралы» Заңына өзгеріс енгізуді;
- «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Заңының 4 бабын 7 тармақшамен, яғни «Жұмыс берушінің дәрменсіздігі *(банкроттығы)* салдарынан табысын жоғалтқан жағдай» деген мазмұнмен толықтыруды;
- Бейресми еңбек қатынастарына жол бермеу және оларды анықтап, азаматтардың еңбек саласындағы өз құқықтары жөніндегі хабардар болу деңгейін арттыруды;
- Еңбекке ақы төлеу жөніндегі талаптарды бұзғаны үшін жауапқа тарту шараларын заңнамалық тұрғыда қатаңдату бойынша бақылауды күшейту және шаруа қожалықтарындағы еңбек қатынастарын бір жүйеге келтіру мәселелерін қарастыруыңызды сұраймын.

Депутаттық сауалды қарау нәтижесі туралы заңмен белгіленген мерзімде жазбаша жауап беруіңізді өтінемін.

**Құрметпен, Р. ӘБДІКЕРОВ**

*28.03.2019 жыл. №15-13-87дс шығыс хаты*

**Қазақстан Республикасының**
**Парламенті Сенатының**
**депутаты**
**Р.Қ.Әбдікеровке**

## Құрметті Рысқали Қалиақбарұлы!

Сіздің 2019 жылғы 28 наурыздағы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының отырысында жариялаған депутаттық сауалыңызға мынаны хабарлаймын.

«Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы», «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына өзгерістер енгізуге қатысты Міндетті әлеуметтік сақтандырудың қолданыстағы жүйесі 2005 жылы енгізілді және жалпы қабылданған халықаралық стандарттарға толық сәйкес келеді. Оның мақсаты әлеуметтік тәуекел туындаған кезде сақтандырылған жұмыскерлер жоғалтқан табыстардың бір бөлігін өтеу *(еңбек ету қабілетінен айырылу, жұмысынан, асыраушысынан айырылуына, жүктілікке және босануға, сондай-ақ бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда)* болып табылады.

Халықаралық еңбек ұйымының ұсынымдары бойынша[1] әлеуметтік сақтандыру адамдар сақтандыру мекемесіне төлеген жарналарды ескере отырып, жоғалған бұрынғы табысының бір бөлігін өтейтін жәрдемақы алу құқығы бар шаралар кешені ретінде сипатталады.

Бұл ретте заңды тұлға таратылған *(банкроттық)* жағдайда еңбек төлемі бойынша берешекті өтеу көзделмеген.

Осылайша, заңды тұлғаның таратылуына *(банкроттық)* байланысты пайда болған табысты жоғалтудың әлеуметтік

*[1]1944 жылғы 12 мамырдағы Халықаралық еңбек ұйымының «Кірістер қауіпсіздігі туралы» №67 ұсынымы*





тәуекелінің жаңа түрін енгізу әлеуметтік сақтандырудың халықаралық стандарттарына сәйкес келмейді және «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына ұсынылып отырған толықтыруларды енгізуді орынсыз деп санаймыз.

Сондай-ақ мүдделі мемлекеттік органдар жұмыскер мен кепіл кредиторлар мүдделерінің балансын сақтау мақсатында кепіл мүлікті бағалау құнының 15 пайызынан аспайтын мөлшерде, бір жұмыскерге заңнамада белгіленген ең төменгі жалақының *(ЕТЖ)* мөлшерінде үш айға дейін *(кредиторлар тізілімін жасаған күнге дейін)* еңбекақы берешегін өтеу жөніндегі кепіл кредитордың міндеттерін енгізу бойынша «Оңалту және банкроттық туралы» Заңға өзгерістерді пысықтауда.

Жұмыс берушілер мен жұмысшылардың бейресми еңбек қатынастары, жалақы бойынша берешекке жол берген адамдарға қатысты шараларды күшейту туралы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің *(бұдан әрі - Кодекс)* 23-бабы 2-тармағының 5) тармақшасына сәйкес жұмыс беруші жұмыскерге Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде, еңбек, ұжымдық шарттарда, жұмыс берушінің актілерінде көзделген жалақы мен өзге де төлемдерді уақтылы және толық мөлшерде төлеуге міндетті.

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 87-бабына сәйкес жұмыс берушінің жалақыны толық көлемде және еңбек заңнамасында белгіленген мерзімдерде төлемеуі, сол сияқты жұмыс берушінің кінәсінен төлемді кешіктірген кезеңі үшін өсімпұлды есептемеуі және төлемеуі әкімшілік айыппұлға әкеп соғады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 152-бабында басқару функцияларын орындайтын адамның ақшаны өзге мақсаттарға пайдалануына байланысты жалақыны төлеуді бірнеше рет кешіктіргені үшін қылмыстық жауапкершілік белгіленген.

Жалақы бойынша, оның ішінде ауыл шаруашылығы саласындағы кәсіпорындарда берешектің өтелу тиімділігін арттыру үшін Парламент Мәжілісінің қарауындағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне атқарушылық іс жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы шеңберінде заңнамаға мемлекеттік еңбек инспекторының ұйғарымын мәжбүрлі түрде орындауды қамтамасыз ету бөлігінде түзетулер енгізу пысықталуда.

2019 жылдың басынан бастап мемлекеттік еңбек инспекторлары 241 кәсіпорынның 7968 қызметкер алдындағы 1,2 млрд. теңге сомасындағы жалақы бойынша ағымдағы берешектерін анықтады, аталған кәсіпорындар басшылығына міндетті түрде орындауы үшін 164 ұйғарым берілді және 24,8 млн. теңге сомасында 164 айыппұл салынды.

Ағымдағы жылғы 28 наурыздағы жағдай бойынша банкрот болған және оңалтуда тұрған 105 кәсіпорында 3230 жұмыскердің алдындағы жалақы бойынша берешек 1,301 млн. теңгені құрады.

Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті «Оңалту және банкроттық туралы» Заң шеңберінде аталған кәсіпорындардың жалақы бойынша берешектерін өтеулеріне қатысты шаралар қабылдауда.

Бейресми еңбек қатынастарына жол бермеу және анықтау, еңбек қатынастарының жасырын нысандарын қысқарту, азаматтардың еңбек саласында өз құқықтары туралы хабардарлық деңгейін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жергілікті атқарушы органдармен және әлеуметтік





әріптестермен бірлесіп, 2018 жылдан бастап «Еңбек шартын жаса» атты жалпы республикалық акциясын жүзеге асыруда.

Акция шеңберінде өңірлерде бейресми жұмыспен қамту проблемалары және оның теріс салдарлары туралы тұрғындарға кеңес беру үшін «Сенім телефондары» құрылды, сондай-ақ еңбек қатынастарын заңдастыруды насихаттауға арналған семинарлар мен еңбек қатынастары субъектілерімен кездесулер ұйымдастырылуда.

Аталған жұмыс нәтижесінде 12 мыңнан астам жұмыс беруші 40 мыңға жуық жұмыскермен еңбек қатынастарын ресімдеді.

Сонымен қатар, менің өңірлерге жасаған сапарымның шеңберінде аталған мәселе жұмыс берушілермен талқыланды және өңір әкімдеріне бұл саладағы қордаланған мәселелерді шешу жөнінде тапсырмалар берілді.

Жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қорғау мәселелері үнемі бақылауда тұр және Үкіметтің отырыстарында тұрақты қаралып отырады.

**Г. Әбдіқалықова**
*23.04.2019 жыл. №20-9/743 дс шығыс хаты*
*23.04.2019 жыл. №1148//20-9/743дс кіріс хаты*
*28.03.2019 жыл. №15-13-87 дс*

**Қазақстан Республикасының**
**Премьер-Министрі**
**А.Ұ. МАМИНГЕ**

**Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!**

Азық-түлік қауіпсіздігі - кез келген мемлекет үшін ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесіндегі күрделі жаһандық мәселелердің бірі. Осы ретте, Тұңғыш Президентіміз - Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің халыққа арнаған Жолдауында мемлекетіміздің келешек дамуындағы ауыл шаруашылығының маңыздылығын атай отырып, «азық-түлік өнімдерінің ішкі нарығының 80 пайызын отандық азық-түлік өнімдері құрауы тиіс» - деп талап қойған болатын.

Бүгінде бұл өзекті мәселені тиімді шешу жолдарының бірі - саяжайлар, бау-бақша және жеке қосалқы шаруашылықтарға айрықша басымдық беру болып табылады. Сондықтан осы салаға Үкімет тарапынан мемлекеттік қолдау көрсетіп, құқықтық реттеу тетіктерін одан әрі жетілдіру қажет.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметіне сүйенсек, бүгінгі таңда азаматтардың жеке қосалқы шаруашылығындағы өнімдері ауыл шаруашылығы өндірісінің 50 пайызын құрайды. Мәселен, қосалқы шаруашылықтарды санамағанда, тек саяжайшылардың өзі 6 сотық саяжай учаскесінде бір тоннаға дейін химикатсыз, органикалық жеміс-жидектер өсіре алады екен. Осы орайда, Статистика Комитетінің мәліметіне сәйкес елімізде 302799 саяжай учаскесі бар екенін ескерсек, саяжайшылар азық-түлік қауіпсіздігін сақтауға елеулі үлес қоса алады деп санаймыз.

Алайда, бүгінде олар өз шаруашылығын дамыту





жолында көптеген проблемаларға тап болуда. Атап айтсақ, коммуналдық инфрақұрылымның дамымай қалуы, қоқыс шығару тарифтерінің қымбатшылығы, бюджетке төленетін салық құнының өсуі, саяжайшылар жеке тұлға бола тұра электр қуаты төлемін заңды тұлға ретінде төлеуге мәжбүр екендігі және тағыда басқа.

Сонымен қатар, соңғы кездері әлеуметтік жағдайы төмен кейбір отбасылар саяжай учаскелерін ресми тіркеусіз, тиісті құжатсыз тұрақты баспана ретінде пайдаланып отырғаны жасырын емес. Бұл өз кезегінде заңсыз көші-қонға және қылмыстың көбеюіне әсер етуде.

Осы тұрғыда, бүгінде саяжай учаскелерінің саны жылдан-жылға күрт азаюда. Мәселен, 2013 жылы елімізде 520044 саяжай учаскелері болса, соңғы 5 жыл ішінде олардың саны 200 мыңға азайған.

Өйткені, күні бүгінге дейін олардың құқықтық мәртебесі заңнамалық тұрғыда мүлдем қорғалмаған. Мәселен, көршілес Ресейде саяжайлар және бау-бақшалар туралы заң 2017 жылы қабылданып, үстіміздегі жылдан бастап іске қосылды.

Осыған орай, жоғарыда баяндалған және қозғалған мәселелердің маңыздылығын ескере отырып, Сізден:

- Бірінші, Саяжайлар, бау-бақша және жеке қосалқы шаруашылықтарды дамыту бойынша 2019-2024 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын қабылдауды;
- Екінші, 2019 жылы өтетін халық санағы барысында қала маңындағы саяжайлар мен бау-бақша учаскелеріне және қосалқы шаруашылықтарға беруге болатын бос жер учаскелеріне түгендеу жұмысатырын жүргізуді;
- Үшінші, түгендеу жұмыстарының нәтижесі бойынша саяжай учаскелеріне қажетті инфраструктура жүйелерін анықтап, жергілікті бюджеттен қаражат бөлуді;
- Төртінші, саяжайлар, бау-бақша және жеке қосалқы шаруашылықтарын қолдау аясында саяжай коперативтеріне

және жеке тұлғаларға Әлеуметтік Кәсіпкерлік Корпорациялар арқылы шағын несиелер мен субсидиялар беруді;

-Бесінші, Саяжайшылардың салықтық төлемдеріне жеңілдік енгізу мақсатында, Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 289-шы бабына бағбандардың тұтыну кооперативтерін, пәтер *(үй-жайлар)* иелерінің кооперативтері сияқты өзгеріс енгізу мәселелерін қарастыруыңызды сұраймыз.

Депутаттық сауалды қарау нәтижесі туралы заңмен белгіленген мерзімде жазбаша жауап беруіңізді өтінеміз.

**Құрметпен, Р. Әбдікеров**
**Н. Бекназаров**
*31.05.2019 жыл. №15-13-160дс шығыс хаты*





**Қазақстан Республикасы**
**Парламенті Сенатының**
**депутаттарына**
*(тізім бойынша)*

## Құрметті депутаттар!

Сіздердің саяжайлар, бау-бақша және жеке қосалқы шаруашылықтарды дамыту үшін қолдау көрсетуге қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

2018-2024 жылдарға арналған саяжай, бау-бақша және жеке қосалқы шаруашылықты дамыту бойынша іс-шаралар жоспарын *(бұдан әрі - іс-шаралар жоспары)* бекітуге қатысты саяжай, бау-бақша және жеке қосалқы шаруашылықтарды одан әрі тиімді дамыту мәселелерін әрбір өңірдің ерекшелігін ескере отырып қарау қажет.

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын *(бұдан әрі - Мембағдарлама)* іске асыру мақсатында Премьер-Министрдің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы №158 өкімімен Басқарушы Кеңес *(бұдан әрі - Басқарушы кеңес)* құрылды.

Басқарушы кеңестің міндеттерінің бірі Мембағдарламаны, Агроөнеркәсіптік кешенмен *(бұдан әрі - АӨК)* аралас инвестициялық бағдарламаларды, кіші бағдарламаларды, өңірлерде АӨК-ті дамыту бағдарламаларын іске асыру шеңберінде ведомствоаралық өзара іс-қимылды үйлестіру болып табылады.

Осыған байланысты, АӨК саласындағы уәкілетті орган мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, ағымдағы жағдайға егжей-тегжейлі талдау жүргізілетін болады және

Басқарушы кеңестің кезекті отырысына кейіннен шығара отырып, онда Саяжай, бау-бақша және жеке қосалқы шаруашылықтарды дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеудің орындылығы мәселесі қаралатын болады.

Осы жұмыстың қорытындысы бойынша Ауылшаруашылығы министрлігі сіздерді қосымша хабардар етеді.

Халық санағы шеңберінде саяжай, бау-бақша және жеке қосалқы шаруашылықтарға берілетін бос жер учаскелеріне түгендеу жүргізуге қатысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 11 қазандағы №1049 қаулысымен бекітілген Ұлттық санақтарды жүргізу қағидалары мен мерзімдеріне сәйкес ұлттық санақтар халық санағы мен ауыл шаруашылығы санағын қамтиды. Ауыл шаруашылығы санағы он жылда кемінде бір рет жүргізіледі.

Осылайша, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 19 маусымдағы №419 қаулысына сәйкес халықтың ұлттық санағы 2020 жылғы 1-30 қазан аралығындағы кезеңде өткізілетін болады.

Қазіргі уақытта халықтың санына, жынысына, құрамына, біліміне, көші-қонына, неке жағдайына, тууына, жұмыспен қамтылуына, өмір сүру қаражатының көздеріне, тіршілік ету шектеулеріне қатысты мәселелерді қамтитын дайындалған санақ парақтары мемлекеттік органдармен келісілуде.

Халық санағын жүргізу бойынша жұмыстар аяқталғаннан кейін ауыл шаруашылығы санағын өткізу туралы мәселе қарастырылып, оның шеңберінде саяжайлар, бау-бақша және жеке қосалқы шаруашылықтарға берілуі мүмкін босалқы жер учаскелеріне қатысты мәселелер енгізілетін болады.

Түгендеу жұмыстарының нәтижесі бойынша саяжай учаскелеріне қажетті инфрақұрылым жүйелерін анықтау және осы мақсаттарға жергілікті бюджеттен қаражат бөлуге қатысты қолданыстағы жер заңнамасына сәйкес жер учаскелерін беру жергілікті деңгейде жүзеге асырылады.





Алайда бүгінгі таңда саяжайлар үшін берілген жер учаскелерінде инфрақұрылымдық әлеуметтік объектілер салудың орнына жеке тұрғын үйлер салынып, қоғамдық қайшылық туғызып отыр.

Осылайша, саяжайлар, бау-бақша және жеке қосалқы шаруашылықтарға жер учаскелерін беру мәселесі заңнама деңгейінде қосымша қарауды талап етеді.

Жер қатынастары жөніндегі уәкілетті орган жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп жер учаскелерін түгендеу мәселелері және заңнаманы одан әрі жетілдіру бойынша шаралар сондай-ақ саяжайлық учаскелерге қажетті инфрақұрылымды анықтау пысықталатын жұмыс тобын құру мәселесін қарастыруда.

Сіздерді аталған жұмыс қорытындысы бойынша Ауыл шаруашылығы министрлігі қосымша хабардар етеді.

Әлеуметгік-кәсіпкерлік корпорациялар *(бұдан әрі - ӘКК)* арқылы жеке тұлғаларға саяжай кооперативтеріне микрокредиттер және субсидиялар беруге қатысты

Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасының екінші бағыты шеңберінде Шағын қалаларда және ауылдық елді мекендерде кредит беру/микрокредит беру қағидалары әзірленді.

Аталған шаралардың қатысушылары жұмыссыздар, халықты жұмыспен қамту орталықтарында тіркелуіне қарамастан және өзін-өзі жұмыспен қамтығандар және ауыл шаруашылығы кооперативтері мен олардың мүшелері бола алады.

Кредит/микрокредит беру «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ *(бұдан әрі - Акционерлік қоғам) /* микроқаржы ұйымы/ кредиттік серіктестіктер арқылы 7 жылға дейінгі мерзімге 6 %-дан аспайтын сыйақы мөлшерлемесімен, микрокредиттің ең жоғары сомасы 8 000 айлық есептік көрсеткішке дейін жүзеге асырылады.

Осыған орай, бүгінгі күні Акционерлік қоғам арқылы микрокредиттер беру тетігі және АӨК-те мемлекеттік қолдау шараларының кең ауқымды тізбесі бар болғандықтан, ӘКК арқылы микрокредиттер мен субсидиялар беруді орынсыз деп санаймыз.

Саяжай иелерінің салық төлемдеріне жеңілдіктер енгізу мақсатында Қазақстан Республикасы Салық кодексінің *(бұдан әрі-Кодекс)* 289-бабына өзгерістер енгізуге қатысты «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 2-бабына сәйкес үй-жайлар *(пәтерлер)* меншік иелерінің кооперативі-кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін бірлесіп басқару үшін үй-жайлардың *(пәтерлердің)* меншік иелері құратын коммерциялық емес ұйым.

Үй-жайлар иелерінің кооперативтері көрсететін қызметтерді қосылған құн салығынан */бұдан әрі - ҚҚС)* босату осы ұйымдардың коммерциялық емес болып табылатындығына негізделген.

Мемлекеттің салық саясаты экономиканың аграрлық секторына арнайы салық режимі *(бұдан әрі - АСР)* түрінде бизнесті тиімді дамыту және жүргізу үшін бірегей мүмкіндік береді, олардың бірі ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер *(бұдан әрі - АШТӨ)* мен шаруа және фермер қожалықтары үшін арнайы салық режимі болып табылады.

Бұдан басқа бірыңғай жер салығын *(бұдан әрі-БЖС)* төлеу негізінде шаруа немесе фермер қожалықтары үшін АСР кезінде жер ресурстарын басқару жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган берген жер учаскелерінің бағалау құнын айқындау актісінің негізінде белгіленген жер учаскесінің бағалау құны БЖС есептеу үшін салық салу объектісі болып табылады.

Бұл ретте БЖС төлеушілер жеке табыс, әлеуметтік, мүліктік және көліктік құралдарға салынатын салықтар және *(немесе)* жер учаскелерін пайдаланғаны мен қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемдердің төлеушілері болып табылмайды.





Салық заңнамасына сәйкес ауыл АШТӨ ауыл шаруашылығы өнімдерін, балық шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді жүзеге асыру нәтижесі болып табылатын тауарларды түскен айналымдар бойынша ҚҚС 70% мөлшеріндегі соманы есепке жатқызуға құқылы.

Сондай-ақ,салықтың заңнамада шикізатпен материалдардың импорты құрамындағы көліктік құралдар мен ауыл шаруашылығы техникасын, сондай-ақ өткізу бойынша айналымдарды көліктік құралдар мен ауыл шаруашылыгы техникасын ҚҚС-дан босату көзделген.

Саяжай шаруашылығының субьектілері шағын және орта бизнес субъектілеріне арналған жеңілдетілген декларация және тіркелген шегерім негізіндегі АСР пайдалана алады.

Осыған байланысты жоғарыда көрсетілген салықтық жеңілдіктердің кеңейтілген спектрін ескере отырып, Кодекстің 289-бабына өзгерістер енгізу бойынша ұсынысты орынсыз деп пайымдайдаймыз.

**А. Мамин**
*01.07.2019 жыл. №17-9/1361дс шығыс хаты*
*02.07.2019 жыл. №2014/17-9/1361 дс кіріс хаты*
*31.05.2019 жыл. №15-13-160 дс*

**Қазақстан Республикасының**
**Премьер-Министрі**
**А.Ұ.МАМИНГЕ**

## Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Қарағанды қаласынан 550 шақырым қашықтықта орналасқан, бұрынғы облыс орталығы болған Жезқазған қаласында бүгінде 100 мыңға жуық халық тұрады.

Қазіргі уақытта, қала тұрғындарын ерекше толғандырып, олардың арыз-шағымдарына арқау болып отырған көкейтесті мәселенің бірі де, бірегейі - халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету болып отыр.

Сонау Кеңес заманынан кермек судың дәмін татып, азабын арқалап келе жатқан жезқазғандықтардың бұл түйткілін шешудің жолдары көптен қарастырылып келе жатқанмен, түбегейлі нәтижеге қол жеткізудің сәті келмей, сағызша созылғанына бірталай жылдардың жүзі болды.

Осы күрделі мәселені шешу мақсатындағы дұрыс та оңтайлы қадам Ауыл шаруашылығы министрлігінің бастамасымен 2010 жылы жүзеге асырылуы басталған, жалпы жобалық-сметалық құны 6 млрд. теңгеге жуық қаражатты құрайтын Есқұла тораптық су өткізгішінің құрылысы болатын.

Алайда, құрылыс-монтаж жұмыстары істеп тұрған кеніштің құлау аймағына тап келуіне байланысты, 2012 жылдың желтоқсан айында тоқтатыльш, су өткізгіш жобасына қажетті түзетулер енгізілген және осыған байланысты су жолының көлемі ұзарып, сметалық құны қосымша 1 млрд. 100 млн. теңгеге ұлғайған.





Жобаға иелік етуші Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитет жыры көбейген бұл су өткізгіш құрылысын 2014 жылы қайта жандандырып, 2017 жылы толық аяқтауды жоспарлаған еді. Бірақ, басталған сот рәсімдеріне сәйкес жобаны аяқтау 2018 жылға қалдырылып, белгісіздік белең алған еді.

Бүгінгі күнге игерілген қаржы көлемі 5 млрд. 164 млн. теңгені құрап отыр. Ал істелуге тиіс жұмыс көлемі әлі жетерлік.

Осылайша 2010 жылы басталған жобаны іске асыру мерзімі әр түрлі себептермен жылдан-жылға кейінге шегеріліп, әлі күнге дейін аяқталмай келеді.

Осыған орай, айтылған мәселенің аса маңыздылығын ескере отырып, Жезқазған қаласының халқын сапалы ауыз сумен қамтамасыз етудің бірден бір кепілі Есқұла су өткізгішінің құрылысын толықтай аяқтауға-қажетті қаржыны қосымша бөлуге пәрменді ықпал етуіңізді сұраймыз.

«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 27-бабына сәйкес, депутаттық сауалды қарау нәтежиелері туралы заңда белгіленген мерзімде жазбаша жауап беруіңізді сұраймыз.

**Құрметпен, Р. ӘБДІКЕРОВ**
**С. ЕРШОВ**
**С. АЙТПАЕВА**
*27.09.2019 жыл. №15-13-266дс шығыс хаты*

**Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарына**
*(тізім бойынша)*

## Құрметті депутаттар!

Сіздердің «Қарағанды облысы Жезқазған қаласын сумен жабдықтау есебімен Есқұла топтық су құбырын салу» жобасы бойынша құрылыс-жөндеу жұмыстарын аяқтауға қосымша қаражат бөлуге ықпал етуге қатысты депутаттық сауалдарыңызға келесіні хабарлаймын.

«Қарағанды облысы Жезқазған қаласын сумен жабдықтау есебімен Есқұла топтық су құбырын салу» жобасын іске асыру барысында техникалық-экономикалық көрсеткіштерді өзгертіп, жобаны түзету, технологиялық жабдықтарды заманауи түрлеріне ауыстыру және 2 резервуардың конструкциясын күшейту қажеттілігі туындады, ол жобаның қымбаттауына әкелді.

Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 5 желтоқсандағы №129 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын әзірлеу немесе түзету, оған қажетті сараптамаларды жүргізу, сондай-ақ бюджеттік инвестицияларды жоспарлау, қарау, іріктеу, іске асырылуын мониторингілеу, бағалау және бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау қағидаларының 115-армағына сәйкес сметалық құнын ұлғайту мәселесі бойынша Республикалық бюджет комиссиясының қарауына мәселе енгізілгенге дейін бұрын бөлінген бюджет қаражатын нысаналы пайдалану мәніне ішкі бақылау жөніндегі уәкілетті органның актісі талап етіледі.





Осыған байланысты аталған Жоба бойынша заңнамада белгіленген рәсімдер өткізілуде және олар аяқталысымен, Жобаны қаржыландыру мәселесі белгіленген тәртіппен Республикалық бюджет комиссиясының қарауына шығарылатын болады.

**А. Мамин**
*№11-9/2626 дс шығыс 28.10.2019.*
*№3160//11-9/2626дс кіріс 28.10.2019.*
*27.09.2019 жыл. №15-13-266 дс*

**Қазақстан Республикасының**
**Премьер-Министрі**
**Б.Ә. САҒЫНТАЕВҚА**

## Құрметті Бақытжан Әбдірұлы!

Қарағанды қаласынан 35 шақырым жерде орналасқан, Шахтинск қалалық әкімшілігіне қарасты, 118 көпқабатты тұрғын үйі бар қала типтес Шахан кентінде қазіргі таңда 9 мыңнан аса халық тұрады. Халықтың 80%-дан астамын шахтерлар отбасы құрайды.

Тоқырау жылдары - 1995 жылы жылу беретін орталық-тандырылған жалғыз қазандықтан айырылып қалған Шахан кенті, қазіргі таңда, тұрғындардың есебінен салынған шағын қазандықтардың көмегімен немесе «буржуйка» деп аталатын пештерді пайдаланып, көпқабатты үйлерді жылытып, амалдап отыр.

Осыған байланысты 2005 жылдан бастап Шахан елді мекенінің тұрғындары орталықтандырылған қазандық салуды талап етіп, 2013 жылы жобалық-сметалық құжаттама әзірленгенімен, қаржыландыру мәселесі шешілмеген болатын.

Осы тұста 2017 жылдың 1 қаңтарында қала халқын дүр сілкіндіріп, елдің есін алған кенттегі көпқабатты үйлердің біріндегі жертөледе орналасқан автономды жылу қазандығы жарылып, үйдің бір бөлігі опырылып құлап, 9 адам қаза тауып, 2 тұрғын жарақат алған болатын.

Енді бұдан әрі мұндай қайғылы оқиғаны болдырмай, кент тұрғындарын кепілді және арзан жылумен қамтамасыз ету үшін орталықтандырылған қазандық салу қажеттігі туындап отыр.





Осы маңызды мәселені шешу мақсатында қазіргі уақытта Шахан кентіндегі орталық қазандық пен жылу жүйесінің құрылысына жобалық-сметалық құжаттама қайтадан әзірленіп, мемлекеттік сараптамадан өтті. Құрылыс-монтаждау жұмыстарының сомасы 2 млрд. 232,0 млн. теңгені құрап отыр.

Осыған орай, жобаны іске асыру Шахан кентінің тұрғындарын орталық жылу жүйесімен қамтамасыз етуге және қауіпсіз өмір сүруіне мүмкіндік береді. Сондай-ақ, қазандық құрылысы кенттегі тұрғын үй қорын сақтап, оның дамуына ықпал етіп, адамдардың өмір сүру деңгейін және санитарлық-экологиялық жағдайын жақсартады.

**Құрметті Бақытжан Әбдірұлы!**

Осы айтылған мәселенің ерекше маңыздылығын ескере отырып, Шахан кентіне салынатын орталық қазандық құрылысына қажетті қаржы бөлдіруге ықпал етуіңізді сұраймыз.

**Құрметпен, Р. ӘБДІКЕРОВ**
**С. ЕРШОВ**
*01.02.2019 жыл. №15-13-21дс шығыс хаты*

**Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттары Р.Қ.Әбдікеровке С.М.Ершовқа**

## Құрметті депутаттар!

Сіздердің Қарағанды облысы Шахтинск қаласы Шахан кентінде орталық қазандық құрылысына ақшалай қаражат бөлу мүмкіндігін қарастыруға қатысты депутаттық сауалыңызға мынаны хабарлаймын.

Қарағанды облысының әкімдігі *(бұдан әрі - Әкімдік)* 2018 жылы «Қарағанды облысы Шахан кентінің жылу желілерін және қазандық салу» жобасы *(бұдан әрі - Жоба)* бойынша жобалық-сметалық құжаттама әзірледі, 2018 жылдың тамыз айында мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды.

Құрылыс-монтаждау жұмыстарының жалпы құны 2 343,9 млн. теңге. Құрылыстың басталуына 2019 жылы облыстық бюджеттен 234,4 млн. теңге бөлінді.

Бүгінгі күні Әкімдік мердігер ұйымды анықтау үшін конкурстық рәсімдер жүргізуде.

Сонымен қатар, Әкімдік ұсынған бюджеттік өтінімге сәйкес жобаны қаржыландыруды орталық мемлекеттік органдар белгіленген тәртіпке сәйкес «Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде моноқалаларда және өңірлерде іс-шараларды іске асыру» 082 бюджеттік бағдарламасы шеңберінде қарайтын болады.





Қазіргі уақытта Ұлттық экономика министрлігі шағын және моноқалалардың жобаларын қаржыландыру үшін қажетті құжаттардың тізбесін қалыптастыруда.

**А.Мамин**

*№11-9/285 дс шығыс 01.03.2019.*

*№580//11-9/285дс кіріс 04.03.2019.*

*1.02.2019 жыл. №15-13-21дс*

**Қазақстан Республикасының**
**Премьер-Министрі**
**А.Ұ.МАМИНГЕ**

**Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!**

Бүгінгі депутаттық сауалға ағымдағы жылдың қаңтар айында аймақтарды аралау шеңберіндегі, Қарағанды облысына іс-сапарымыз барысында тұрғындар тарапынан айтылған көптеген арыз-шағымдарға арқау болған, көкейтесті мәселенің бірі - халықты электр энергиясымен жабдықтау жағдайы себеп болып отыр.

Қазіргі уақытта облыстың энергия тұтынушыларына, оның ішінде халыққа, ірілі-ұсақты алты бірдей энергиямен жабдықтаушы мекемесі қызмет көрсетеді.

Анықтама: Олар - «Караганды Жылу Сбыт» ЖШС, «Казэнергоцентр» ЖШС, «РСЦ» ЖШС, «Жезказган энергосбыт» ЖШС, ПУ «Энергоуголь», «Электржабдықтау» ЖШС.

Алайда, олар электр энергиясын көбінесе өз аумағындағы емес, керісінше, шалғайдағы энергия көздерінен сатып алуға мәжбүр *(негізінен электр энергиясын сатып алу Екібастұз МАЭС-нан жүзеге асырылады).*

Бұл өз кезегінде энергия жеткізуші және транзиттік мекемелер түріндегі делдалдар арқылы келген электр қуаты тарифінің көтерілуіне әкеліп, нақты тұтынушыларға тиімсіз әсерін тигізіп отыр.

Бұл орайда облыста жалпы белгіленген қуаты 2302 мега ватт/сағ. болатын 8 жылу электр станциясы шоғырланғанын айта кету керек. Олардың қатарында «Қазақмыс корпорациясына» қарайтын - Балқаш *(ЖЭО-ы),* Жезқазған





*(ЖЭО-ы),* Топар *(МАЭС-сы)* сияқты ірі энергия станциялары бар және аталған станциялардан өндірілетін электр қуаты негізінен 06.02.2020 ЭҚАБЖ МО *(7.23.0 нұсқасы)* ЭЦҚ-ны тексерудің нәтижесі оң. корпорацияның жеке өндірістік қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған, ал артылған электр қуаты аумақ тұтынушыларының қажетін ашпай, тысқары жердегі басқа заңды компанияларға шарт негізінде сатылуда.

Анықтама: іс жүзінде біз елді мекендердің шекарасында орналасқан бірқатар энергия өндіруші ұйымдар электр энергиясын KEGOC *(KEGOC тарифі - 2,50 теңге квт/сағ)* және өңірлік энергия желілері бойынша кез келген жерге тасымалдайтынын көріп отырмыз. Бірақ, осы елді мекендердің тұрғындары,тіпті осы ұйымдардың қызметкерлері бола отырып, электр энергиясын жүздеген, тіпті мыңдаған шақырымдағы мекемелерден алатындығы ақылға сыймайды.

Мысалға, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі - Табиғи монополияларды реттеу Комитетінің Қарағанды облысы бойынша ресми сайтының ақпаратына сәйкес 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қосымша құн салығын есепке алғанда орташа тариф жеке тұлғадан 10 теңге 58 тиын болып қалыптасқан. Алайда, Балқаш қаласының тұрғындары 1 киловатт электр энергиясы үшін қосымша құн салығын есепке алғанда - жеке тұлғалар 14 тенге 36 тиын, ал коммерциялық құрылымдар 20 тенге 54 тиын төлеуге мәжбүр болуда. Осындай келеңсіздіктер Жезқазған,Сәтпаев қалаларында да қалыптасып отыр.

Анықтама: Сәтпаев қаласында жеке тұлға үшін - 14,58 теңге, заңды тұлға үшін - 17,89 теңге, Жезқазған қаласында жеке тұлға үшін - 14,58 теңге, ал заңды тұлға үшін - 15,59 теңге.

Осыған байланысты, жергілікті жерде тұратын халықты арзан электр қуатымен одан әрі қамтамасыз ету

мақсатында - тиісті энергиямен жабдықтаушы мекемелер - электр энергиясын жергілікті энергия көздерінен сатып алуын заңнамалық жағынан негіздеуді ұсынамыз. Сонда ғана, электр энергиясының тарифін тұтынушы халық үшін айтарлықтай төмендетуге болады.

Осы мәселенің ерекше маңыздылығын ескере отырып, Сізден «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңына және Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне түзетулер енгізуді қарастыруыңызды сұраймыз.

«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 27-бабына сәйкес, депутаттық сауалды қарау нәтежелері туралы заңда белгіленген мерзімде жазбаша жауап беруіңізді сұраймыз.

**Құрметпен,**
**Ғ.Әбдікеров**
**С.Ершов**
*06.02.2020 жыл. №16-13-27дс шығыс хаты*





**Қазақстан Республикасы**
**Парламенті Сенатының**
**депутаттары**
**Р.Қ.Әбдікеровке**
**С.М.Ершовқа**

## Құрметті Рысқали Қалиақбарұлы,
## Сергей Михайлович!

Электр энергиясын аумақтық сату жөніндегі ұсыныстарға қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Электр энергетикасы және табиғи монополиялар салаларындағы мемлекеттік реттеу электр энергиясын тұтынушылардың сұранысын барынша қанағаттандыру және нарықта бәсекелестік жағдайлар жасау жолымен электр энергиясы нарығына қатысушылардың құқықтарын қорғау мақсатында жүзеге асырылады.

Бүгінгі күні электр энергиясының соңғы тарифі оны өндіруге *(55%)*, тасымалдауға *(40%)* кеткен шығындардан және энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың үстемеақыларынан *(5%>)* тұрады.

Бұдан басқа, энергиямен жабдықтаушы ұйым бағасының құрылымы электр энергиясын өндіру көзіне және оны жүйелік оператордың желілері бойынша беруге байланысты ерекшеленуі мүмкін.

Сонымен қатар соңғы тұтынушы үшін тарифтің негізсіз өсуіне жол бермеу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының электр энергетикасы және табиғи монополиялар саласындағы заңнамасын жетілдіру жұмысы аясында энергиямен

жабдықтаушы ұйымдарға тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында энергия өндіруші ұйымдардан электр энергиясын сатып алуды жүзеге асырудың басым құқығын беру мәселесі қаралып жатыр.

Мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен көрсетілген ұсыныстарды қарау нәтижелері бойынша Ұлттық экономика министрлігі ағымдағы жылғы мамыр айында қосымша ақпарат жібереді.

Жалпы электр энергетикасы мәселелері Үкіметтің тұрақты бақылауында.

**А. Мамин**
*06.03.2020 жыл. №17-9/495 дс шығыс хаты*
*10.03.2020 жыл. №933//17-9/495дс кіріс хаты*
*6.02.2020 жыл. №16-13-27дс*







*Жаңадан сайланган Сенат депутаты Р Әбдікеровтың ант беріп тұрған сәті. 2017 жыл.*





*Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев сенатор Р Әбдікеровты 60 жылдығымен құттықтап тұр.*









*Депутат жерлестерін қабылдап отыр.*



*Депутат Рысқали Қалиақбарұлы ел ішінде жүргенді ұнатады.*



*Депутаттық өмірдің бір сәті.*






*Мемлекеттік марапат алған депутаттар.*



*Сенат төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаевпен Қарағандының өндіріс орнын аралау кезі.*




*Үлкен жиналыс залында.*








*Сенатордың рпымды ұсыныстары әлеуметтік желілер арқылы халык назарына ұсынылып отырады.*



*Әріптестері Р. Әбдікеровты 60 жылдық мерейтойына байланысты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтан Құттықтау хат алуымен және туған күнімен құттықтап тұр.*





*Депутат Р. Әбдікеров пен Қарағанды облысының әкімі Ерлан Қошанов еңбек ардагері Т. Зейнешевті жерлестерімен бірге құттықтап тұр.*



*Р.Әбдікеровты комитет төрайымы Д. Назарбаева да құттықтады.*




*Депутат Р. Әбдікеров ҚР Парламентінің Сенат төрағасы М. Әшімбаевпен бірге салтанатты жиыннан соң ескерткіш-суретке түсті.*







*Тынбай ізденіп, көп жұмыс істейтін сенатордың кейде демалғаны да ақылға қонымды жәйт. Рысқали Әбдікеров жары Әсетпен бірге Италияда.*




*Шетелдегі іс-сапар.*



*«Тәж-тажалдан» шаршаған сенатор маскасын шешіп, таза ауамен тыныстап тұр.*







*«Немерелермен, сосын достармен өткізген сәтке ештеңе жетпес» дейді сенатор.*





*Депутат Р. Әбдікеровтың отбасы мүшелері.*







*Ардақты әке мен аяулы ана.*



*Президенттің қабылдауында.*





**Қазақстан Республикасының**
**Премьер-Министрі**
**А.Ұ.МАМИНГЕ**

## Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі 2007 жылы мемлекеттік бағдарлама аясында Қазақстан ұлттық электрондық кітапханасы kazneb.kz порталын ашқан болатын.

Қазіргі уақытта порталдың сегменті әдебиеттің 60 мыңнан астам электрондық көшірмесін қамтиды. Оның ішінде балаларға арналған электрондық кітаптар саны 5 551 дананы құрап отыр.

Дегенмен, бұл порталдағы цифрландырылған электрондық кітаптардың сапасы айтарлықтай емес, көңіл толмайтындығын атап өткен жөн: жүктелген электрондық кітаптардың 3D нұсқасын оқу қиынға соғады, мәтіндері анық емес, бұлыңғыр. Ал кейбір аудио-кітаптар мүлдем ашылмайды.

Басқасын есепке алмағанда, министрліктің мәліметіне сәйкес бұл порталға тек техникалық қолдау көрсетуге ғана жыл сайын 90 млн. теңге қаражат бөлінеді екен. Алайда, порталдың қызметі жоғарыда атап өтілгендей сын көтермейді. Оның үстіне, өкінішке қарай, бүгінде Қазақстанда шығатын барлық басылымдардың электрондық нысаны kazneb.kz порталында жарияланбай отыр. Мәселен, Білім және ғылым министрлігі шығаратын мектеп пән кітаптарының электрондық нұсқалары толықтай қамтылмаған.

Қазіргі таңда Еліміздің кітапхана қорында жалпы 112

миллионнан астам басылым бар, ал олардың тек 1,5 миллионға жуығы ғана электрондық нұсқада. Бұл кітапхана қорының жалпы көлемінің небәрі 1,3 пайызын құрап отыр.

Халықаралық тәжірибеге қарасақ, Әзірбайжан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан сияқты көршілес мемлекеттерде кітапхана қызметін реттейтін «Кітапхана ісі туралы» Заң қабылданған. Ал, Австрия, Швеция, Бельгия, Ирландия, Дания елдерінде «Міндетті дана туралы» заң бар екен. Мәселен, Данияда «Міндетті дана туралы» заң түрі мен нысанына қарамастан, осы елде шығатын барлық жарияланымдардың міндетті данасын жинауға және сақтауға жататын нормаларын қамтыған.

Бұдан басқа республика бойынша 3940 кітапхананың 1892-сі, яғни 48 пайызы ғана интернет желісіне қосылғандығын атап өткен жөн. Бұл әрине жеткіліксіз, әсіресе, қазіргі қашықтықтан оқыту жағдайында.

Өз кезегінде қашықтықтан білім алу жүйесі балалардың интернеттен қосымша көптеген ақпаратты іздеуіне қажеттілік тудыруда. Осыған орай, балаларға арналған танымдық, тартымды, өз алдына жеке Қазақстан Ұлттық электрондық балалар кітапханасы порталы ашылса - нұр үстіне нұр болар еді.

Сонымен қатар Қазақстанда республикалық, облыстық, қалалық, деңгейдегі Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған 16 арнайы кітапхана қызмет көрсетіп отыр. Алайда, кітапханалар Брайль қарпі, үлкейтілген қаріп, сондай-ақ заманауи цифрлық және ДЭЙЗИ *(DAISY)* нысанында қол жетімді кітаптарымен аз қамтылған.

2020 жылғы 1 қыркүйектегі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында: «Цифрландыру - сәнге айналған үрдіске ілесу емес, ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі құралы», - деп атап өтті.





Осыған орай, құрметті Асқар Ұзақбайұлы, Сізден көтеріліп отырған мәселелердің әлеуметтік маңыздылығын ескере отырып:

- «Кітапхана ісі туралы» заң жобасын әзірлеуді;
- Балаларға арналған Қазақстан Ұлттық электрондық балалар кітапханасы порталын ашуды;
- Қазақстанда басылып шығарылатын барлық жарияланым-дардың міндетті данасының электрондық нысанын kazneb.kz порталына жолдау бойынша нақты жүйесін қалыптастыруды;
- Кітапханаларды Брайль қарпі, үлкейтілген қаріп, сондай-ақ заманауи цифрлық және ДЭИЗИ *(DAISY)* нысанындағы кітаптармен жеткілікті түрде қамтамасыз етуді қарастыруыңызды өтінеміз.

Сауалға жауапты белгіленген тәртіппен және жазбаша түрде беруіңізді сұраймыз.

**Құрметпен депутаттар,**

**Р.ӘБДІКЕРОВ**
**В.ВОЛКОВ**
**С.АЙТПАЕВА**
**Н.БЕКНАЗАРОВ**
**А.ЛУКИН**
**С.МӘКЕЖАНОВ**
**Л.СҮЛЕЙМЕН**

*08.10.2020 жыл. №16-13-222дс шығыс хаты*

**Қазақстан Республикасы**
**Парламенті Сенатының**
**депутаттарына**
*(тізім бойынша)*

## Құрметті депутаттар!

*Қазақстан ұлттық электрондық кітапханасының (бұдан әрі - ҚазҰЭК) қызметіне қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.*

**«Кітапхана ісі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеуге қатысты**

Бүгінде кітапхана ісі мәселелері мәдениет саласының басқа бағыттарымен қатар «Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен *(бұдан әрі - Заң)* реттеледі.

Заңда кітапханалар желісін құру және дамыту, кітапхана қорларын қалыптастыру және өңдеу, кітапхана пайдаланушыларына кітапханалық, ақпараттық және ақпараттық-библиографиялық қызмет көрсетуді ұйымдастыру, кітапхана мамандарын даярлау және олардың біліктілігін арттыру, кітапханалардың дамуын ғылыми және әдістемелік қамтамасыз ету көзделген.

Бұдан басқа мәдениет саласындағы уәкілетті орган кітапхана ісін құқықтық қамтамасыз ету мәселелері бойынша тиісті жұмыс жүргізуде. Бүгінгі күнге кітапхана қызметін реттейтін 6 заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер қолданысқа енгізілді.

Кітапхана ісін жетілдіру мәселелері тұрақты түрде зерделенуде және халықаралық тәжірибені ескере отырып,





қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілуде.

Осыған орай кітапхана ісіне қатысты мәселелерді қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы реттеуді жөн деп санаймыз.

**Қазақстанның Ұлттық электронды балалар кітапханасы порталының ашылуына қатысты**

Шалғайдағы ауылдық кітапханаларды интернет желісіне қосу бойынша жұмыс елді мекендерді телекоммуникация жүйесімен қамту бойынша жоспарлы жұмыс шеңберінде жалғасуда.

Сонымен қатар Білім және ғылым министрлігі *(бұдан әрі - БҒМ)* жыл сайын сыныптан тыс оқуға және білім беру ұйымдарының кітапхана қорын толықтыруға арналған қосымша оқу және көркем әдебиеттің, оның ішінде электрондық тасымалдағыштардағы тізімін *(бұдан әрі - Тізбе)* бекітеді. Бүгінгі таңда тізбеде 1255 әдебиеттердің атауы бар. Жергілікті атқарушы органдардың білім беру ұйымдарын тізбеде көрсетілген қосымша әдебиетпен қамтамасыз ету мүмкіндігі бар.

Балаларға арналған жеке портал ашу мәселесі мемлекеттік бюджеттен қосымша шығындарды талап етеді. Еліміздегі жағдайды ескере отырып, бұл мәселені бюджеттің мүмкіндіктері мен әлеуметтік міндеттемелерді орындаудың басымдылығын ескере отырып, кезең-кезеңімен қарау ұсынылады.

Осыған байланысты Қазақстанның ұлттық электрондық балалар кітапханасының жеке порталын ашу бойынша мәселені уәкілетті органдармен қосымша пысықталатын болады.

Қазақстанда басылып шығатын барлық жарияланымдардың міндетті данасының электрондық нысанын kazneb.kz порталына жолдау бойынша нақты жүйесін қалыптастыруға қатысты

Бүгінде «Мәдениет туралы» ҚР Заңына енгізілген түзетулерге сәйкес, басып шығарушы ұлттық мемлекеттік

Кітап палатасына электрондық нысандағы басылымдардың міндетті данасын жіберу міндеті көзделіп отыр.

Анықтама: заң жобасы 2020 жылғы 22 қазанда Парламент Сенатының қаулысымен бекітіліп, Президентпен 2020 жылғы 2 қарашада қол қойылды.

2007 жылдан бастап іске қосылған Қазақстан ұлттық электрондық кітапханасының қорынан электрондық форматқа көшірілген құжаттардың басым бөлігін өңірлік кітапханалар ұсынған. Аталған құжаттарды электрондық форматқа көшіру кәсіби сканерлеу құрылғыларында жүзеге асырылмағандықтан, Ұлттық академиялық кітапхана цифрландыруға жататын барлық кітаптардың форматын редакциялау бойынша жұмыс жүргізуде.

ҚазҰЭК қорының аудиофайлдарын Интернет желісінде ойнататын AdobeFlash плагинінің қолданысы 2020 жылғы 31 желтоқсанда тоқтатылуына байланысты қолданыстағы браузерлер басқа ұқсас плагиндерге ауысты. Осы ретте 2021 жылдың бірінші тоқсанында ҚазҰЭК жүйесін модификациялау және бейімдеу бойынша жұмыстар жүзеге асырылатын болады.

Өз кезегінде Нұр-Сұлтан қаласындағы Ұлттық академиялық кітапханасы авторлық және сабақтас құқықтар шеңберінде электрондық форматқа көшірген кітаптарды kazneb.kz порталында орналастыратын болады.

Сондай-ақ білім алушылардың қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында БҒМ өзінің интернет-ресурсында 1-11 сынып пәндері бойынша оқулықтардың электрондық нұсқаларын тегін орналастырады.

Оған қоса Тізбеде электрондық тасымалдағыштағы оқулық-тар мен оқу-әдістемелік кешендер ұсынылған, сондай-ақ 2020 жылы жаңартылған білім беру мазмұнының мультимедиялық контенті бар 72 электрондық оқулық енгізілген.





**Кітапханаларды Брайль қарпі, үлкейтілген қаріп, сондай-ақ заманауи цифрлық және ДЭЙЗИ *(DAISY)* нысанындағы кітаптармен жеткілікті түрде қамтамасыз етуді қарастыруға қатысты**

Бүгінгі күні елімізде 46 469 зағип және нашар көретін азаматтар тіркелген, олардың ішінде кітапхана қызметін 14 028 *(30,2%)* адам пайдаланады.

Жыл сайын зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана Брайль жүйесі бойынша бедерлі-нүктелі қаріптен оннан астам кітап шығарады. Зағип ақындардың, жазушылардың шығармалары және жедел сипаттағы материалдар, оның ішінде нормативтік құқықтық актілер жыл бойы жарияланады. Осылайша, бүгінде 30 кітаптың аудиожазбасы жүзеге асырылып, жедел сипаттағы құжаттар аудио-форматқа көшірілді.

Қазіргі уақытта зағип жандардың қажеттіліктерін ескере отырып, арнайы кітапханалар арасында «РБНСГ-Вести» *(жазық баспа және бедерлі-нүктелі қаріппен),* «Менің жолым» - «Мой путь» *(аудио-газет)* газеттері таратылуда.

Сондай-ақ, өңірлерде арнайы кітапханалар өз оқырмандарын Брайль жүйесіндегі бедерлі-нүктелі қаріпте шығарылған баспа өнімдерімен тұрақты негізде қамтамасыз етеді.

Бұдан басқа, білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасымен көру қабілетінде және зерде бұзылыстары бар балалар үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер әзірлеуге қаражат бөлу көзделген.

Жаңартылған білім беру мазмұнына көшу кестесіне сәйкес қазіргі уақытта білім беру ұйымдарында пайдалану үшін көзі көрмейтін білім алушылар үшін Брайль қарпімен және нашар көретін білім алушылар үшін үлкейтілген қаріппен оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер *(1, 2, 3, 5,* 7 - *сыныптар үшін)*

әзірленіп, тізбеге енгізілді. Барлық сыныптар үшін көрсетілген қаріптік оқулықтарды әзірлеу, таралымдарды көбейту және қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты кезең-кезеңімен 2022 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр.

Бұл ретте Мәдениет және спорт министрлігі БҒМ және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, кітапханаларды зағип азаматтар үшін қолжетімді форматтағы кітаптармен қамтамасыз ету мақсатында тұрақты негізде тиісті шаралар қабылдауда.

Бұл бағыттағы жұмыс жалғасуда және Үкіметтің тұрақты бақылауында.

**А. Мамин**
*№21-8/5436 дс шығыс 06.11.2020*
*№3479//21-8/5436дс кіріс 07.11.2020*
*08.10.2020 жыл. №16-13-222дс*





**Қазақстан Республикасының**
**Премьер-Министрі**
**А.Ұ.МАМИНГЕ**

## Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Жыл сайын республикалық бюджеттен автожолдарды күтіп ұстауға және жөндеуге қомақты қаражат бөлініп келсе де, еліміздің өңірлерінде автокөлік жолдарының жағдайы мен олардың сапасы жиі сынға ұшырауда.

Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінің нұсқасы бойынша үздік және нашар жолдары бар елдер рейтингісінде 2019 жылы Қазақстан 100-ден 43,2 балл жинап, 141 елдің ішінде 93-орынға ие болды. Ал, мәселен, көршілес елдер Тәжікстан бізден жоғары 50-ші орында, Әзірбайжан тіпті 27-орында.

Осыған орай, автожол саласында орын алып отырған осы бір өзекті проблемаға Үкіметтің назарын аударғымыз келеді.

Бұл саланың жүйелі проблемаларының бірі - жүк автокөліктердің белгіленген біліктік *(осьтік)* жүктемелерінің асып кетуіне байланысты салынған және жөнделген жолдардың мерзімінен бұрын бұзылуы болып отыр.

Ресми статистиканың деректеріне сәйкес, техникалық санаттар бөлінісінде ел жолдарының 9,3 проценті ғана білікке *(оське)* 10 тоннадан астам жүктемені қабылдай алады. Нақтылап айтқанда, жалпы пайдаланымдағы жолдардың 90,7 проценті қолданыстағы жүк автокөліктердің ең аз жүктемелерін де қабылдай алмайды және тәуекел аймағында тұр.

Сонымен қатар, заңнама талаптарына сәйкес жалпы пайдаланымдағы автокөлік жолдары бойынша самосвал мен 25 тоннадан астам жүк тасымалдауға тыйым салынғанымен,

осы жолдарда салмағы 30-40 тонна болатын жүкті көтеретін көліктердің қозғалысы тоқтамай тұр.

Аталып отырған проблеманы толықтай шешу Көліктік бақылау инспекциясының қолынан әзірше келмей отыр. Ресми статистикаға сүйенсек, 2019 жылы инспекция қызметкерлерінің 1/3 ірі габаритті автокөліктердің кедергісіз жүргені үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

Сол себепті бұл қызметтің ұйымдастырылуы мен сапасы Үкімет тарапынан қатан қадағалауды талап етеді деп есептейміз.

Бүгінде еліміздегі ұзындығы 95 мың 600 км *(оның ішінде республикалық автожолдар - 24 мың 700 км (26%) болса, жергілікті автожолдар - 70 мың 900 км (74°%))* болатын автокөлік жолдары Көліктік бақылау инспекциясының жалпы штат саны - 278 маманды құрайтын 53 көліктік бақылау бекеттерімен қадағаланады *(оның ішінде 50 жылжымалы және 3 стационарлық)* Сонда, бір Көліктік бақылау бекеті шамамен 2 мың шақырым автокөлік жолын бақылауды қамтамасыз етеді.

Бұл әрине, автокөлік жолдарын толыққанды бақылау үшін жеткіліксіз.

Мәселен, Қазақстан территориясының 15 проценттен астамын *(428 мың км²)* алып жатқан Қарағанды облысының автожолдарында тек қана 2 жылжымалы және 1 стационарлық көліктік бақылау бекеті жұмыс жасауда. Бұған қоса автокөлік саласындағы 600-ден астам кәсіпкерлік субъектісінің және 60-тан астам кен орындарының тіркелгенін ескерсек, бұл көрсеткіш өңірдегі автокөліктерді бақылау қажеттілігінен көп төмен екендігін дәлелдейді.

Осы тұста облыстың Тоғызқұдық кенті тас жолының жөндеу жұмыстарына былтырғы жылы бюджеттен жарты миллиардқа жуық теңге жұмсалса да, бір жыл өтпей жатып шикізат тасымалдайтын самосвалдар тас жолдарын бұзып, жергілікті тұрғындардың наразылығын тудырғанын атап өткен жөн.





Осыған ұқсас жағдай Қазақстанның барлық аумағында байқалады.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің берген мәліметтеріне сәйкес, ауыр салмақты және ірі көлемді автокөліктер облыстық және аудандық автокөлік жолдарына 2018-2020 жылдары келтірген зияны 11 млрд-қа жуық теңгені құраса, тек 1 млрд-тан астам теңге ғана айыппұл салынған.

Өз кезегінде, Қазақстанның автожолдарында жүретін ауыр салмақты автокөліктердің 10 проценті ғана бақылау бекеттерінде тексеріледі. Бұл автокөлік жолдарының жылдам бұзылуына өз әсерін тигізуде.

Сонымен қатар жылдан-жылға жүк автокөліктерінің саны мен жүк тасымалдау көлемінің ұлғайып жатқанын ескеру қажет. «Нұрлы жол» бағдарламасының аясында жыл сайын жаңа жолдар салынуда. Өткен аптада Сенат мақұлдаған 2021-2023 жылдарға арналған республикалық бюджеттің есебінен автокөлік жолдары саласына алдағы үш жылда 518 млрд-тан астам қаржы қарастырылды.

Жаңадан салынған және сапалы жөндеуден өткен жолдарымызды көп жылдар бойы ел ризашылығына пайдаланған жөн.

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Сізден көтеріліп отырған мәселенің әлеуметтік маңыздылығын ескере отырып:

- көліктік бақылау бекеттердің және Көліктік бақылау инспекциясының жалпы штат саның арттыруды;
- салмағы 25 тоннадан асатын ірі жүкті таситын самосвалдарды заңнамалық деңгейде технологиялық көлік санатына жатқызуды және жүк тасымалдау фактілерін *(техпаспорт негізінде, өлшеусіз)* тексеру құқығын полицияға да берілуін қарастыруды;
- жер қойнауын пайдалану туралы келісім-шарттарында жер қойнауын пайдаланушыларға автокөліктердің артық тиелуіне тыйым салатын талаптарды қарастыруды және оларға жауапкершілікті қатаңдатуды;

- бюджеттің барлық деңгейлерінен қаржыландырылатын жобалар бойынша *(құрылыс, жөндеу, абаттандыру және т.б.)* мемлекеттік сатып алу жөніндегі нормативтер мен конкурстық талаптарға жүк автокөліктерін пайдалануы бойынша тиісті өзгерістер енгізуді;
- облыстық және аудандық маңызы бар автокөлік жолдарын салу және қайта жаңарту, күрделі және орташа жөндеу кезінде заманауи инновациялық технологияларды қолдануды талап етуді;
- цифрландыру және жергілікті жолдар бойынша бақылауды орталықсыздандыру мүмкіндіктерін қарастыруды;
- көліктік бақылау инспекторының талаптарын орындамағаны үшін жауапкершілікті қатаңдатуды және осы жоғарыда көтерілген мәселелерді шешу бойынша басқа да шараларды Үкімет тарапынан қарастыруыңызды, және сауалға жауапты белгіленген тәртіппен жазбаша түрде беруіңізді сұраймыз.

**Құрметпен,**
**Н. ӘБДІРОВ**
**Р. ӘБДІКЕРОВ**
**С. ЕРШОВ**
*№16-13-248дс шығыс 26.11.2020 жыл.*





**Қазақстан Республикасы**
**Парламенті Сенатының**
**депутаттары**
*(тізім бойынша)*

## Құрметті депутаттар!

*Сіздің автомобиль жолдарының сақталуын қамтамасыз етумен ауыр жүк таситын автокөлік құралдарының жүруіне көліктік бақылауды күшейту жөніндегі шараларды қабылдауға қатысты депутаттық сауалыңызды қарастырып, келесіні хабарлаймын.*

**Бекеттер мен Көліктік бақылау инспекциясының жалпы штат санын арттыруға қатысты**

Мемлекет Басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: Іс-қимыл кезеңі» Жолдауын *(бұдан әрі - Жолдау)* іске асыру жөніндегі Жалпы ұлттық іс-шаралар жоспарының 6-тармағына сәйкес штат санының лимиттерін 2020 жылы 10%, 2021 жылы 15% қысқарту жүргізіледі.

Осыған байланысты, аталған штат санын арттыру сұрағы Жолдау аяқталған соң қаралады.

**Салмағы 25 тоннадан асатын ірі жүкті таситын самосвалдарды тексеру *(техпаспорт негізінде, өлшеусіз)* құқығын полиция қызметкерлеріне де беруге қатысты**

Заңнамаға сәйкес ішкі істер органдары құқық қорғау органдары болып табылады, олардың міндеттері қоғамдық тәртіпті қорғау, сондай-ақ қоғамның және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Сонымен қатар «Автомобиль көлігі туралы» Қазақстан Республикасы Заңның 13-бабына сәйкес жолаушылар, багаж және жүк тасымалын реттейтін автомобиль көлігі саласындағы мемлекеттік саясатты автомобиль көлігі және автомобиль жолдары аумағындағы уәкілетті орган ретінде Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі *(бұдан әрі - Министрлік)* жүзеге асырады. Бұл ретте жүк тасымалын бақылау функциясын Ішкі істер министрлігінің қарамағына беру - құқық қорғау органдарын оған тән емес функциялардан босатуды көздейтін Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы №858 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасына қайшы келеді.

Осыған байланысты полиция қызметкерлеріне ауыр жүктерді тасымалдауға, соның ішінде жалпы қолданыстағы жолдардан тыс технологиялық мақсатқа арналған көлік құралдарының пайдаланылуын бақылау құқығын беру - Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелеріне сәйкес келмейді.

**Жер қойнауын пайдалану туралы келісім-шарттарында жер қойнауын пайдаланушыларға автокөлік құралына жүк тиеу процесінде Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген рұқсат етілген салмақ пен габариттік өлшемдерінен асыруға тыйым салатын талаптарды қарастыруға және жер қойнауын пайдаланушыларға жауапкершілікті қатаңдатуға қатысты**

Көлік заңнамасымен жүк жөнелтушілерге *(жер қойнауын пайдаланушыларға)* жөнелтілетін және келіп түсетін жүктің сапасы мен массасын анықтауға мүмкіндік беретін таразыға тарту және басқа жабдығының болу талабы мен тауар-көлік құжатын тасымалдаушыға беру міндеті көрсетілген.

Бұл ретте көлік заңнамаларын бірнеше рет бұзғаны үшін





жергілікті атқарушы органдарымен *(бұдан әрі - ЖАО)* жер қойнауын пайдаланушылардың келісім-шарттарын бұзу мен кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге берілетін лицензияларын қайтарып алу шаралары қабылданады.

Сонымен қатар тасымалдау процесіне барлық қатысушылардың жауапкершілігін күшейтуге, көліктік бақылау органдарының, ЖАО мен ішкі істер органдарының автомобиль жолдарын сақтау және жол жүрісі қауіпсіздігін арттыру бойынша бекітілген Жол карталары шеңберіпде бірлескен бақылау және профилактикалық шаралар жүргізуіне бағытталған заңнамалық актілерге түзетулер енгізу жөнінде шешім қабылданды.

**Бюджеттің барлық деңгейлерінен қаржыландырылатын жобалар бойынша *(құрылыс, жөндеу, абаттандыру және т.б.)* мемлекеттік сатып алу жөніндегі нормативтер мен конкурстық талаптарға жүк автокөліктерін пайдалануы бойынша тиісті өзгерістер енгізуге қатысты**

Заң жобалау қызметі аясында, Министрлік ағымдағы жылдың соңына дейін қабылдауды жоспарлаған, тиісті заңнамалық түзетулерді, оның ішінде «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне және жер қойнауын пайдаланушылардың келісім шарттық міндеттемелері шеңберінде автомобиль жолдарының сақталуын қамтамасыз етуге және тиімді салмақ-габариттік бақылауды арттыруға бағытталған өзге де нормативтік құқықтық актілерге қабылдау жөніндегі шараларды пысықтауда.

**Облыстық және аудандық маңызы бар автокөлік жолдарын салу және қайта жаңарту, күрделі және орташа жөндеу кезінде заманауи инновациялық технологияларды қолдануды талап етуге қатысты**

Автомобиль жолдарының өзіндік құнын төмендету және сенімділігін арттыру мақсатында Министрлік тұрақты негізде жаңа технологиялар мен материалдарды сынақтан өткізу және енгізу бойынша жұмыс жүргізуде.

Сондай-ақ, «ҚазАвтоЖол «ҰК» АҚ, «Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» РМК және «ҚазжолҒЗИ» АҚ жол жұмыстарының өзіндік құнын төмендету, жөндеу аралық және кепілдік қызмет мерзімін ұлғайту, сапаны бақылаудың бұзылмайтын әдістерін енгізу, жол инфрақұрылымы қауіпсіздігінің деңгейін арттыру қағидаттарына негізделген автожол саласына көнерген материалдар мен технологияларды тиімді енгізуге бағытталған жұмыстар жүргізуде.

**Цифрландыру және жергілікті жолдар бойынша бақылауды орталықсыздандыру мүмкіндіктерін қарастыру. Сондай-ақ, көліктік бақылау инспекторының талаптарын орындамағаны үшін жауапкершілікті қатаңдатуды және басқаларға қатысты**

Бүгінгі күні автоматтандырылған өлшеу станцияларын *(АӨС)* енгізу арқылы автожолдарда жүк тиелген автокөліктің салмақ-габариттік параметрлерін өлшеу рәсімін автоматтандыру бойынша жұмыс жүргізілуде.

Бұл автомобиль жолдарының сақталуын қамтамасыз етуге және оларды жөндеуге жұмсалатын шығындарды азайтуға мүмкіндік береді, сондай-ақ автомобиль жолдарындағы жүк көлік құралдарының барлық ағынын салмақ габаритті бақылаумен қамтуға және құқық бұзушыларды 100% әкімшілік жауапкершілікке тартуға мүмкіндік береді.

Көліктің салмақ габариттік параметрлерін өлшеу процесі көліктік бақылау органдары инспекторларының қатысуынсыз автоматты түрде жүргізілетін болады. Бұл ретте, анықталған бұзушылықтар бойынша әкімшілік тәжірибе адамның қатысуынсыз «Сергек» жүйесінің жұмыс істеу қағидаты





бойынша жүзеге асырылатын болады.

Қазіргі уақытта АӨС пилоттық жобасын *(Екатеринбург-Алматы а/ж, Талапкер ауылына жақын)* салу бойынша жұмыс жүргізілуде. Іске қосу 2021 жылдың бірінші жартыжылдығына жоспарланған.

Анықтама: 2020-2025 жылдарға арналған «Нұрлы жол» МБ-сы аясында автожолдарда 112 автоматтандырылған өлшеу станцияларын орнату жоспарлануда.

Жаңартулар жүк тасымалдауға ұсынылатын құжаттарға, оның ішінде жол парақтарына, тауар-көлік жүкқұжаттарына және басқа да рұқсат құжаттарына қатысты болады. Іс-шараның мақсаты жоғарыда аталған құжаттарды электрондық форматқа, оның ішінде мобильді қосымшаны пайдалану арқылы барынша көшіру болып табылады.

Бұл шаралар көліктік бақылаудан өту кезінде әкімшілік кедергілерді барынша азайтуға мүмкіндік береді.

Тасымалдаушылар мен жүк жөнелтушілер өздерінің тасымалдау процестерін оңтайландыруға және ресурстарды басқарудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік алады, бұл тасымалдау процесіне оң әсер етеді, бұл өз кезегінде елдің экономикалық құрамдас бөлігін арттыруға әкеледі.

Тұтастай алғанда, бұл мәселелер Үкіметтің тұрақты бақылауында.

**А. Мамин**
*2020 жылғы 26 қарашадағы*
*№16-13-248дс хатқа жауап*

**Қазақстан Республикасының**
**Премьер-Министрі**
**А.Ұ. МАМИНГЕ**

## Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Біздің Сізге депутаттық сауал жолдауымызға Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихаты депутаттарының Балқаш көлінің кейінгі жылдары жеделдете таязданып, деңгейі кем дегенде бір жарым метрге төмендегені және бұл өмірлік маңызы бар мәселе қала тұрғындарын қатты алаңдатып отырғаны туралы хаты себеп болып отыр.

Оның үстіне соңғы жылдары экологтар республикамызда және оның шекарасында орналасқан өзен-көлдердегі судың таяздануы, ластануы немесе тұз деңгейінің көтеріліп жатқаны жайлы жиі-жиі БАҚ-тарда, әлеуметтік желілерде дабыл қағып жүргені көпшілікке белгілі.

Трансшекаралық өзендер суының кеміп кетуінен зардап шегіп отырған табиғи су қоймаларының бірі - Балқаш көлі екені анық.

Көл суының көзге білінбей, біртіндеп азайып келе жатқанын оны зерттеп жүрген экологтар мен гидролог мамандар ғана емес, қазақтың інжу-маржаны Балқашты жағалай қонған, оның қадіріне жетіп, қасиетін түсінген байырғы жұрт та айтуда.

Бұл үрей шақыратын үрдіс адам көзіне көрінбегенімен, біртіндеп үлкен экологиялық қатерге әкелетін проблемаға айналуы әбден мүмкін екендігін, айдыны азаймастай болған Арал теңізінің қасіретті тарихынан жақсы білеміз.

Көлдің бассейніне негізгі келіп құйылатын су көзі - Іле өзені Балқаш көліне жалпы ағып келетін судың 70%-ын құрайды,





ал бұл өзеннің негізгі бөлігі бастау алған бетте Қытай Халық Республикасы аумағын кесіп өтеді.

Сондықтан да Балқаш көлінің экологиялық тұрақтылығы мен деңгейінің қалыптылығы тікелей Қытай аумағынан келетін судың мөлшеріне байланысты болып отыр.

Трансшекаралық өзендерді тиімді пайдалануға қатысты Қазақстан мен Қытай арасындағы су қатынастары екі жақты келісіммен регламенттелген.

Алайда, бұл келісімнің кейбір нормалары толыққанды орындалмай жатады. Мұндай жағдай, өз кезегінде, Балқаш көлінің біртіндеп тартылуына әкелуі ықтимал.

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Балқаш-Алакөл бассейндік инспекциясының мәліметі бойынша Іле өзенінің ағынының қалыпты нормасы секундына 400-500 *($м^3/с$)* текше метр болу керек, алайда бүгінде, ол секундына 306 *($м^3/с$)* текше метрді құрап отыр.

Жалпы Балқаш көлінің экологиялық жағдайын, оның қауіпті деңгейін анықтап, Үкімет назарына ұсынып отыратын жауапты мекемелердің жұмысында біріздділік жоқ. Оның үстіне, соңғы 14 жыл көлемінде көлге қатысты кешенді зерттеу жұмыстары мүлдем дерлік жүргізілмеген. Яғни, көл суының жыл сайын қаншалықты азайып келе жатқанын тап басып айту қиын.

Көкше теңіз - Балқаш көлі тек біздің еліміздің ғана табиғи байлығы емес - бүкіл әлемнің әспеті, қасиетті қазынасы. Сондықтан осынау елге ырзық, халыққа нәпақа болып отырғап экожүйені көздің қарашығындай сақтау және қорғау біз үшін үлкен парыз.

Бұл Балқаш көлі аймағын туризм орталығына айналдыруды белгілеген республикалық маңызы зор бағдарламаны жүзеге асырудың бірден-бір кепілі.

Осыған орай, құрметті Асқар Ұзақбайұлы, көтеріліп отырған экологиялық өзекті мәселенің әлеуметтік-экономикалық маңыздылығын ескере отырып, Сізден:

- Іле өзенін ұтымды пайдалануға қатысты Келісімді еліміз мүддесіне сай келетіндей етіп одан әрі пысықтауды;
- Балқаш көлін келешек үшін сақтау бойынша нақтыланған арнайы жоспар әзірлеп, көлге қатысты кешенді, терең зерттеулер жүргізе отырып, экологиялық қауіп тәуекелі деңгейін анықтауды;
- Іле өзені арқылы көлге құйылатын су мөлшерін арттырып, үнемдеу үшін өзенге салынған гидромелиоративтік жүйелерді қайта жаңарту мен суарудың заманауи технологияларын енгізуді, сондай-ақ көлді ластап отырған өнеркәсіптік кәсіпорындардың зиянды төгінділерін қысқарту бойынша қажетті шараларды қабылдауды сұраймыз.

Сауалға заңмен белгіленген мерзім ішінде жазбаша түрде жауап беруіңіз сұралады.

**Құрметпен,**
**Р. ӘБДІКЕРОВ**
**С. ЕРШОВ**
*№1б-13-44дс шығыс 03.12.2021.*





**Қазақстан Республикасы**
**Парламенті Сенатының**
**депутаттары**
**Р. Әбдікеровке,**
**С. Ершовқа**

## Құрметті депутаттар!

Балқаш көлінің жай-күйі жөніндегі мәселелерге қатысты депутаттық сауалыңызды қарап мынаны хабарлаймын.

Іле өзенін ұтымды пайдалануға қатысты Келісімді еліміздің мүддесіне сай келетіндей етіп одан әрі пысықтауға қатысты Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы трансшекаралық өзендерді бірлесіп пайдалану және қорғау саласындағы қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының Үкіметі және Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімімен *(2001 жылғы 12 қыркүйекте Астана қаласында қол қойылған)* реттеледі.

Сонымен қатар, Трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау саласындағы өзара іс-қимылдың басты механизмі 2003 жылы құрылған Қазақстан-Қытай Трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау жөніндегі Бірлескен комиссиясы *(бұдан әрі - Бірлескен комиссия)* болып табылады.

Анықтама үшін: 2003-2021 жылдар аралығында Бірлескен комиссияның 18 отырысы өтті.

Қазіргі уақытта, Бірлескен комиссияның шеңберінде Қазақстан Республикасы және Қытай Халық Республикасы арасындағы трансшекаралық өзендердің суын белу туралы

келісім жобасын *(бұдан әрі - Жоба)* пысықталуда. Жоба 31 баптан тұрады. Арнайы жұмыс тобының шеңберінде белсенді келіссөздер жалғасуда.

2021 жылғы 26 қарашада бейнеконференция форматында өткен Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республика-сы ынтымақтастығы жөніндегі Комитеттің 10-шы отырысы шеңберінде трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау саласындағы ынтымақтастықты нығайту туралы уағдаластыққа қол жеткізді. Бұл ретте, тараптар Бірлескен комиссия механизмі шеңберінде су ресурстарына деген құқықты, даму мүдделерін және экожүйелерді сақтауды кешенді түрде ескере отырып, Жобаны келісу жұмыстарын белсендету туралы ортақ шешімге келді.

Балқаш көлін келешегі үшін сақтау бойынша нақтыланған арнайы жоспар әзірлеп, көлге қатысты кешенді, терең зерттеулер жүргізе отырып, экологиялық қауіп тәуекелі деңгейін анықтауға қатысты

Ағымдағы жылы Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Алматы, Жамбыл және Қарағанды облыстарының әкімдіктерімен бірлесіп, Балқаш көлін сақтау мақсатында кешенді іс-шараларды қабылдау үшін «Балқаш көлін сақтау жөніндегі арнайы жоспарды» *(бұдан әрі - Арнайы жоспар)* әзірледі және бекітті.

Арнайы жоспарда көзделген шараларды іске асыру Балқаш көлінің тұрақты деңгейін қамтамасыз ету үшін қажетті кепілді жерүсті ағынын ұстап тұруға мүмкіндік береді.

Арнайы жоспардың нысаналы индикаторлары мен нәтижелер көрсеткіштері «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасында Балқаш көлін сақтау жөніндегі іс-шаралармен декомпозицияланатын болады.

Сондай-ақ, 2016 жылдан бастап 2018 жылға дейінгі кезеңде География және су қауіпсіздігі институтының мамандарымен Көлдер атласы әзірленді. Зерттеу мақсаты Қазақстан көлдері





қорының картографиялық-талдамалық базасы деректерін құру болды, тақырыптық бағыттар инвентаризациялық және бағалау карталарының жинағынан тұрады: су-ресурстық, гидрохимиялық және токсикологиялық жағдайы, көлдердің гидробиологиялық, туристік-рекреациялық және сауықтыру ресурстық әлеуеті, өнеркәсіпті және ауыл шаруашылығын сумен жабдықтау мақсатында оны пайдалану, балық шаруашылығын жүргізу, рекреация, туризм мен бальнеологияны дамыту.

Өз кезегінде Көлдер атласын әзірлеу Қазақстан Республика-сын әлеуметтік-экономикалық дамытуды стратегиялық жоспарлаудың негізгі ғылыми негіздемесі, оны ұлттық, су және экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

Көлге құйылатын су мөлшерін арттырып, үнемдеу үшін Іле өзеніне салынған гидромелиоративтік жүйелерді қайта жаңарту мен суарудың заманауи технологияларын енгізуді, сондай-ақ көлді ластап отырған өнеркәсіптік кәсіпорындардың зиянды төгінділерін қысқарту бойынша қажетті шараларды қабылдауға қатысты

Өзен арқылы көлге құйылатын су мөлшерін арттыру және үнемдеу үшін ирригациялық инфрақұрылымды қалпына келтіру, жаңарту және гидротехникалық құрылыстарға реконструкция жұмыстарын жүргізу, сондай-ақ суарудың су үнемдеу технологияларын енгізу және ылғал сүйгіш дақылдар алаңдарын қысқарту бойынша жұмыстарын жүргізу жоспарланған. Қазіргі уақытта, Арнайы жоспарды іске асыру мақсатында тиісті іс-шаралар жүргізілуде.

2021 жылғы 2 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экология *кодексінің (бұдан әрі Экология кодексі) (418-баптың 10-тармағы)* негізінде IV санаттағы объектілерге жатқызылған объектілер операторлары алған қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттардың, эмиссиялар нормативтерінің қолданылуы 2021 жылғы 1 шілдеден бастап тоқтатылды, III санаттағы объектілер

бойынша қоршаған ортаға әсер ету туралы декларация берілген күннен бастап тоқтату жоспарлануда.

Осылайша, берілген лимиттердің көлемі айтарлықтай өзгереді. Жаңа Экология кодексінің ережелері табиғат пайдалануды реттеудің өзге де әдістерін көздейді.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің «Қазгидромет» республикалық мемлекеттік кәсіпорны Алматы *(3 тұстама)* және Қарағанды *(17 тұстама)* облыстарының аумағында тұрақты түрде Балқаш көлінің жер үсті сулары сапасына мониторинг жүргізілетінін хабарлаймыз.

Алынатын су сынамаларында жер үсті суларын зерттеу кезінде 52 физика-химиялық сапа көрсеткішіне дейін анықталады: температура, қалқыма заттары, мөлдірлік, сутегі көрсеткіші, ерітілген оттегі, 5 тәулік ішінде оттегінің биохимиялық тұтынылуы, оттегінің химиялық тұтынылуы, тұз құрамының басты иондары, биогендік және бейорганикалық заттар, органикалық заттар *(мұнай өнімдері, фенолдар)*, ауыр металдар.

Гидробиологиялық көрсеткіштер бойынша жер үсті суларының сапасы жағдайына мониторинг Қарағанды облысының аумағындағы Балқаш көлінде 15 тұстамада өткізілуде. Су сапасы фитопланктон, зоопланктон, перифитон және бентос бойынша анықталады, сондай-ақ биотестілеу өткізіледі *(судың қатты токсинделгені анықталады)*.

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №731 қаулысымен бекітілген «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасында экологиялық жағдайды жақсартуға және су мөлшерінің шығынын үнемдеуге арналған тиісті іс-шаралар қарастырылған.

Жоғарыда айтылғанды ескере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі депутаттық сауалда көтерген





ұсыныстарыңызды қолдайтынын және аталған мәселелерді шешуге бағытталған жұмыстарды жалғастыратынын хабарлайды.

**А. Мамин**
*2021 жылғы 3 желтоқсандағы № 16-13-44 д/с*
*№ исх: 17-09/7383 дз от: 28.12.2021*
*№ вх.4759//17-09/7383дз от: 28.12.2021*

**Қазақстан Республикасының**
**Премьер-Министрі**
**А.Ұ. МАМИНГЕ**

## Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында - моноқалаларға қатысты ерекше тоқталып, оларды одан әрі жандандыруға қатысты жан-жақты ойластырылған шешімдер керек екенін атап өтті.

Осы ретте өңірлерде халықпен кездесулер өткізу барысында, әсіресе - Қарағанды облысының тұрғындары моноқалаларға қарасты қалалық кенттердің әлеуметтік проблемаларын шешуге кешенді көмек көрсету қажеттігі туралы өзекті мәселені жиі көтеріп келеді.

Бүгінгі күні, республика бойынша 7 облысқа *(Ақмола, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда және Павлодар облыстарында)* қарайтын, 300 мыңға жуық адам тұратын 28 қалалық кент бар. Оның ішінде қалалық кенттердің ең жоғарғы саны 32 процентті құрайтын, 50 мыңға жуық адам тұратын 5 моно қалалардың әкімшілік аумағына жататын 9 кент Қарағанды облысында орналасқан *(Балхаш қаласына Саяқ және Гүлшат кенттері; Қаражал қаласына - Жәйрем кенті; Саран қаласына - Ақтас кенті; Сәтбаев қаласына - Жезқазған кенті; Теміртау қаласына - Ақтау кенті; Шахтинск қаласына - Долинка, Новодолинский, Шахан кенттері жатады).*

Өз кезегінде, моноқалалардың әкімшілік аумағына кіретін қалалық кенттердің әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарының, білім беру *(мектеп)* мен денсаулық





сақтау объектілерінің жай күйі, шағын және орта бизнес көлемінің аздығы, сондай-ақ тұрғын үй кезегі мен әлеуметтік саладағы кадр тапшылығына қатысты мәселелер өте өткір болып отырғанын және бұл Үкіметтің ерекше назарын талап ететінін атап айтқымыз келеді.

Қазіргі уақытта, шағын қалаларды дамыту мәселесі бойынша бірнеше мемлекеттік бағдарламалар қабылданған.

Алайда, қалалық кенттердегі су құбыры, кәріз, жылу және электр желілерінің, қалаішілік жолдардың тозу деңгейі төмендемей тұр. Сонымен қатар, тозған және апатты ескірген көп қабатты тұрғын үйлерді жою, тұрғын үй қорын күрделі жөндеуден өткізу проблемалары да өте баяу шешілуде.

Мәселен, ресми мәліметтерге сәйкес, Қарағанды облысындағы 9 қалалық кенттердің инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым желілерінің тозуы орташа есеппен алғанда 63,5 пайызды құрайды, оның ішінде: сумен жабдықтау - 59%, *(Саяқ кенті 52%, Жәйрем 10%, Ақтас 63%, Жезқазған 90%, Ақтау 70%, Долинка 25%), Новодолинский 80%, Шахан 80%)* кәріз желісі - 83%, *(Саяқ кентінде 63%, Жәйрем 95%, Ақтас 85%, Жезқазған 95%, Новодолинский 80%, Шахан 80%)* жылумен жабдықтау - 42%, *(Саяқ кентінде 50%, Ақтас 15%, Жезқазған 61%)* электрмен жабдықтау - 70%. *(Саяқ кентінде 79%, Гүлшат 79%), Жәйрем 40%, Ақтас 68%, Жезқазған 65%, Ақтау 80%, Долинка 70%, Новодолинский 70%, Шахан 75%).* Сонымен қатар, 15 апатты және 37 бос тұрған көп қабатты үйлер бар. Мектептер мен ауруханалардың да инфрақұрылымдарының тозу деңгейі шамамен - 45 пайызға жеткен *(сумен жабдықтау, кәріз жүйелері).* Ал, өз кезегінде бұл өзекті мәселелерді шешу қомақты қаржы салымын талап ететінін атап өту қажет.

Бұдан басқа, мамандардың жетіспеушілігі, әсіресе, мұғалімдер мен дәрігерлердің *(Ақтас, Жәйрем, Ақтау кенттерінде кадр тапшылығы 50 адамды құрайды, оның*

*ішінде: білім беру саласында - 23, денсаулық сақтау саласында 27 маман)* және оларды тұрғын үймен қамтамасыз ету проблемалары да айтарлықтай.

Жалпы, қабылданған мемлекеттік бағдарламаларда мұндай елді мекендердің ерекшеліктері мен олардың әлеуеті көп жағдайда толыққанды ескерілмеген.

**Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!**

Еліміздің халқы сапалы өмір сүру үшін жайлы орта қалыптастыру мақсатында, сондай-ақ, көтеріліп отырған өзекті мәселенің әлеуметтік маңыздылығын ескере отырып, Сізден:

- әрбір шағын қалалар мен қалалық кенттер өздерінің ресурстық әлеуетін ескере отырып, дайындаған жеке инновациялық даму стратегияларының негізінде салалық мемлекеттік бағдарламаны қайта қарауды;
- немесе «Ауыл - Ел бесігі» жобасын қалалық кенттерге қолдану мүмкіндігін қарастыруыңызды өтінеміз.

Сауалға жауапты заңда белгіленген тәртіппен жазбаша түрде беруіңізді сұраймыз.

**Құрметпен,**
**Р. ӘБДІКЕРОВ**
**С. ЕРШОВ**
*№ 16-13-19дс шығыс 30.09.2021*





**Қазақстан Республикасы**
**Парламенті Сенатының**
**депутаттары**
**Р.Қ. Әбдікеровке**
**С.М. Ершовқа**

**Құрметті депутаттар!**

Сіздердің моноқалалар құрамындағы кенттерді дамытуға қатысты депутаттық сауалыңызға мынаны хабарлаймын.

Қазіргі уақытта моноқалаларға әкімшілік бағынысты кенттерді дамыту моноқалалардың өздерін дамыту шеңберінде жүзеге асырылады, ал моноқалаларды дамыту бойынша негізгі тәсілдер Аумақтық даму жоспарында және ұлттық жобаларда көзделген.

Моноқалаларды мемлекеттік қолдау жаңа жұмыс орындарын құруға, экономиканы дамытуға, шағын және орта бизнесті қолдауға, инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымды жақсартуға бағытталған шараларды көздейді.

Моно және шағын қалалардың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын жаңғырту үшін жыл сайын республикалық бюджеттен қаржыландыру бөлінеді. Осылайша 2020 жылы 10 млрд теңге сомасына 26 жоба, оның ішінде моноқалаларда 8,7 млрд теңге сомасына 19 жоба іске асырылды. Өз кезегінде, бұл қосымша 670 жұмыс орнын құруға мүмкіндік берді.

2021 жылы 17 млрд теңге сомасына 61 жоба, оның ішінде моноқалаларда 10,4 млрд теңге сомасына 36 жоба іске асырылуда. Аталған жұмыстарды жалғастыруға 2022-2025 жылдар аралығындағы кезеңге 60 млрд теңге көлемінде қаржыландыру жоспарланған.

«Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы» бағдарламасының қаражаты есебінен Атырау облысының Құлсары қаласында және Қарағанды облысының Жезқазған қаласында модульдік инфекциялық ауруханалар салынады. Қарағанды облысында 55,5 мың тұрғын тұратын 9 кент *(Теміртау қаласының Ақтас кенті, Саран қаласының Ақтау кенті, Балхаш қаласының Саяқ және Гүлшат кенттері, Қаражал қаласының Жәйрем кенті, Сәтпаев қаласының Жезқазған кенті, Шахтинск қаласының Долинка, Новодолинский және Шахан кенттері)* бар.

Ағымдағы жылы жоғарыда көрсетілген кенттерде инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізілді, атап айтқанда:

- Ақтас кентінде 3 көше бойынша жалпы ұзындығы 360 метр су құбыры желілерін ауыстыру жұмыстары аяқталды, 9 өрт гидранты жөнделді, 2 км су құбыры желісін тазарту жұмыстары жүргізілді. 6 трансформаторлық қосалқы станцияға күрделі және ағымдағы жөндеу жүргізілді, «Бытовая» қосалқы станциясында профилактикалық жұмыстар жүргізілді, сондай-ақ ұзындығы 8,4 км жоғары вольтты желілерге жөндеу жүргізілді. 2022 жылы Привольная көшесіндегі ұзындығы 3,4 км жоғары вольтты желілер мен электр тіректерін ауыстыру жоспарлануда;
- Ақтау кентінде жалпы 990 тұтынушыны, сондай-ақ 7 мәдениет объектісін қамти отырып, ұзындығы 1,719 км 8-орамның су құбыры желілеріне 133,3 млн. теңге сомасына күрделі жөндеу жүргізілуде.

Ұзындығы 1,7 км кенттің ескі бөлігінде су құбыры желілерін күрделі жөндеуге жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу аяқталды, жобаны іске асыру қажеттілігі 194 237,2 мың теңгені және жаңа бөлігіндегі ұзындығы 2,6 км, жобасын іске асыру қажеттілігі 240 875,2 мың теңгені құрайды;

- Шахан кентінде 0,07 км сумен жабдықтау желілері





ауыстырылды және 2022 жылы 0,6 км ауыстыру жоспарлануда. Сонымен қатар Өңірлерді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жалпы құны 2 109,5 млн. теңге болатын «Қарағанды облысы Шахан кентінің қазандығы мен жылу желілерінің құрылысы» жобасы іске асырылуда;

- Жәйрем кентінде кәріз желілерін реконструкциялау жобасын түзету бойынша жұмыстар жүргізілуде;
- Гүлшат кентінде көшелерді жарықтандыруға қалалық бюджет есебінен 3,9 млн. теңге бөлінді.

Сондай-ақ, «Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы» бағдарламасы аясында 2020 жылы Қарағанды облысының моноқалаларына есеп беретін кенттерде жалпы сомасы 523,5 млн. теңгеге 24 жоба іске асырылды, атап айтқанда, мәдени-демалыс орталықтарын, спорт объектілерін жөндеу, тротуарларды, негізгі жолдар бойындағы қауіпсіздік жолақтарын жайластыру, аула аумақтарын, ойын алаңдарын абаттандыру және т.б. жұмыстар жүргізілді. Пайдалы қазбалар кен орындарын игеруге байланысты Сәтбаев қаласының Жезқазған кентін жою мәселесі пысықталуда. Басқа облыстардың әкімдіктері моноқалалар құрамындағы кенттерді дамыту бойынша ұқсас жұмыс жүргізуде, атап айтқанда, инженерлік инфрақұрылыммен *(сумен жабдықтау, су бұру, электрмен жабдықтау, газбен жабдықтау және т.б.)* қамтамасыз ету, білім беру және мәдениет объектілерін жөндеу және реконструкциялау, аумақтарды абаттандыру және т.б. бойынша жұмыстар жүргізілуде.

«Nur Otan» партиясының «Өзгерістер жолы: Әр азаматқа лайықты өмір!» сайлауалды бағдарламасына сәйкес 2025 жылға дейін моно және шағын қалалардың инфрақұрылымын дамытуға жыл сайын 15 млрд теңге көлемінде қаржыландыру көзделген. Бұл ретте моноқалалардың құрамына кіретін кенттер басым тәртіппен қаралатын болады.

Сонымен қатар, 2025 жылға дейін ескі және авариялық тұрғын үйлерді реновациялау шеңберінде 251 үй бойынша жұмыстар жүргізу жоспарлануда, оның ішінде 15 үй моноқалалар аумағында орналасқан.

Статистикалық деректерге сәйкес бүгінгі күні елімізде орта білім беру саласында жұмыс істейтіндердің қажеттілігі 5 704 адамды құрайды, соның ішінде қалалық жерде - 1 863, оның ішінде моноқалаларда - 517 адам.

Бүгінгі күні сағаттардың қажеттілігі мектеп ішіндегі мұғалімдер арасында сағаттарды қайта бөлу арқылы өтеледі. Қазіргі уақытта Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындаудың, лауазымнан босатудың жаңа қағидалары әзірленді, оған сәйкес педагогтерді жұмысқа қабылдау нақты біліктілік көрсеткіштеріне сәйкес конкурстық негізде жүзеге асырылатын болады.

Қазіргі уақытта моноқалаларда медициналық ұйымдар қызметкерлерінің тапшылығы 544 адамды құрайды. Тапшылықты қысқарту үшін Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы №912 бұйрығымен «Өңірлерде медицина кадрларының тапшылығын төмендету бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы» жол картасы бекітілді, ол медицина ұйымдары қызметкерлерінің жалақы мөлшерін кезең-кезеңімен арттыру, сараланған еңбекақы төлеуді енгізу, тұрғын үймен қамтамасыз ету, санаторий-курорттық емдеу, медицина кадрларын үздіксіз кәсіби дамыту үшін жағдайлар жасау және т.б. сияқты мамандарды ынталандыру мен тартуға арналған шаралар кешенін қамтиды.

Сонымен қатар, бірқатар өңірлерде бірінші басшылар жұмысының тиімділігін бағалау шеңберінде «денсаулық сақтаудың кадрлық ресурстарымен қамтамасыз етілуі және жасақталуы» сияқты түйінді көрсеткіштер енгізілуде.





Осылайша, Үкімет жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, моноқалалар құрамындағы кенттерді дамыту бойынша тұрақты және жүйелі жұмыс жүргізуде.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде және әкімшілік бағынысты кенттерді қоса алғанда, моно және шағын қалаларды дамыту жөнінде жүргізіліп жатқан жұмысты ескере отырып, жоғарыда аталған қалаларды дамыту жөніндегі жеке мемлекеттік бағдарламаны әзірлеген жөнсіз деп санаймыз.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың 2021 жылғы 25 ақпандағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің бесінші отырысында берген тапсырмаларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес тиісті Заң жобасын Парламентке енгізу мерзімі 2022 жылғы ақпанға белгіленген.

Тұтастай алғанда, моноқалалар мен олардың құрамына кіретін кенттерді дамыту мәселесі Үкіметтің тұрақты бақылауында.

**А. Мамин**
*2021 жылғы 30 қыркүйектегі*
*№ 16-13-19дс хатқа жауап*

**Қазақстан Республикасы**
**Премьер-Министрінің**
**орынбасары**
**Е.Л.ТОҒЖАНОВҚА**

## Құрметті Ералы Лұқпанұлы!

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың ағымдағы 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялағаны баршамызға мәлім. «Ел болам десең бесігіңді түзе» демекші, елдің кемел келешегі мен жарқын болашағына ұстын болатын өскелең ұрпақтың заман талабына сай өмір сүріп, қоғамның қажетті мүшесі болып қалыптасуына барынша жағдай туғызу туралы мемлекет басшысының тегеуірінді талабы терең мазмұнға ие болып отырғанын пайымдауымыз қажет.

Бүгінде, елімізде балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік-рухани, физиологиялық-болмыстық дамуына тұрақты көңіл бөлінгенімен, кейінгі жылдары олардың арасында өз-өзіне қол жұмсап, суицидке бару оқиғаларының белең алып, көбейіп келе жатқандығы бүкіл қоғамды толғандырып, дабыл қағуға мәжбүрлік туғызып отыр.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша Қазақстан соңғы 5 жылда суицид жасаудан, оның ішінде 15-17 жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдер арасында өзіне-өзі қол жұмсаудан әлем елдерінің алғашқы ондығында жүр.

Ішкі істер министрлігінің деректері де елімізде бұл келеңсіз үрдістің өсуін көрсетіп отыр. Мысалы, жасөспірімдер арасында 2020 жылы 143 суицид оқиғасы, 306 суицид жасау әрекеті орын алған болса, 2021 жылы бұл көрсеткіш өсіп, 175 суицид оқиғасы, 375 суицид жасау әрекеті тіркелген. Айтылған





фактілердің бәрі қоғамымызда туындаған әлеуметтік-тұрмыстық мәселелер мен балалар мен жасөспірімдерді қорғаудың мемлекеттік жүйесіндегі тиімді механизмдердің жетіспеушілігінен орын алып отырғандығы айқын.

Ғалымдар мен сарапшылардың соңғы зерттеу қорытындыларына қарағанда жасөспірімдердің 17 пайызы мектепте айына бір немесе бірнеше рет қысымға ұшырайды екен.

Үйден тыс жерде зәбір көріп, оны ата-анасынан, мұғалімінен жасырып, өз проблемасымен жеке қалған бала ауыр психологиялық дағдарысқа ұшырап, стрестік жағдайды бастан кешеді және оның соңы орны толмас жағдайларға соқтырып жүр.

Суицидиалдық мінез-құлықтың этиологиясында жалпы пайдаланудағы телекоммуникациялық-ақпараттық жүйелерде өзіне-өзі қол жұмсауды насихаттап, балаларды суицидке итермелеу ақпараттарының тию көрмей орналасуының барған сайын негізгі роль ойнап отырғаны алаңдатады.

Интернетте тек қана өлімді жарнамалап, соған шақырыс жасап, балалар психологиясына ауыр зардаптарын тигізетін сайттар саны жеткілікті және оларға қарсы қояр тиімді әрі қызығушылық тудырып, көңілін аударатын әлеуметтік желілік ақпараттық орталықтар жоққа тән.

**Құрметті Ералы Лұқпанұлы!**

Жоғарыда баяндалған ақпараттар негізінде, суицидтік мінез-құлықтың алдын-алу мен болдырмау, кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылыққа, теріс ниеттегі ақпараттық шабуылдарға қарсы пәрменді шаралар жасау мақсатында төмендегідей ұсыныстарды қарап, жүзеге асыруды сұраймын:

- Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне «Білім беру процесіне қатысушыға байланысты буллинг/кибербуллинг *(құдалау)* үшін әкімшілік жауапкершілікті енгізу»;

- Білім беру ұйымының басшысы білім беру процесіне қатысушыға байланысты буллинг/кибербуллинг *(қудалау)* жағдайлары туралы уәкілетті органдарға хабарламағаны үшін жауапкершілік енгізу;
- Әлеуметтік-рухани күйзеліске ұшырап, мінез-құлқы өзгеріп, дағдарыста жүрген балалар мен жасөспірімдер үшін «Әлеуметтік-психологиялық бейімдеу орталықтарын» құрып, өңірлердегі олардың жүйесін қалыптастыру мен үйлестіру;
- Аймақтарда балалар мен жасөспірімдер үшін суицидолог-мамандар мен кеңесшілер санын көбейту;
- Мектептерде оқушылардың өзара жанжалдасуы мен текетіресінің, басқа да құқық бұзушылықтың алдын-алу үшін әлеуметтік оңалту мен татуластыру қызметтерін құру;
- Телекоммуникациялық-ақпараттық жүйелерде өзіне-өзі қол жұмсауды насихаттап, балалар мен жасөспірімдерді суицидке итермелейтін сайттар мен порталдар жұмысына тыйым салып, бұғаттау және оларға қарсы тиімді әлеуметтік желілер жұмысын жолға қою.

Осы ұсыныстарды қарап, тиісті министрліктер мен ведомстволардың, құзіретті органдар мен мемлекеттік емес ұйымдардың бұл бағытта бірлесе жұмыс жасауын қамтамасыз етіп, қажетті жағдайда қолданыстағы заңнамалық құжаттарға түзетулер мен толықтырулар енгізуге тапсырма беруіңізді сұраймын.

Сауалға заңмен белгіленген мерзім ішінде жазбаша түрде жауап беруіңізді өтінемін.

**Құрметпен, Р. ӘБДІКЕРОВ**
*24.02.2022 жылғы №16-13-88дз шығыс*





# Қосымша

Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің *(бұдан әрі - ҚСАЕК)* деректері бойынша 2020 жылы балалардың аяқталған суицидтің 144 фактісі және 307 суицидке әрекет тіркелді. Тергеу барысында 16-сі *(11%)* бойынша себеп анықталды, 68-і «басқа» санаты бойынша сараланды, ал 2021 жылы аяқталған суицидтің 175 фактісі және 373 суицидке әрекет тіркелді. Тергеу 7-еуі *(4%)* бойынша себептерді анықтады, 95-і «басқа» санатына бойынша сараланды.

Анықтама: аяқталған суицид жағдайларының өсуі Ақтөбе облысында 266,7%-ға *(3-тен 11-ге дейін),* Нұр-Сұлтан қаласында 160%-ға *(5-тен 13-ке дейін),* Алматы қаласында 140%-ға *(5-тен 12-ге дейін),* Атырау 133,3%-ға *(3-тен 7-ге дейін),* Қызылорда 57,1%-ға *(7-ден 11-ге дейін),* Түркістан 33,3%-ға *(30-дан 40-қа дейін),* Ақмола 33,3%-ға *(6-дан 8-ге дейін),* Батыс Қазақстан 28,6%-ға *(7-ден 9-ға дейін),* Шығыс Қазақстан облыстарында 22,2%-ға *(9-дан 11-ге дейін)* байқалды.

Жүргізілген талдау көрсеткендей суицидтің 67%-ын *(368 жағдай)* 15 пен 17 жас аралығындағы жасөспірімдер жасаған, суицид жасаған балалар мен жасөспірімдердің 69%-ы толық отбасыларда тәрбиеленген.

2021 жылы суицидке дейінгі факторлардың арасында жалғыздық сезімімен бас тарту *(1),* туыстарымен, ата-аналарымен жанжал *(7),* қолайсыз тұрғын үй жағдайлары *(1),* ауыр материалдық жағдай *(2),* анықталмаған себептер бойынша *(73),* басқа да себептер *(91)* байқалды.

Сонымен қатар, «Жанұя» отбасын қолдау орталығы» ҚҚ мен «Қазақ психологиялық қоғамы» РҚБ жүргізген зерттеу нәтижелері бойынша суицидтік мінез-құлықтың негізгі себептері:

1) бала-ата-ана қарым-қатынасы *(ренжіш, толқу, ұят, қорқыныш, қорғансыздық, сатқындық, өз-өзіне сенімсіздік)* - 64%;

2) психологиялық және физикалық зорлық-зомбылық - 20%;

3) жалғыздық сезімі *(ата-анадан айырылу қорқынышы)*, қарым-қатынастың бұзылуы *(досымен)*, өзін-өзі бағалаудың төмен сезімі - 16% болып табылатынын көрсетті.

Білім беру жүйесін де 7 мыңнан астам психолог және 4 мыңнан астам әлеуметтік педагог жұмыс істейді. 1876 психологиялық қызмет жұмыс атқарады *(800-ден астам балаға, 1 млн-ға жуық ата-анаға көмек көрсетілді, дағдарыстық жағдайларға ден қоюдың 3 мыңнан астам жағдайы).*

Білім беру ұйымдары педагог-психологтерінің жұмысын үйлестіретін әдістемелік қызметтерді нығайту шеңберінде Қостанай *(10 бірл.)*, Қарағанды *(4 бірл.)*, Ақтөбе *(9 бірл.)*, Батыс Қазақстан *(4 бірл.)* облыстарында, Алматы *(2 бірл.)*, Нұр-Сұлтан *(9 бірл.)* қалаларында психологиялық қолдау орталықтары *(бөлімдері)* ашылды.

Бірқатар өңірлерде *(Ақмола, Атырау, Қызылорда, СҚО, Алматы, Нұр-Сұлтан қалалары)* өмірлік дағдыны қалыптастыру және кәмелетке толмағандар арасында суицидтердің алдын алу бағдарламалары іске асырылуда.

Балалардың өзіне-өзі қол жұмсауының алдын алу мәселесі кешенді, жүйелі сипатқа ие, педагог-психологтердің тараптары-нан өзіне-өзі қол жұмсау мінез-құлқының белгілерін ерте анықтау және балаларға психологиялық-педагогикалық көмек көрсету бойынша құзыреттілік деңгейін үздіксіз арттыруды талап ететінін атап өткен жөн.





Анықтама: суицидтің алдын алу мәселелері және кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу жөніндегі шаралар Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасында, Баланың құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасында суицидтің көбеюі мәселелерін шешу жөніндегі 2020-2023 жылдарға арналған жол картасында, 2020-2022 жылдарға арналған Құқық бұзушылық профилактикасының кешенді жоспарында, Кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеу-шілігіне, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа және балаларға қатыгездікпен қарауға қарсы қылмыстардың алдын алу және профилактикасы жөніндегі 2019-2023 жылдарға арналған ведомствоаралық іс-қимыл жоспарында көрініс тапқан.

Ведомствоаралық жұмыс тобы шеңберінде ведомствоаралық өзара іс-қимылды күшейту, жұмысты жүйелеу жөніндегі іс-шараларды қамтитын және негізгі үш бағыттан *(әдістемелік қамтамасыз ету және сүйемелдеу кәмелетке толмағандардың аутодеструктивті мінез-құлқының алдын алу жөніндегі іс-шаралар, ақпараттық қамтамасыз ету)* тұратын кәмелетке толмағандардың аутодеструктивті мінез-құлқының алдын алу жөніндегі 2021-2022 жылдарға арналған іс-қимыл жоспары әзірленді және бекітілді.

Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясының базасында өңірлік психологиялық қызметтердің жұмысын үйлестіруді жүзеге асыру үшін Психология, тұлғаны тәрбиелеу және дамыту орталығы құрылды.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің *(бұдан әрі - ЕҰУ)* және Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ғылыми қоғамдастығын тарта отырып, жасөспірімдер арасында суицидтің алдын алу жөніндегі бірыңғай кешенді бағдарлама әзірлеу бойынша жұмыс жүргізілуде, онда латенттік қолайсыздық пен суицидтік

бейімділікті анықтау және «тәуекел тобындағы» балалармен жұмыс істеу бойынша құралдар көзделеді. ЕҰУ жанынан психологиялық қызмет зертханасы құрылды.

Бұдан басқа, Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесін бекіту *(БҒМ 25.05.2021 ж. №235 бұйрығы),* кәмелетке толмағанға қатысты зорлық-зомбылық және қатыгездікпен қарау фактілерін анықтау және олармен жұмыс істеу бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимыл бойынша нұсқаулық қабылданды *(БҒМ 31.12.2020 ж. №569 бұйрығы).*

Парламент Мәжілісінің депутаттары бастамашылық жасаған «Кейбір заңнамалық актілерге бала құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы шеңберінде Білім және ғылым министрлігіне *(бұдан әрі - БҒМ)* психологиялық қызметтер қызметінің үлгілік қағидаларын әзірлеу жөніндегі құзырет бекітілді, бұл олардың жұмысын қайта форматтауға және балалармен жұмыс істеу кезіндегі тәсілдерді біріздендіруге мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда психикалық денсаулықты қорғау және суицидтің алдын алу стратегиясы төрт бағыт бойынша дамуда *(халықты ақпараттандыру, мақсатты бағдарлама, алғашқы медициналық-санитарлық көмек деңгейінде көмектің қол жетімділігін қамтамасыз ету, медициналық және әлеуметтік көмек көрсету).*

Денсаулық сақтау министрлігінің Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығы *(бұдан әрі - ДСМ)* Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымыммен бірлесіп, 2022 жылғы қаңтардан бастап көп бейінді стационарларда *(Қостанай және Түркістан облыстары)* өзін-өзі зақымдауды эпидқадағалау жүйесін пилоттық енгізуді жүзеге асыруда.





Бұл жүйені енгізудің мақсаты жалпы халықтың денсаулығын қорғау, оның ішінде суицидтердің алдын алу бөлігінде бағдарламалар әзірлеу болып табылады.

Республикада 82 бастапқы психикалық денсаулық орталығы, аудандық ауруханаларда 201 психикалық денсаулық кабинеті жұмыс істейді.

Сонымен қатар, он жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар мен жастардың ұрпақты болу және психикалық денсаулығын қорғау бойынша медициналық көмек көрсететін 166 жастар денсаулық орталығы жұмыс істейді.

Әрбір медицина қызметкерінің өзіне-өзі қол жұмсау әрекеті кезінде психикалық денсаулық саласында медициналық-әлеуметтік көмек көрсету бойынша іс-қимыл алгоритмі айқындалған[2].

Халықтың психикалық денсаулық мәселелерінде хабардар болу деңгейін арттыру үшін 2020 жылғы сәуірден бастап БҰҰ Балалар қорының *(ЮНИСЕФ)* қолдауымен https://onlinehealth.kz интернет платформа жұмыс істейді, онда консультациялар *(онлайн),* жазбаша сұрақтарға жауаптар қолжетімді, өзіне-өзі көмек көрсету туралы ақпарат қамтылған, сондай-ақ психикалық денсаулық мамандарына көмек көрсету үшін ресурстар бар. Жұмыс жасаған кезеңде сайтқа 80 мыңнан астам пайдаланушы көрді, 400-ге жуық онлайн консультациялар өткізілді, ұсынымдар бере отырып, 200-ден астам жазбаша өтініш қаралды.

Осы платформада 22 мыңнан астам мамандардың қатысуымен 100-ден астам вебинар ұйымдастырылды. Вебинарлар жазбалары, сондай-ақ ақпарат ата-аналар, педагогтар, психологтар, дәрігерлер және өзге де мамандар үшін Dentalcenter

*[2]Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-224/2020 бұйрығымен бекітілген ҚР-ның халқына психикалық денсаулық саласында медициналық-әлеуметтік көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты.*

QAZAQSTAN YouTube арнасында белсенді жарияланады, бұл арнаның 2500-ге жуық жазылушысы және 115 мыңнан астам қаралымы бар.

**Білім беру процесіне қатысушыларды буллинг/кибербуллинг *(қудалау)* үшін әкімшілік жауапкершілікті енгізуге қатысты**

Парламент Мәжілісінің депутаттары бастамашылық жасаған «Кейбір заңнамалық актілерге бала құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы шеңберінде балаларды қудалаудан *(буллингтен)* және кибербуллингтен қорғау жөніндегі заңнамалық шараларды бекітуді көздейтін түзетулер қолдау тапты. «Бала құқықтары туралы» және «Білім туралы» Заңдарда баланы қудалау *(буллинг)* ұғымы енгізілді, баланың қудалаудан *(буллингтен)* қорғану құқығы бекітілді, баланың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органның баланы қудалаудың *(буллингтің)* алдын алу қағидаларын әзірлеу және бекіту жөніндегі құзыреті енгізілді.

«Байланыс туралы» және «Ақпараттандыру туралы» Заңдарға әлеуметтік желілерге арналған «онлайн-платформа», мессенджерлер үшін - «шұғыл хабарламалармен алмасу сервисі» түсініктерін енгізу жолымен Интернет желісінде құқыққа қайшы контентке қарсы іс-қимыл бойынша заңнамалық шараларды бекітуді реттейтін түзетулер енгізіледі, сондай-ақ кәмелетке толмағандар арасында буллингке *(кибербуллингке)* қарсы іс-қимыл жөніндегі негізгі тетіктер бекітіледі.

Бұл түзетулер балаларды қорлаудан *(буллингтен)*, оның ішінде кибербуллингтен қорғау жөніндегі шараларды заңнамалық бекітуге, сондай-ақ Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы





шеңберіндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 128-тармағын іске асыруға бағытталған.

Сонымен қатар, жұмыс топтарының отырыстарында Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске кәмелетке толмаған адамды қорлау *(қорлау)* үшін әкімшілік жауапкершілікті белгілейтін жаңа 127-2-бапты енгізу мәселесі пысықталып, ол Үкіметтің қорытындысымен қолдау тапты. Алайда бұл түзетулерді пысықтау барысында депутаттар тарапынан қолдау таппады.

**Буллинг/кибербуллинг *(қудалау)* жағдайлары туралы білім беру ұйымы басшысының уәкілетті органдарға хабарламағаны үшін жауапкершілікті енгізуге қатысты**

ӘҚБтК-нің 127-1-бабында білім беру, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарының құқық қорғау органдарына кәмелетке толмағандар жасаған немесе кәмелетке толмағандарға қатысты құқыққа қарсы іс-әрекеттер туралы хабарламағаны үшін әкімшілік жауапкершілікті көздейтін норма регламенттелген. Бұл норма 2019 жылдың сәуір айында енгізілді.

ҚСАЕК деректері бойынша осы бап бойынша 100-ден астам адам жауапкершілікке тартылды *(2019 ж. - 35, 2020 ж. - 38, 2021 ж. - 30).*

**Әлеуметтік-рухани күйзеліске, мінез-құлқының өзгеруіне, дағдарысқа ұшыраған балалар мен жасөспірімдерге арналған «Әлеуметтік-психологиялық бейімдеу орталықтарын» құруға, өңірлерде олардың жүйесін қалыптастыруға және үйлестіруге қатысты**

Жергілікті атқарушы органдардың құрылымында өмірлік қиын жағдайға тап болған, оның ішінде оған қатыгездікпен қарау салдарына ұшыраған балаларға арналған кәмелетке

толмағандарды бейімдеу орталықтары, өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларға арналған орталықтар жұмыс істейді.

Аталған ұйымдар арнаулы әлеуметтік қызметтер кешенін (*құқықтық, әлеуметтік, медициналық, психологиялық-педагогикалық және т.б.)* ұсына отырып, қабылдауды және уақытша ұстауды қамтамасыз етеді.

Ағымдағы жылдың басында республикада 28 ұйым жұмыс істейді.Ақмола *(1),* Ақтөбе *(1),* Шығыс Қазақстан *(1),* Жамбыл *(1),* Батыс Қазақстан *(1),* Қарағанды *(2),* Қостанай *(3),* Павлодар *(2),* Солтүстік Қазақстан облыстарында 18 ДБО *(3),* Түркістан *(1),* Алматы *(1)* және Нұр-Сұлтан *(1);* Алматы *(1),* Атырау *(1),* Шығыс Қазақстан *(3),* Қарағанды *(1),* Қостанай *(1),* Қызылорда *(1),* Маңғыстау *(1)* облыстарда және Шымкент қаласында *(1).*

Соңғы бес жылда КТБО және ӨҚЖТО қызметтерімен 20 мыңнан астам бала қамтылды.

Сонымен қатар, «Кейбір заңнамалық актілерге отбасын нығайту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасында жергілікті деңгейде балалы отбасыларға, оның ішінде жастардың ресурстық орталықтары базасында қолдау көрсетуге бағытталған отбасын қолдау орталықтарын құру көзделеді. Қазіргі уақытта бұл заң жобасы Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісінде.

**Өңірлерде балалар мен жасөспірімдер үшін суицидолог-мамандар мен консультанттардың санын ұлғайтуға қатысты**

Бүгінгі таңда бейінді мамандардың *(балалар психиатрлары, клиникалық психологтер)* жеткіліксіздігіне байланысты проблема бар.

Денсаулық сақтау жүйесінде Балалар мен жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқының алдын алу жөніндегі жұмыс психиатрлардың, психологтардың, жалпы практика дәрігерлерінің бірлескен жұмысы арқылы жүзеге асырылады.





ДСМ мәліметтері бойынша 2021 жылы психиатр-дәрігерлерге қажеттілік 150 маманды құрады. Кадр тапшылығын еңсеру үшін 2020 жылы «психиатрия» мамандығы бойынша оқуға 140 грант, 2021 жылы 98 грант бөлінді.

**Анықтама:** ДСМ 2020 ж. 21.12. №ҚР ДСМ-305/2020 бұйрығымен бекітілген Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасына, Денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларына сәйкес жеке маман - суицидолог жоқ.

Суицидтік мінез-құлық қаупі бар адамға көмек көрсету кезіндегі алғашқы медициналық-санитариялық көмек мамандарының және психиатр-дәрігердің іс-әрекеттері ДСМ 30.11.2020 ж. №ҚР ДСМ-224/2020«Қазақстан Республикасының халқына психикалық денсаулық саласында медициналық-әлеуметтік көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты» бұйрығымен регламенттелген. Осы бұйрық бұдан әрі бақылау және емдеу жоспарын, амбулаториялық және стационарлық емдеу үшін көрсеткіштер мен қарсы көрсеткіштерді дайындай отырып, тәуекелді бағалауды айқындайды.

Өзін-өзі зақымдау мен суицидтік әрекеттерді қоса алғанда, репродуктивті және психикалық денсаулықты қорғау бойынша медициналық көмекті ұйымдастыру Жастардың денсаулық орталықтары арқылы да жүзеге асырылады *(ҚР ДСМ 2020 жылғы 20 желтоқсандағы №ҚР ДСМ-285/2020 бұйрығы).* Бұл орталықтар профилактикалық, консультациялық-диагностикалық, медициналық-әлеуметтік, психологиялық және заң көмегін көрсетуді қамтамасыз етеді.

Денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің кәсіби деңгейін арттыру мақсатында 2021 жылы РПДҒПО базасында суицидтің алдын алу мәселелері бойынша әртүрлі бейіндегі 761 маман оқытылды.

**Жанжалдар мен басқа да құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін мектептерде әлеуметтік оңалту және татуластыру қызметтерін құруға қатысты**

Құқық бұзушылықтың алдын алу үшін білім беру ұйымдарының жанынан профилактикалық кеңестері, психологиялық қызметтер құрылды, олардың құрамына директорлардың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары, сынып жетекшілері, психологтар *(7 мыңнан астам),* әлеуметтік педагогтар *(4 мыңнан астам)* кіреді.

Жасөспірімдерді әлеуметтік-педагогикалық оңалту жеке түзету - алдын алу жұмысын, тәжірибелі мұғалімдер, мектеп инспекторлары қатарынан тәлімгерлерді бекітуді, құқықтық және әлеуметтік жалпы оқытуды, тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастыруды көздейді. Тұрақты негізде мүдделі органдардың қатысуымен «Жұмыспен қамту», «Түнгі қаладағы балалар», «Жасөспірім» және басқа да өңірлік және республикалық жедел-профилактикалық іс-шаралар өткізіледі.

Сонымен қатар, білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестер, ата-аналар комитеттері, әкелер кеңестері, Медиация қызметтері жұмыс істейді, олардың міндеттері оқушылар арасында қолайлы ахуал жасау, білім беру процесіне қатысушылар арасында жанжалды жағдайларға жол бермеу болып табылады.

Мектеп медиациясы қызметтерін енгізу мақсатында БҒМ әдістемелік ұсынымдар әзірлеп,оны іске асыру үшін өңірлерге жіберді *(2021 ж. 02.11. № 3-15-6/4476-и).*

Қазіргі уақытта мектеп медиациясы қызметтерін құру жөніндегі жұмысты білім беру органдары өңірлік сот органдарымен бірлесіп жүзеге асырады.





**Суицидті насихаттайтын сайттар мен порталдарға тыйым салуға және бұғаттауға қатысты**

Бұқаралық ақпарат құралдарына мониторинг жүргізу «БАҚ туралы» Заңмен, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарына мониторинг жүргізу қағидаларымен регламенттелген.

Мониторингті Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің *(бұдан әрі - АҚДМ)* талдау және ақпарат орталығы 24/7 режимінде жүзеге асырады.

Мониторинг қорытындысы бойынша бұзушылықтар анықталған жағдайда БАҚ меншік иелеріне оларды жою туралы ескертулер жіберіледі, осы талаптар орындалмаған жағдайда материалдар мен интернет-ресурстарға қол жеткізу сот тәртібімен не «Байланыс туралы» Заңның 41-1-бабының 1 -1 -тармағында белгіленген сотқа дейінгі бұғаттау тәртібімен тоқтатылады.

Материалдарда қылмыстық жазаланатын әрекеттердің белгілері анықталған кезде оларды таратушыларға қатысты жедел-іздестіру және қылмыстық іс жүргізу шараларын қабылдау үшін ішкі істер министрлігіне қажетті дәлелдеу базасы *(аудио бейнематериалдар, экрандық суреттер)* бар тиісті хат жіберіледі.

Бүгінгі таңда АҚДМ «В Контакте», «Одноклассники», «Mail.ru», «ДругВокруг», «Livejournal» ресейлік әлеуметтік желілердің өкілдерімен сындарлы өзара іс-қимыл орнатты.

Ағымдағы жылдың басынан бері АҚДМ ұсынымдары бойынша интернет-ресурстардың меншік иелері және әкімшіліктері 26 582 құқыққа қарсы материалдарды, оның ішінде 254 порнографияны, қатыгездік пен зорлық-зомбылықты, суицидті насихаттау бойынша жою шараларын қабылдады.

2022 жылдың басынан бері Қазақстан пайдаланушылары үшін 1254 материалға, оның ішінде порнографияны, суицидті насихаттайтын 602 материалға, көрінеу жалған ақпарат таратқаны үшін 163 материалға қолжетімділік шектелген.

Осы бағытта жұмыс жалғасуда.

*№21-09/1087 дс кіріс 28.03.2022 жыл.*
*№1167//21-09/1087дс шығыс 28.03.2022 жыл.*









*Депутаттар сенбілікке қатысты.*





*Сенатордың қарағандылық достары.*




*Санкт-Петерборда өткен ТМД елдерінің парламентаралық ассамблеясының 47-пленарлық отырысы.*






*Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Рысқали Әбдікеров.*


РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
КЫРГЫЗСКАЯ РЕСПУБЛИКА









*ҚР Парламенті Сенатының ҚХР-на сапар шеккен делегациясы.*





*Қытай қыздары Қазақстан делегациясымен суретке түсті.*



Рысқали Қалиақбарұлы жары Әсетпен Ватиканда.







Шетелдіктермен кездесу.



Депутат Р. Әбдікеров Ватиканға іс-сапарында
тарихи орында суретке түсті.



*Рыскең Рим папасының көмекшісімен қандай тақырыпта сөйлесіп тұр десеңізші?!*



*Ал мына ханымды не айтып күлдірді екен?!*









*«Ау, Рыске! Тұлпар құтты болсын!» дейміз бе?*



*Біздің депутаттар Қытайда бірнеше кездесуге қатысты.*




*Делегаттар кездесуге қатысуда.*







*Р.Әбдікеров халықпен кездесуден жалыққан емес.*




*Р. Әбдікеров депутат әріптестерімен.*



*«Достыққа адал болу керек» дейді Р.Әбдікеров.*



*Сенатор Р. Әбдікеров жан жары Әсетпен.*





**Қазақстан Республикасының**
**Премьер-Министрі**
**Ә.А. СМАЙЫЛОВҚА**

**Құрметті Әлихан Асханұлы!**

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев былтыр 20 қазанда Жезқазған қаласына барған сапарында қала тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесіне ерекше назар аударған болатын. «Адамдарды таза ауыз сумен қамтамасыз етуді Үкімет - әкімдікпен және «Қазақмыс» корпорациясымен бірлесіп қысқа мерзім ішінде, әрі кеткенде бір жарым жыл ішінде шешуі керек» деген тапсырма беріп, бұл мәселені бақылауында ұстайтынын ескерткен.

Жезқазған қаласы халқының негізгі тіршілік көзі - Кеңгір су қоймасы. Ол Қарағанды облысындағы ең ірі су шаруашылығы құрылымдарының бірі. Қала тұрғындары тұтынатын ауыз судың 60 пайыздан астамы осы ашық су қоймасынан, қалған бөлігі Үйтас-Айдос жерасты су көзінен алынады. Қаланы ауыз сумен жарым-жартылай ғана жабдықтап отырған 60 шақырым жердегі бұл кешеннің жерасты су көзінің құбыры жыл өткен сайын тозығы жетіп, жарамсыз болуға айналды. Нысан 1967 жылы пайдалануға берілген. Жоба бойынша жылына 30-35 млн. текше метр су беруі керек болса, кейінгі жылдарда бұл көрсеткіш 3 есеге дейін төмендеп кетті. Су көзіндегі бес ұңғыманың екеуі ғана жұмыс істейді.

Бүгінде су қоймасында 245 млн. текше метрдей су болғанымен, көлемі жобалық қуатынан 24 пайызға темен. Кейінгі жылдардағы құрғақшылыққа байланысты қойма

арнасы суға толмай, тиісті деңгейіне жетпей келеді. Сонымен бірге, төменгі бьефтегі шлюз арқылы ондаған жылдар бойы жиналған су ағызылып жіберілген жоқ. Су пайдаланушылар су қоймасы түбінде тұнып қалған лай мен өсімдіктердің шіріген қалдықтарын тазартқан да емес.

2011 жылғы 1 наурызда өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Су кодексінің 25-бабында: «Ерекше стратегиялық маңызы бар су шаруашылығы құрылыстары мемлекеттік меншікте болады және жалға, сенімгерлік басқаруға берілмейді және иеліктен шығаруға жатпайды», деп анық көрсетілген. Бұған дейін Үкіметтің 1996 жылғы 16 маусымдағы қаулысы бойынша Мемлекеттік мүлік комитетіне Кеңгір су қоймасын және гидротехникалық құрылымдар кешенін «Жезқазғантүстімет» АҚ құрамынан шығарып, республикалық Су ресурстары жөніндегі комитеттің құзырына беруді міндеттеген болатын. Бірақ бұл міндет әр түрлі сылтаумен орындалмады.

Осылайша стратегиялық маңызы зор нысан Су кодексінің және «Мемлекеттік мүлік туралы» заң талабына сай жекеменшік қолынан мемлекет иелігіне қайтарылмай қалды.

Қазір Кеңгір су қоймасы гидротехникалық құрылымдарымен бірге «Қазақмыс Дистрибьюшн» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің иелігінде.

Ал, енді екінші нысан «Қазгидропроект» институтының жобасы бойынша Жезді су қоймасы Жезді өзенін бөгеу арқылы 1969 жылы салынған. Аумағының сыйымдылығы - 76 млн. текше метр. Кезінде бұл қойма қалаға жақын орналасқан Талап ауылы аумағындағы 3 028 гектар алқапқа ауыл шаруашылығы мақсатында су беру үшін жасалды. Соның арқасында Жезқазған мен Сәтбаев қалалары көкөніс және сүт-ет өнімдерімен қамтамасыз етілуі тиіс болатын. Жақсы басталған жоба тәуелсіздік жылдарындағы құлдырауға ұшырады.





Үкіметтің Жезқазған, Сәтбаев қалалары мен Ұлытау ауданын әлеуметтік-экономикалық дамытудың кешенді жоспары туралы 2011 жылғы 3 қарашадағы *(№1283)* және 2019 жылғы 13 маусымдағы *(№400)* қаулыларында Жезді су қоймасына Талап суармалы жүйесінің магистралдық каналымен бірге қайта жаңарту жүргізу көзделген болатын. Өкінішке қарай, өңір үшін өзекті бұл жоба тек қағаз жүзінде қалып қойды.

**Құрметті Әлихан Асханұлы!**

Жезқазған қаласының халқы Кеңгір және Жезді су қоймалары Су кодексінің талаптарына сай пайдаланылып, ондағы қордаланған проблемалардың шешілуіне Үкімет оң ықпалын тигізеді деген үмітте.

Осыған байланысты мына сұрақтарға жауап беруіңізді сұраймыз:

Кеңгір, Жезді су қоймаларының мәртебесі заңнамалық тұрғыда қашан реттеледі?

Жезқазған қаласын толықтай жерасты суымен қамтамасыз ету мәселесін шешу Үкіметтің жоспарында бар ма?

Үйтас-Айдос жерасты су көзінің жобалық мүмкіндіктері толық қуатында пайдаланылуы үшін қосымша ұңғымаларын іске қосып, 60 шақырымдық су құбырын толықтай жаңарту қашан қолға алынады?

Адамдарды таза ауыз сумен қамтамасыз етуді Үкімет әкімдікпен және «Қазақмыс» корпорациясымен бірлесіп қысқа мерзім ішінде әрі кеткенде бір жарым жыл ішінде шешу жөніндегі Мемлекет Басшысының тапсырмасы қанша уақытта орындалады?

«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 27-бабына сәйкес депутаттық сауалды қарау нәтижесі туралы заңмен белгіленген мерзімде жазбаша жауап беруіңізді өтінеміз.

**Құрметпен,**
**Р. ӘБДІКЕРОВ**
**С. ЕРШОВ**
*№16-13-98дс шығыс 10.03.2022*





**Қазақстан Республикасы**
**Парламенті Сенатының**
**депутаттары**
**Р. Әбдікеровке,**
**С. Ершовқа**

**Құрметті депутаттар!**

Сіздердің Жезқазған қаласының тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз ету мәселелерге қатысты сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Жезқазған қаласының тұрғындары бір мезгілде екі көзден - Кеңгір су қоймасынан және Үйтас-Айдос жерасты су қоймасынан ауыз сумен қамтамасыз етіледі.

2019 жылдан судың аздығына және өңірінің қуаңдығына байланысты бастап Кеңгір су қоймасының көлемі жобалық деңгейге жетпейді. Оны республикалық меншікке берілген жағдайда тұтынушылардан су тарту үшін кіріс - 46,5 млн. теңге, ал жыл сайынғы пайдалану шығындары 200 млн. теңгеден астам болады. Су қоймасының су торабын реконструкциялауды және тостағанын 30 млн. $м^3$ көлемінде тұнбадан тазартуды ірілендірілген есептеулер бойынша шамамен 18,5 млрд теңгені талап етеді. Баяндалғанын ескере отырып, Кеңгір су қоймасын республикалық меншікке беру орынсыз болып табылады.

Сонымен бірге Жезқазған қаласының тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесін шешу үшін Үйтас-Айдос суағарын реконструкциялау және Қожамсейіт жерасты сулары кен орнында суағар салу жоспарлануда.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 20 қазандағы Қарағанды облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы жөніндегі кеңесте берген тапсырмасын орындау шеңберінде 4 жоба бойынша жобалау-сметалық құжаттама әзірленуде:

- жұмыс істеп тұрған ұңғымаларды реконструкциялау, жұмыс істемейтін ұңғымаларды және Айдос кен орнының құрама коллекторларын қайта бұрғылау;
- жұмыс істеп тұрған ұңғымаларды реконструкциялау, жұмыс істемейтін ұңғымаларды және Үйтас кен орнының құрама коллекторларын қайта бұрғылау;
- Қожамсейіт кен орнының су қабылдағышын салу.

Аталған жобалар бойынша мемлекеттік сараптамалардың оң қорытындыларын алғаннан кейін оларды іске асыруды бастау үшін қаржы қаражатын белу бойынша жұмыс жүргізілетін болады.

Қожамсейіт кен орнын ескере отырып, Үйтас-Айдос су тартқышын реконструкциялау жөніндегі жобаны іске асыру 2022-2024 жылдары жоспарланып отыр. Бүгінгі күні Үйтас-Айдос су тартқышының мүлкі коммуналдық меншіктен республикалық меншікке берілді.

Үйтас-Айдос су тартқышының мүлкін республикалық меншікке қабылдаудың экономикалық орындылығы су тартқышты республикалық бюджет қаражаты есебінен реконструкциялағаннан кейін Үйтас-Айдос жер асты сулары кен орнынан ауыз судың түсу көлемі 30%-дан 70%-ға дейін артуымен байланысты, соның салдарынан Жезқазған қаласының тұрғындарына берілетін ауыз судың сапасы едәуір жақсарады.

Жезді су қоймасына қатысты ағымдағы жылы зерттеу жұмыстарын жүргізу жоспарланғанын хабарлаймын, оның нәтижелері бойынша Жезді су қоймасын Талап суару





жүйесінің магистральдық каналымен реконструкциялауды жүргізу мәселесі бойынша шешім қабылданатын болады.

Бұдан басқа ағымдағы жылы «Қарағанды облысының Жезқазған қаласы сумен жабдықтауды ескере отырып, Эскулинск су тартқышын салу *(2-түзету)»* жобасының үшінші кезеңін аяқтау жоспарлануда, бұл Жезді, Сәтбаев қалаларын және Жезқазған қаласының бір бөлігін ауыз сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жалпы Жезқазған қаласының тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесін шешу Үкіметтің тұрақты бақылауында.

**Ә. Смайылов**
*№11-11/1402 дс шығыс 11.04.2022.*
*№1375//11-11/1402дс кіріс 11.04.2022.*
*2022 жылғы 10 наурыздағы №16-13-98дс*

**Қазақстан Республикасының**
**Премьер-Министрі**
**Ә.А. СМАЙЫЛОВҚА**

## Құрметті Әлихан Асханұлы!

Қазіргі таңда елімізде лифт шаруашылығын реттеу мақсатында ұлттық стандарт әзірленіп, арнайы жол картасы қабылданса да, лифтілердің жағдайы мен оларға техникалық қызмет көрсететін компаниялардың сапасы, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың осы саладағы бақылауының төмендігі жиі сынға ұшырауда.

2012 жылы лифт саласындағы лицензиялау алынып тасталып, қауіпсіздік мәселесі біраз тасада қалған еді. Көптеген сарапшылардың айтуынша, бұл өз кезегінде осы бағытта қызмет көрсететін небір жауапкершілігі төмен компаниялардың пайда болуына әкелген. Соның салдарынан соңғы бес жылда еліміздегі көпқабатты тұрғын үйлердегі лифтілерде апаттық жағдайлар көбейіп, азаматтарымыздың жарақат алу, қайғылы қазаға ұшырау оқиғалары орын ала бастады.

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі мен Қазақстан Лифтшілері Ұлттық Қауымдастығының мәліметтеріне сүйенсек 2018-2022 жылдар аралығында елімізде лифт ақауынан 13 төтенше жағдай тіркеліп, оның 8-і қайғылы жағдаймен аяқталған.

Бүгінгі күні еліміздегі көпқабатты тұрғын үйлерде шамамен 30 мыңнан астам лифт болса, соның 4 мыңнан астамы жөндеуді немесе ауыстыруды қажет етеді. Әсіресе, Павлодар *(1132 т/





лифт)*, Қарағанды *(852 т/лифт)*, Шығыс Қазақстан *(405 т/лифт)*, Батыс Қазақстан *(270 т/лифт)*, Ақтөбе *(242 т/лифт)* облыстарындағы тұрғын үйлердің лифтілері әбден тозған. Оның үстіне, кеңес заманынан қалған 4 300-ден аса лифт бар. Сондықтан бұл мәселе жұртшылықты қатты толғандырады.

Сонымен қатар лифт саласында отандық өнімдерді қолдау мәселесі де өткір тұрғанын атап өту керек.

Ресми деректер бойынша жыл сайын Қазақстанға 5 мыңнан астам лифт әкелінеді. Ал отандық өндірушілер лифтіге деген сұраныстың 21,4 пайызын ғана қанағаттандыра алады. Сондықтан бұл саладағы өзіміздің өндірісті дамытуға күш салу қажет.

Қазіргі уақытта елімізде лифт жабдықтарын шығаратын үш кәсіпорын жұмыс істейді. Оның бірі - Алматы қаласында *(«Алматылифт»ЖШС)*, екіншісі - Ақмола облысында болса *(«AUXE» Ақмола лифт жасау зауыты)*, үшіншісі - Алматы облысында орналасқан *(«LGS KAZAKHSTAN ELEVATOR CROUP» ЖШС).*

Жалпы жергілікті әкімдіктер тарапынан бұл саланы дамыту бойынша қажетті қолдау көрсетілмей отырғанын да атап өткен жөн.

**Мемлекет басшысы 2020 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында: «Кәсіпкерлікке қолдау көрсеткенде орта бизнеске де ерекше назар аудару керек» деп атап көрсеткен болатын.**

Сондықтан алдымен отандық өндірісті дамытуға басымдық бере отырып, соның ішінде лифтілерді монтаждау және оған қызмет көрсету жұмыстарының тиімділігіне қол жеткізу қажет.

Қорыта келе бүгінгі күні қабылданып жатқан шаралар лифт шаруашылығын жаңғырту бойынша тиісті нәтиже бермей отыр.

**Құрметті Әлихан Асханұлы!**

Сізден көтеріліп отырған мәселенің әлеуметтік маңыздылығын ескере отырып:

**• Елімізде отандық лифт шаруашылығын қолдау және дамыту мақсатында Арнайы шаралар әзірлеуді;**

**• Республика бойынша апаттық лифтерді жедел ауыстыру үшін Үкімет тарапынан несие беру тетіктерін қарастыруды;**

**• Лифт саласында бекітілген Ұлттық стандарттар талаптарының сақталуын қатаңдатып, жергілікті атқарушы органдарына әкімшілік-айыппұл санкцияларын қабылдау бойынша арнайы құзырет беруді және олардың тарапынан тиісті бақылауды күшейтуді;**

**• Жергілікті атқарушы органдардың тексеру парақтарына заңды тұлғада ұлттық стандарттың болуын тексеру мүмкіндігін белгілеуді;**

**• Елімізге күмәнді лифтілерді әкелуді шектеу тетігін әзірлеуді және осы жоғарыда көтерілген мәселелерді шешу бойынша басқа да шараларды Үкімет тарапынан қарастыруыңызды, және сауалға жауапты заңда белгіленген мерзімде жазбаша түрде беруіңізді сұраймыз.**

**Құрметпен,**
**Р. ӘБДІКЕРОВ**
**Н. БЕКНАЗАРОВ**
*№16-13-126дс шығыс 19.05.2022*





**Қазақстан Республикасы**
**Парламенті Сенатының**
**депутаттары**
**Н. Бекназаровқа,**
**Р. Әбдікеровке**

## Құрметті депутаттар!

Лифт шаруашылығы мәселелерін шешуге қатысты депутаттық сауалды қарап, мынаны хабарлаймын.

**Отандық лифт шаруашылығын қолдау және дамыту бойынша арнайы шараларды әзірлеуге қатысты**

Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жоба шеңберінде қызметін экономиканың басым секторларында жүзеге асыратын кәсіпорындарды, оның ішінде лифт өндірушілерді қолдау шаралары көзделген.

Айталық, жеңілдетілген кредит беру және пайыздық мөлшерлемені 6%-ға дейін субсидиялау жүзеге асырылады.

Кепілді қамтамасыз ету жеткіліксіз болған жағдайда кредит бойынша ішінара кепілдік беру құралы іске асырылады, онда кепілдіктің ең жоғары мөлшері ісін жаңа бастаған кәсіпкерлер үшін 85%-ды, жұмыс істеп жүрген кәсіпкерлер үшін 50%-ды құрайды, кепілдік сомасы тиісінше 360 млн. теңгеден және 1 млрд. теңгеден аспайды.

**Авариялық лифтілерді жедел ауыстыру үшін кредит беру тетіктеріне қатысты**

2011-2019 жылдар аралығындағы кезеңде тұрғын үй қорын жаңғырту мақсатында республикалық бюджет қаражаты есебінен 2 839 көппәтерлі тұрғын үйді *(бұдан әрі - КТҮ)*

күрделі жөндеуге 33,9 млрд теңге бөлінді, оның ішінде 2 054 лифт ауыстырылды.

Мемлекет басшысының 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Жолдауына сәйкес өңірлерге 2020-2021 жылдары республикалық бюджеттен қосымша 18,6 млрд теңге мөлшерінде бюджеттік кредиттер бөлінді, олар 520 КТҮ жөндеуге, сондай-ақ 1 232 лифтіні ауыстыруға мүмкіндік берді. Ағымдағы жылы 226 КТҮ жөндеуге 11,2 млрд теңге бөлінді.

**Ұлттық стандарттар талаптарының сақталуын күшейтуге және әкімшілік жазаларды қабылдауға қатысты**

Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2018 жылғы 28 қарашадағы бұйрығымен ҚРСТ «Мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған лифтілер, эскалаторлар, траволаторлар және көтергіштер» ұлттық стандарты бекітілді, онда мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған лифтілерді, эскалаторларды, траволаторларды және көтергіштерді жеткізуге, монтаждауға және пайдалануға қажетті талаптар көзделген.

«Тұрғын үй қатынастары туралы» және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңдарға сәйкес лифтілерді қауіпсіз пайдалану талаптарының және ұлттық стандарттардың сақталуын бақылау бойынша жергілікті атқарушы органдардың *(тұрғын үй инспекцияларының)* құзыреті көзделген.

Бұдан басқа «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодекске сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік нормаларын, оның ішінде лифтілерді пайдалану кезіндегі қауіпсіздік нормаларын бұзғаны үшін әкімшілік жаза көзделген.

Премьер-Министрдің орынбасары - Сауда және интеграция министрінің 2022 жылғы 14 наурыздағы және Ұлттық





экономика министрінің 2022 жылғы 15 наурыздағы бірлескен бұйрығымен лифтілерді қауіпсіз пайдалану талаптарын сақтау бойынша тексеру парағы бекітілді, ол техникалық реттеу саласындағы өнімге қойылатын талаптарды да қамтиды.

**Елге күмәнді лифтілерді әкелуді шектеуге қатысты**

Кеден одағының техникалық регламентіне сәйкес өнімді әкелу сатысында техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестікті бағалау туралы құжатты ұсыну міндетті.

Сондай-ақ Аккредиттеу субъектілерінің тізіліміне сәйкес Қазақстан Республикасында 3 сынақ зертханасы және талаптарға сәйкестікті тексеруді жүзеге асыратын 1 орган жұмыс істейді.

«Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» Кодекске сәйкес тауарлар тыйым салулар мен шектеулер сақтала отырып, Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізілетінін және кедендік рәсімдермен орналастырылатынын атап өткен жөн.

**Ә. Смайылов**
*№17-09/2820дс шығыс 20.06.2022*
*№2476//17-09/2820дс кіріс 20.06.2022*
*2022 жылғы 19 мамырдағы №16-13-126дс*

**Депутатам Сената Парламента**
**Республики Казахстан,**
**Н. Бекназарову**
**Р. Абдикерову**

## Уважаемые депутаты!

Рассмотрев депутатский запрос относительно решения вопросов лифтового хозяйства, сообщаю следующее.

**Касательно разработки специальных мер по поддержке и развитию отечественного лифтового хозяйства.**

В рамках Национального проекта по развитию предпринимательства на 2021-2025 годы предусмотрены меры поддержки предприятий, осуществляющих деятельность в приоритетных секторах экономики, в том числе для производителей лифтов.

Так, осуществляется предоставление льготного кредитования и субсидирование процентной ставки до 6%.

В случае недостаточности залогового обеспечения по кредиту реализуется инструмент частичного гарантирования, где максимальный размер гарантии составляет 85% для начинающих, 50% для действующих предпринимателей, сумма гарантии - не более 360 млн. тенге и 1 млрд, тенге соответственно.

**Касательно механизмов кредитования для оперативной замены аварийных лифтов**

В целях модернизации жилищного фонда в период с 2011 по 2019 годы за счет средств республиканского бюджета выделено 33,9 млрд тенге на капитальный ремонт 2 839





многоквартирных жилых домов *(далее - МЖД)*, в том числе проведена замена 2 054 лифтов.

В соответствии с посланием Главы государства от 2 сентября 2019 года регионам дополнительно в 2020 - 2021 годы из республиканского бюджета выделены бюджетные кредиты в размере 18,6 млрд тенге, которые позволили отремонтировать 520 МЖД, а также заменить 1 232 лифтов. На текущий год выделено 11,2 млрд, тенге на ремонт 226 МЖД.

**Касательно усиления соблюдения требований национальных стандартов и принятия административных взысканий**

Приказом председателя Комитета технического регулирования и метрологии от 28 ноября 2018 года утвержден национальный стандарт СТРК «Лифты, эскалаторы, траволаторы и подъемники для лиц с ограниченными возможностями», в котором предусмотрены необходимые требования к поставке, монтажу и эксплуатации лифтов, эскалаторов, траволаторов и подъемников для лиц с ограниченными возможностями.

Согласно законам «О жилищных отношениях» и «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» предусмотрена компетенция местных исполнительных органов *(жилищных инспекций)* по контролю за соблюдением требований безопасной эксплуатации лифтов и национальных стандартов.

Кроме того, в соответствии с Кодексом «Об административных правонарушениях» предусмотрено административное взыскание за нарушения норм промышленной безопасности, в том числе при эксплуатации лифтов.

Совместным приказом Заместителя Премьер-Министра - Министра торговли и интеграции от 14 марта 2022 года и

Министра национальной экономики от 15 марта 2022 года утвержден проверочный лист по соблюдению требований безопасной эксплуатации лифтов, который также содержит требования к продукции в сфере технического регулирования.

**Касательно ограничения ввоза в страну сомнительных лифтов**

В соответствии с техническим регламентом Таможенного Союза на стадии ввоза продукции обязательно предоставление документа об оценке соответствия требованиям технических регламентов.

Также согласно Реестру субъектов аккредитации в РК действуют 3 испытательных лаборатории и 1 орган, осуществляющий проверки соответствия требованиям.

Следует отметить, что в соответствии с Кодексом «О таможенном регулировании в Республике Казахстан» товары перемещаются через таможенную границу Евразийского экономического союза и помещаются под таможенные процедуры с соблюдением запретов и ограничений.

**А. Смайлов**

*№2476//17-09/2820дз от: 20.06.2022*

*На №16-13-126дс от 19 мая 2022 года*





**Қазақстан Республикасының**
**Премьер-Министрі**
**Ә.А. СМАЙЫЛОВҚА**

**Құрметті Әлихан Асханұлы!**

Мемлекет басшысы биылғы Қазақстан халқына Жолдауында: **«Еліміздің ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемін және оның қосымша құнын арттыру қажет. Бұл - стратегиялық міндет. Қазір тек бидай мен мал сатып отыратын заман емес»** деп атап өтті.

Шынымен де, бүгінгі күні елімізде жалпы егіс көлемі ұлғайып, ауыл шаруашылығының өнімі өсуде. Алайда, халыққа қажетті құс еті, көкөніс, қант, өсімдік майы, жеміс-жидектердің едәуір бөлігі сырттан әкелінеді.

Ашығын айтқанда, елімізді азық-түлік өнімдерінің барлық түрімен қамтамасыз етуге жағдайымыз толық жетеді. Дегенмен, Үкімет тарапынан суармалы жерлерді пайдаланудың тиімділігін арттыруға бағытталған қолдау мен инвестиция тартуды ынталандыру шаралары әлі де өз дәрежесінде емес.

Мәселен, Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Су ресурстары комитетінің мәліметі бойынша Қарағанды облысында 2022 жылы 28 мың гектар суармалы жерлерді қалпына келтіру жоспарланған болатын. Алайда, тиісті қаражат бөлінбегендіктен бұл жоспар толығымен іске аспай тұр.

Айта кету керек, Орталық Қазақстан аумағын сумен қамтамасыз етіп, үш бірдей өңірдің тіршілігіне қан жүгіртіп отырған, әлемде баламасы жоқ, Қаныш Сәтпаев атындағы канал аумағында 1990 жылдары суармалы егістік алқабының

көлемі 80 мыңға жуық гектарға жеткен. Бұл ретте, Павлодар облысының 42 мыңға жуық гектар жері, Қарағанды облысының 38 мыңға жуық гектар жері суландырылған.

Қазіргі уақытта, суармалы алқаптың көлемі небары 13 мыңға жуық гектар жер ғана. Оның 12 мыңға жуық гектары Павлодар облысына, 1 мыңға жуық гектары Қарағанды облысына тиесілі. Яғни, ауыл шаруашылығына арналған қуаттылықтың тек 10 пайызын ғана пайдаланып отырмыз. Ал қаналдың мүмкіндігі бұдан да әлдеқайда жоғары. Оның үстіне, әу бастағы есеп бойынша каналдың 1 млрд 200 млн. текше метр су беруге мүмкіндігі бар еді. Бірақ ешқашан толық қуаттылықпен жұмыс істеген емес.

**Ең қызығы, еліміздің оңтүстігінде суармалы егіншілікпен айналысу үшін су жеткіліксіз болып жатса, ал Орталық Қазақстанда су бар, бірақ, толық пайдаланбай отырмыз.**

Сонымен бірге, жекелеген өңірлерде жеміс-көкөніс өнімдерін жасақтайтын арнайы қойма инфрақұрылымы да жеткілікті деңгейде дамымағанын атап өткен жөн.

Сондықтан, заң талаптарына сай жер пайдаланушыларға суармалы жердің құнарлылығы мен өнімділігін арттыруға қатаң талап қоюмен бірге, мемлекет тарапынан қолдауды да жан-жақты күшейту қажет.

Сонымен қатар, қазіргі таңда аймақтарда су мамандарының тапшылығы да - өзекті мәселелердің бірі. Мәселен, өңірлерде инженер-гидротехник, инженер-гидрометрлер, техниктер, су реттеушілер мен су бақылаушылардың еңбекақылары 100-150 мың теңге аралығында. Бұл, өз кезегінде, білікті, кәсіби мамандардың тұрақтамай, басқа салаға кетуіне үлкен себеп болып отыр. Бүгінгі күні облысқа қарайтын канал филиалының өзінде 200-ден аса жұмыс орыны бос тұр.

Жалпы, суармалы жерлердің тиімділігін арттыру - елімізде азық-түлік қауіпсіздігін нығайтудың бірден-бір





жолы. Сондықтан, бұл салаға барынша басымдық берілуі тиіс. Суармалы жерлердің көлемі артса, елімізде азық-түлік өндірісі дамиды, агроөнеркәсіп кешенінің экспорттық әлеуеті артады, импорт азаяды.

**Құрметті Әлихан Асханұлы!**

Сізден көтеріліп отырған мәселенің аса маңыздылығын ескере отырып, Үкімет тарпынан келесі іс-шараларды қабылдауды сұраймын:

- Қаныш Сәтпаев атындағы каналдың қуаттылығын ауыл шаруашылығында толық пайдалануға мүмкіндік жасап, Қарағанды облысында суармалы жеміс-көкөніс алқабының көлемін арттыруды және оған тиісті қаражат бөлуді;
- шағын фермерлерге су үнемдеу технологияларын сатып алуға және құрылысқа берілетін субсидия көлемін 50% орнына 80%-ға дейін ұлғайтуды;
- су үнемдеу технологиясының қажеттіліктері үшін баламалы энергия көздерін салуды субсидиялауды;
- жеміс-көкөніс өнімдерін сақтайтын арнайы қойма салуға кәсіпкерлерді ынталандыру үшін инвестициялық субсидия мен жеңілдетілген несие беруді;
- су мамандарына ерекше еңбек жағдайын жасап, ауылдық жерде жұмыс істегені үшін қосымша үстемеақылар қарастыруды, сондай-ақ олардың дайындығы мен тәжірибелерін арттыруды және депутаттық сауалға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде жауап беруіңізді сұраймын.

**Құрметпен, Р. ӘБДІКЕРОВ**

*№16-13-17дз шығыс 29.09.2022 жыл.*

**Қазақстан Республикасының**
**Премьер-Министрі**
**Ә.А.СМАЙЫЛОВҚА**

## Құрметті Әлихан Асханұлы!

Халықаралық диабет федерациясының дерегі бойынша, өткен жылы әлемде қант диабетімен ауратын 537 млн. ересек адам тіркелген. Ал, Қазақстанда, бұл көрсеткіш шамамен 450 мыңға жуық адамды құрайды. Соның ішінде 17 жасқа дейінгі балалар саны **- 5 жарым мыңға жуықтаған.**

Алайда, елімізде ауыр дертке шалдыққандар саны одан да көп болуы мүмкін. Себебі, аталмыш дерт көпке дейін белгі бермейтіндіктен, науқастардың көбісі асқынған кезде ғана дәрігерге жүгінеді.

Әрине, біздің елімізде осындай науқастар емделу үшін амбулаториялық деңгейде қантты төмендететін дәрілік заттармен, медициналық бұйымдармен қамтамасыз етіледі.

Сонымен қатар, бүгінгі таңда қант диабеті - Қазақстандағы ең қымбат әлеуметтік маңызы бар аурулардың бірі. Ресми ақпарат бойынша, науқастарды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету үшін биыл 30 млрд. теңгеге жуық қаражат бөлінген.

Бірақ, өкінішке орай, Республикада қант диабетімен ауратын науқастардың саны жыл сайын 30 мыңға дейін өсуі байқалуда. Мәселен, Республика бойынша соңғы 10 жылда қант диабетімен сырқаттану көрсеткіші - 61%-ға өскен *(2012 жылғы 100 мың тұрғынға шаққанда 170,8, 2021 жылы - 275,8-ге дейін).* Ал, 2030 жылға қарай осындай науқастар саны 800 мыңнан асып түседі деп болжануда.





Оның үстіне, соңғы 10 жылдың ішінде *(2012-2021 жылдар кезеңінде)* қант диабетінен 32 мыңнан аса науқас қайтыс болған. Өлім-жітімнің осылай күрт өсуі коронавирус пандемиясының өткір кезеңіне тұспа-тұс келді *(қайтыс болғандардың саны - соңғы 10 жылда жалпы қайтыс болғандар санының 38%-ын құрайды).*

Сондықтан, қант диабетінің проблемасымен тек Денсаулық сақтау министрлігі ғана күресіп қоймай, аталмыш дертті алдын алу және оған қарсы әрекет ету үшін ведомствоаралық ынтымақтастық орнатып, **жүйелі шаралар қабылдануы тиіс.**

Әсіресе, дертке ұшыраған балалардың тамақтануына қатты көңіл бөлінгені дұрыс. Өз кезегінде, қант диабетімен ауратын жандарға арналған диеталық азық-түлік өнімдерінің қымбат болуына байланысты көптеген науқастарға олар қол жетімсіз болуда. **Осыған орай, бұл мәселені - Үкімет тарапы жан-жақты зерделеп қарастырған жөн деп санаймын.**

Сонымен қатар, еліміздің өңірлерінде эндокринолог дәрігерлердің жетіспеушілігі де - үлкен проблема болып отыр. Қазіргі таңда, Қазақстанда жеке секторда жұмыс істейтін мамандарды қоса алғанда, небары 900-ден аса эндокринолог дәрігер бар екенін атап өткен жөн.

**Құрметті Әлихан Асханұлы!**

Үкімет тарапынан жоғарыда айтылған мәселелерді ескере отырып, қант диабетімен тиімді күресу үшін бастапқы профилактика мен патологияны ерте анықтауға бағытталған **қант диабеті бойынша Ұлттық бағдарламасын әзірлеуді сұраймын, және оған келесі бағыттарды қосуды ұсынамын.**

- Қазақстанда мамандандырылған диабеттік көмек көрсетудің заманауи жүйесін құру;
- Көрсетілетін көмектің сапасын арттыру мақсатында диагностиканың және емдеудің заманауи әдістемелерін енгізу;
- Елімізде қант диабетінің таралуын дәл бағалау мақсатында

қант диабеті мен скринингтің жетілдірілген ұлттық тіркелімін пайдалану;

- Жүктілік кезінде, ана мен бала өлімін азайту үшін қант диабетін уақытылы және дер кезінде емдеу;
- Пациенттерге өзін-өзі бақылау әдістерін үйрету мақсатында қант диабеті мектептерін, диабеттік табан, диабеттік ретинопатия кабинеттерін арттыру;
- Эндокринологиялық аурулармен ауыратын пациенттердің өмір сүру ұзақтығын ұлғайту, сапасын жақсарту және мүгедектікті, өлімді төмендету;
- Еліміздің әр өңірі осы саланың білікті дәрігерлерімен барынша жеткілікті қамтамасыз етілуі үшін эндокринолог мамандарын дайындауды арттыру.

«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 27-бабына сәйкес депутаттық сауалды қарау нәтижесі туралы заңмен белгіленген мерзімде жазбаша жауап беруіңізді сұраймын.

**Құрметпен,**
**Р. ӘБДІКЕРОВ**
*№: 16-13-57дз шығыс 29.12.2022 жыл.*





**Қазақстан Республикасының**
**Парламенті Сенатының**
**депутаты**
**Р. Қ. Әбдікеровке**

## Құрметті Рысқали Қалиақбарұлы!

Сіздің қант диабетін алдын алу және емдеу мәселелеріне қатысты депутаттық сауалыңызды қарап, мынаны хабарлаймыз.

Соңғы 15 жылда әлемде, оның ішінде Қазақстанда қант диабетімен сырқаттанушылықтың айтарлықтай өсуі байқалады.

**Анықтама:** 2023 жылдың басында қант диабетімен диспансерлік бақылауда 449 мың адам бар *(2021 жылы - 418 мың),* оның ішінде 1-типті қант диабетімен ауыратын пациенттер - 27 мың *(2021 жылы - 26 мың),* 2-типті қант диабетімен ауыратын пациенттер - 422 мың *(2021 жылы - 392 мың).*

Сырқаттанушылықтың өсуі мінез-құлықтық тәуекел факторларының ұлғаюымен қатар, сондай-ақ 40 жастан асқан ерлер мен әйелдер арасында қант диабетін ерте анықтауға скринингтік қарап-тексерулер шеңберінде науқастарды белсенді анықтаумен байланысты.

**Анықтама:** 2022 жылы скринингтік қарап-тексерумен 1,5 млн. астам ересек тұрғын қамтылды *(2021 жылы - 1,4 млн.),* қант диабеті ауруының 18 мың жағдайы анықталды *(2021 жылы - 14 мың),* 13 мыңға жуық адам диспансерлік бақылауға алынды *(2021 жылы - 11 мың).*

Қант диабетімен ауыратын пациенттерді электрондық есепке алу Денсаулық сақтау министрлігінің «Диспансерлік

науқастардың электрондық тіркелімі» ақпараттық жүйесінде кешенді медициналық ақпараттық жүйенің *(КМАЖ)* деректері негізінде Аурулардың халықаралық жіктемесі - 10 бойынша E10-E14 кодтарымен жүргізіледі.

Қант диабетімен ауыратын пациенттер медициналық көрсетілетін қызметтерді тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық көмек көрсетудің барлық деңгейлерінде алады.

Талдықорған, Өскемен, Орал және Алматы қалаларында стационарлық жағдайда қант диабетімен ауыратын науқастарға мамандандырылған медициналық көмек көрсететін диабет орталықтары ашылды.

2023-2025 жылдары Қарағанды, Атырау және Сарыағаш қалаларында диабет орталықтарын ашу көзделген.

Бұдан басқа елде жұмыс істеп тұрған 130-ға жуық мемлекеттік «Диабет мектебі» *(оның ішінде «Диабеттік табан»)* және 19 жеке мектеп бар. Қант диабеті мектебі пациенттерді қант диабеті туралы дұрыс ақпаратпен қамтамасыз етеді, пациенттің өз денсаулығын сақтауға және емдеуші дәрігердің ұсынымдарын орындауға жауапкершілігін және оған белсенді қатысуын арттыру үшін оларды ынталандырады.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында эндокринологиялық көмек көрсету стандартының жобасы әзірленді, онымен емдеу тәсілдері, сондай-ақ қант диабеті диагностикасының әдістері өзектілендіреді, бұл науқастарға медициналық көмек көрсету сапасын жақсартады.

Бүгінгі таңда республикада «эндокринология» бейіні бойынша 964 дәрігер жұмыс істейді, оның ішінде жеке секторда жұмыс істейтіндер де бар. Мамандардың тапшылығы шамамен 53 бірлікті құрайды.





Резидентурада «Ересектер, балалар эндокринологиясы» мамандығы бойынша білім алушылар контингенті 148 адамды құрайды. 2023 жылы жоспарланып отырған шығарылым - 67 маман *(2020 жылы - 90 маман, 2021 жылы - 23, 2022 жылы - 30 шығарылды).*

«Дені сау ұлт» әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау» ұлттық жобасында *(Үкіметтің 2021 жылғы 12 қазандағы №725 қаулысымен бекітілген)* да қант диабетінің алдын алу, оның ішінде 2023 жылдан бастап акциз енгізу арқылы құрамында қант бар сусындарды тұтынуды реттеу жөніндегі іс-шаралар көзделген.

Ведомствоаралық өзара іс-қимыл мәселелері, сондай-ақ нормативтік құқықтық базаны, кадр саясатынодан әрі жетілдіру, қант диабетінің профилактикасына, оны ерте анықтауға және онымен ауыратын адамдардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған медициналық көмекті және ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыруды күшейту жөніндегі іс-шаралар Қазақстан Республикасында қант диабетімен ауыратын науқастарға медициналық көмекті жетілдіру жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған жол картасының жобасында *(бұдан әрі - Жол картасының жобасы)* көзделген.

Жол картасының жобасы орталық және жергілікті атқарушы органдармен келісу сатысында.

Бұдан басқа бүгінгі таңда С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің Университеттік ішкі аурулар клиникасының базасында елдегі алғашқы Эндокринология және метаболизм ғылыми орталығын құру мәселесі пысықталуда.

Аталған Орталық қант диабеті және мамандандырылған диабеттік көмек көрсетудің заманауи жүйесін құру мәселелері

бойынша үйлестіруші, ғылыми және әдістемелік жұмыс жүргізетін болады. Орталықты жабдықтау және ашу 2023-2024 жылдарға жоспарланған.

Осы бағыттағы жұмыс жалғасуда және Үкіметтің бақылауында.

**Ә. Смайылов**
*№21-09/6633 дс кіріс 26.01.2023*
*№ 275//21-09/6633дс шығыс 26.01.2023*
*2022 жылғы 29 желтоқсандағы*
*№16-13-57 дс*



Үшінші БӨЛІМ

# БАЯНДАМАЛАР, СӨЙЛЕГЕН СӨЗДЕР, СҰРАҚТАР

*(Сенат отырыстарының стенографиялық есептерінен алынған)*

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

*2017 жылғы 5 қазан*

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасы мен Сербия Республикасы арасындағы сотталған адамдарды беру туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде**

**Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Р.Қ.ӘБДІКЕРОВТІҢ қосымша баяндамасы**

ТӨРАҒА. Қосымша баяндама жасау үшін сөз Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Рысқали Қалиақбарұлы Әбдікеровке беріледі.

ӘБДІКЕРОВ.Р.Қ. Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, құрметті әріптестер!

Палатаның қарауына ұсынып отырған шарттың басты мақсаттары мен маңыздылығы жөнінде және оны ратификациялау қажеттігі туралы Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасары Ахметжанов Марат Мұратұлы жан-жақты баяндап берді.

Қазіргі таңда іскерлік, туристік сапарлар немесе білім





алу мақсатындағы өзара қарым-қатынас аясы Қазақстан мен Сербия азаматтарының арасында да кеңейіп келеді.

Осы орайда ізгі істермен қатар кейбір азаматтар тарапынан қылмыс жасау мүмкіндігін де жоққа шығара алмаймыз.

Сондықтан бұл шарт Қазақстан Республикасы мен Сербия Республикасы арасындағы сотталған адамдарды беру саласындағы ынтымақтастықты орнатуға, сондай-ақ сотталған адамдарға өзінің қоғамдық ортасында жазасын өтеуге мүмкіндік жасауға бағытталған.

Сонымен қатар шартта сотталған адамдарды өз отанында жазасын одан әрі өтеуі үшін бір мемлекеттен екінші мемлекетке берудің ұйымдастырушылық-құқықтық тетігі нақты реттелген.

Шартта Қазақстан Республикасының Конституциясына қайшы келетін нормалар жоқ. Заң жобасы комитеттің кеңейтілген отырысында заң бастамашыларының қатысуымен жан-жақты талқыланды. Сенаттың басқа комитеттері заң жобасын қолдайтындықтары жөнінде өздерінің оң қорытындыларын берді.

Құрметті әріптестер, Мәжіліс мақұлдаған осы заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

*2017 жылғы 12 қазан*

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының Халықаралық Валюта Қорына, Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкіне, Халықаралық Қаржы Корпорациясына, Халықаралық Даму Қауымдастығына, Инвестициялар Кепілдігінің Көпжақты Агенттігіне, Инвестициялық Дауларды Реттеу жөніндегі Халықаралық Орталыққа, Еуропа Қайта Құру және Даму Банкіне, Азия Даму Банкіне, Ислам Даму Банкіне мүшелігі**

ТӨРАҒА. Руслан Ерболатұлына сұрақтарыңыз бар ма, Сенатор Әбдікеров?

ӘБДІКЕРОВ Р. Рақмет, құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Менің сұрағым Тимур Мұратұлына. Қаржы әлемін және бірқатар ірі халықаралық қаржылық институттар бар екенін біз жақсы білеміз. Олардың өңірлерімізді дамытуға, сондай-ақ экономикамыздың түрлі салаларын жандандыруға айтарлықтай оң әсерін тигізетіні де мәлім.

Осыған байланысты ұсынылып отырған заң жобасы бойынша мынадай сұрақ туады.Жоғарыда аталған халықаралық банктер мен қаржылық институттар деңгейіне ұмтылған Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкінің ел экономикасын





дамытуға қосар үлесіне, салыстырмалы түрде алғанда, басқа банктерден артықшылықтары мен мүмкіндіктеріне толығырақ тоқтала кетсеңіз және аталған банкке мүшелікке өту Қазақстанға қаншалықты ұтымды? Рақмет.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

*2017 жылғы 26 қазан*

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасы мен Сауд Арабиясы Корольдігі арасындағы ұстап беру туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде**

ТӨРАҒА. Мәселені талқылауға көшеміз. Бұл мәселе бойынша қандай ұсыныстарыңыз бар, Сенатор Әбдікеров?

ӘБДІКЕРОВ.Р. Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, құрметті әріптестер!

Халықаралық қатынастар жедел дамып, техникалық прогресс өркендей түскен қазіргі заман жағдайында бір мемлекеттің аумағында қылмыс жасаған адам оның шегінен шығып, басқа мемлекеттің аумағында жасырынып, қылмыстық әрекетін жалғастыруы мүмкін екені баршаға мәлім. Осыған орай мемлекеттердің мұндай әрекеттерге тосқауыл қою жолындағы өзара күш-жігерді біріктіре отырып, қылмыс жасаған адамдарды ұстап беру институтын дамытуды қолға алып, халықаралық құқықтық қарым-қатынасты тереңдете түсуі табиғи жағдай.

Бүгін сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған «Қазақстан Республикасы мен Сауд Арабиясы Корольдігі арасындағы ұстап беру туралы келісімді ратификациялау





туралы» Заң жобасы да қылмысқа қарсы күресте халықаралық күш-жігерді біріктірудің бір көрінісі деген ойдамын.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы мен Сауд Арабиясы құзыретті органдарының қылмысқа қарсы өзара іс-қимыл жасауды бірлесіп қолға алуы маңызды бағыт деп санаймын.

Осы келісім мемлекеттер арасындағы адамдарды ұстап берудің құқықтық рәсімдерін реттейді. Сондай-ақ қылмысқа қарсы күрес саласында екі мемлекет арасындағы ынтымақтастықтың тиімділігін арттыра түсетіні сөзсіз.

Бұл жалпы алғанда, елде заңдылық пен құқық тәртібін жақсартуға, қылмыстың өсуін төмендетуге септігін тигізеді. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау дәрежесін жақсартады деген ойдамын.

Осы айтылғандарды ескере отырып, аталған заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

*2017 жылғы 16 қараша*

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «2018-2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде**

ТӨРАҒА. Рақмет.

Енді сұрақтар мен жауаптарға көшеміз.

Сенатор Әбдікеров.

ӘБДІКЕРОВ Р. Рақмет, құрметті Төраға.

Бекітіліп отырған үш жылдық бюджеттің әлеуметтік маңыздылығын ескере отырып, мен сұрағымды Қаржы және Инвестициялар және даму министрліктеріне арнаймын.

Құрметті Бақыт Тұрлыханұлы, жергілікті атқарушы органдардың мәліметі бойынша республикада 78 мыңнан астам көппәтерлі тұрғын үйлер бар. Олардың төрттен біріне күрделі жұмыстар жүргізу қажет. Сондай-ақ ресми деректер бойынша республикада көппәтерлі тұрғын үйлердің 2,5 мыңы апатты жағдайда.

Тек қана Қарағанды облысының Жезқазған қаласында 29 көппәтерлі түрғын үйді апатты деп танып, тиісті мекемелер техникалық сараптама қорытындыларын берген.

Соның ішінде 12 көппәтерлі тұрғын үй күрделі жөндеуді, ал 17 апатты жағдайда және құлатуды қажет етеді. Тұрғын үй қорынан орын алған бұл жағдай барлық өңірлерге де тән.





Ал қалалық және облыстық бюджет есебінен бұл мәселені шешу мүмкін емес. Осыған орай, менің сұрағым, апатты үйлердің көптігіне және адам тағдырына тікелей қатысты болғандықтан неге салалық бағдарлама әзірленіп, республикалық бюджеттен қаражат қаралмаған?

Рақмет.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

*2017 жылғы 28 желтоқсан*

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заң-намалық актілеріне Жәбірленушілерге өтемақы қоры мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде *(бірінші оқылым)***

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, бұл мәселені талқылауымыз қажет. Қандай ұсыныстарыңыз бар?

Сенатор Әбдікеров.

ӘБДІКЕРОВ.Р. Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, құрметті әріптестер! Бүгінгі таңда жаһандық прогрестің өріс алуына қарай көптеген мемлекетте адам құқығы мен бостандығына байланысты атқарылар шаралар ауқымы ұдайы ұлғая түсіп отырғанын байқауға болады.

Бұл ретте біздің елімізде де бірқатар игі шаралардың жүзеге асырылып жатқаны белгілі. Әсіресе қылмыстық-процессуалдық процесті жетілдіру бағытында Қазақстан Республикасының жаңадан қабылданған қылмыстық және қылмыстық-процессуалдық заңнамасында адам құқықтарын қорғау бірінші кезектегі міндет екені баса айтылғанын атап көрсеткеніміз жөн.

Осылайша Қылмыстық-процессуалдық кодекстің жаңа редакциясына «Жәбірленушілерге зиянды өтеу қоры» деген





арнайы 173-ші бап енгізілді. Кодекске енгізілген бұл норма тиісті органдардың «Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы» жеке заң жобасының әзірленуіне себеп болды.

Назарларыңызға ұсынылып отырған бұл заң жобалары адамның құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беру жолдарын одан ары жетілдірудің шынайы көрінісі деп білеміз.

Заң жобаларында жәбірленушілердің құқықтарын қорғау тетігін қалыптастыру, жәбірленушілерге, олардың заңды өкілдеріне тіркелген материалдық көмек көрсету үшін қолайлы құқықтық жағдай жасау, сондай-ақ өтемақы қорындағы құқықтық, ұйымдық, қаржылық, әкімшілік-өкімдік ресурстарды шоғырландыру жолымен жәбірленушілерді қаржыландыру және оларға қаражат төлеу тәртібін жүйелендіру көзделген.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қылмыстық құқық бұзушылықтан зардап шеккендерге біржолғы қаржылай көмек көрсету механизмі бұрын болмағанын ескерсек, бұл заң жобаларын қабылдау жәбірленушілердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды нығайта түсетіні анық.

Алайда қылмыс құрбандарына өтемақы төлеу үшін құрылатын кейбір өркениетті елдердегі қорларда және осы бағытта жасалатын бағдарламаларда залалды өтеу мәселесінің жәбірленушілерге тегін медициналық, психологиялық және заңды көмек берумен қатар, оларды әлеуметтік тұрғыдан интеграциялаумен, қауіпсіздігін қамтамасыз етумен ұштастырылатынын атап өткен жөн. Осындай тәжірибе келешекте бізде де ескерілсе деген ұсыныс бар.

Тұтастай алғанда заң жобаларында адамға қатысты қылмыстық бұзушылықтар жасалған жағдайда, оның құқықтарын қорғауды және мемлекет тарапынан өтемақы алу мүмкіндіктерін іске асыруды нақты көрсететін әлеуметтік-құқықтық бағыт бар.

Әрине бұл жұртшылықтың билікке деген сенімін арттыра түседі. Осылайша Елбасымыздың осы бағыттағы саясатын заң тұрғысынан бекемдеуге дер кезінде қадам жасалып отыр деп толық айтуымызға болады. Осы айтылғандарды ескере отырып, аталған заң жобаларын қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.





## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

*2018 жылғы 1 наурыз*

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өнеркәсіптік тауарларға қатысты өзіндік ерекшелікті субсидияларды Еуразиялық экономикалық комиссиямен ерікті келісу және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өзіндік ерекшелікті субсидияларды беруіне байланысты талқылауларды Еуразиялық экономикалық комиссияның жүргізу тәртібі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде**

ТӨРАҒА. Тимур Мұратұлына сұрақтарыңыз бар ма?

Сенатор Әбдікеров.

ӘБДІКЕРОВ Р. Рақмет, құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Менің баяндамашыға бір сұрағым бар. Тимур Мұратұлы, осы келісім бойынша тетік енгізіліп, оған Еуразиялық экономикалық комиссия тексеру жүргізе алатынын жаңа ғана атап көрсеттіңіз. Осыған байланысты аталған комиссия аясында тексеру жүргізуге кім және қандай жағдайларда бастама жасай алады? Егер мемлекет комиссияның шешімімен келіспесе, мұндай мәселені басқа жолмен шешуге болады ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Жауап беріңіз.

СҮЛЕЙМЕНОВ.Т.М. Сұрағыңызға рақмет. Жалпы талқылауларға бастама жасайтын уәкілетті орган біздің министрлік болып табылады.

Біріншіден, тиісті бизнес-қоғамдастық немесе уәкілетті салалық мемлекеттік орган бізге өтінім жасайды. Біз оны қарастырып, ресми түрде Еуразиялық экономикалық комиссияға жібереміз. Талқылауларға бастама жасауға келісімде ешқандай шектеулер жоқ.

Екінші сұрағыңызға келсек, егер мемлекет Еуразиялық экономикалық комиссияның шешімімен келіспейтін болса, онда біздің кез-келген жағдайда одақтың экономикалық сотына жүгіну туралы құқығымыз бар.





## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

*2018 жылғы 27 қыркүйек*

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өлшем бірлігін қамтамасыз ету және стандарттау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

**Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде *(бірінші оқылым)***

ТӨРАҒА. Сенатор Әбдікеров сұрақ қояды.

ӘБДІКЕРОВ.Р. Рақмет. Менің сұрағым Инвестициялар және даму министріне.

Құрметті Жеңіс Махмұдұлы! Жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолдың сапасына да тікелей байланысты екені белгілі. Осыған орай елімізде соңғы бес жылда көлік жолдарының құрылысы мен жөндеу жұмыстарына 1 триллионнан астам теңге бөлінген. Алайда республикалық бюджеттен бөлінген қаржы өзін толықтай ақтамай отыр, себебі халықаралық рейтинг көрсеткішінде Қазақстан көлік жолдарының сапасы бойынша 138 елдің ішінде 108-ші орында екен. Бұл көңіл көншітпейтін статистикалық деректерге осы саладағы жемқорлықтың белең алуы басты себеп болып отырғаны жасырын емес.

Мысалы, Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің ақпараты бойынша соңғы үш жылда жол мәселесіне байланысты жемқорлық бағытында 100-ге тарта сотқа дейінгі тергеу жұмыстары жүргізілген екен.

Осыған байланысты келесі сұрақтар. Бұл салада жемқорлық-ты барынша азайту үшін сандық технологиялар қаншалықты қолданылуда? Осы өзекті мәселені шешу үшін басқа қандай іс-шаралар қолға алынуда? Рақмет.

ҚАСЫМБЕК Ж.М.

Рақмет сұрақтарыңызға.

Расында да, соңғы 10 жылдың ішінде республикалық бюджеттен көп қаражат республикалық маңызы бар жолдарға жұмсалды. Оның нәтижесін өздеріңіз көріп жүрсіздер. Жалпы республикалық маңызы бар жолдардың сапасы қазір жоғары. Сіз айтқан рейтинг жергілікті маңызы бар жолдарды қосады. Сондықтан осы рейтингте біз сол орында тұрмыз.

Ал енді тек республикалық маңызы бар жолдарды алатын болсақ, онда бұл рейтинг бойынша біз жоғары тұратын едік.

Екінші мәселе - жергілікті жолдар. Елбасы осы жылғы Жолдауында жолдарға жыл сайын қосымша 150 миллиард теңге белу керек деп айтып кетті, Үкіметке сондай тапсырма берді. Осы жылдан бастап біз сол қаражатты бөліп жатырмыз, 50 пайызы республикалық бюджеттен *(75 миллиард)*, 50 пайызы жергілікті бюджеттен *(75 миллиард)*. Келесі жылға да солай жоспарлап отырмыз.

Соның арқасында алдағы 5-6 жылдың ішінде біз жергілікті жолдардың сапасын көтереміз деп жоспарлап отырмыз.

Сіз айтқан екінші мәселе - заманауи техникамен сараптама және зерттеу өткізу, жолдарды бақылау. Бір жыл бұрын осы мәселе бойынша Елбасының тапсырмасы болды.





Қазір әр облыста арнайы облыстық жол лабораториялары бар. Олар осы жылдан бастап тек қана республикалық жолдарды емес, жергілікті жолдарды да тексеретін болады. Ол мекемелер арнайы заманауи техникамен жабдықталған. Бақылау жүргізілуде.

Сіз жаңа айтып кеттіңіз, 100-ден астам қылмыс деп. Ондай ақпарат бізде жоқ.

Соңғы 2-3 жылдың ішінде сотта қаралған қылмыстардың көлемі 4-5, одан аспайды.

Рақмет.

ТӨРАҒА. Сенатор Әбдікеров.

ӘБДІКЕРОВ.Р. Министрдің жауабы мені қанағаттандыр-мады, аяқ жағындағы сұрақтарға жазбаша жауап берсін.

ТӨРАҒА. Жақсы, қабылданды.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

*2018 жылғы 26 қараша*

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «2019-2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде**

ТӨРАҒА. Келесі сұрақты сенатор Әбдікеров қояды.

ӘБДІКЕРОВ.Р. Менің сұрағым Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министріне.

Құрметті Тимур Мұратұлы, бүгінде жергілікті бюджеттердің республикалық бюджеттен берілетін трансферттерге тәуелділігі жылдан жылға артып келе жатқандығы байқалып отыр. Салыстырмалы түрде айтсақ, 2019 жылғы республикалық бюджеттен өңірлерге берілген субвенцияның көлемі 2018 жылмен салыстырғанда 11 миллиард теңгеге жуық өсіп, 1 триллион 584 миллиард теңгені құрап отыр. Яғни бұл республикалық бюджет шығындарының 15,1 пайызы.

Бұған қоса, қаралып отырған заң жобасында 2019 жылға арналған ағымдағы нысаналы трансферттерді облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, Астананың бюджеттеріне 35 бағыт бойынша беру көзделгенін ескерсек, онда жергілікті бюджеттердің кірістерінде трансферттер үлесі бүгінгі таңда 55 пайыздан кем емес. Ал кейбір өңірлер бойынша кірістердегі трансферттер үлесі 75 пайыздан астам.





Осыған орай жергілікті бюджеттердің кіріс бөлігін ұлғайтып, дербестігін арттыру бойынша Ұлттық экономика министрлігі жергілікті органдармен бірлескен қандай іс-шараларды жүзеге асыруда? Рақмет.

СҮЛЕЙМЕНОВ.Т.М. Сұрағыңызға рақмет. Рұқсат болса, толық ақпаратты орысша берейін.

У нас два направления работы. Первое - это развитие бюджета четвертого уровня, это реформа в рамках Плана нации «100 конкретных шагов». С 1 января 2018 года в 1062 сельских округах такие бюджеты созданы. Есть доходная часть, есть 19 расходных направлений, работа ведется. По итогам исполнения бюджета мы подготовим аналитическую справку о том, как нам дальше двигаться, нужны ли дополнительные источники дохода в виде передачи части налогов из республиканского либо областного уровня. Это будет ясно по итогам мониторинга.

Если в целом говорить о взаимоотношении центра и регионов, ключевой реформой является рассмотрение вопроса о передаче части корпоративного подоходного налога от малого и среднего бизнеса на уровень регионов. Глава государства в январском Послании народу Казахстана такое задание дал Правительству. Соответствующую работу с регионами, с нашей наукой мы провели. Мы определили, если только по крупным налогоплательщикам оставим деньги на уровне республики, а по остальным *(малый бизнес, средний бизнес, микробизнес)* оставим на уровне областей, это даст большой экономический потенциал и прямой экономический стимул для акимов различных уровней для того, чтобы развивать инвестиционный климат, развивать бизнес, обеспечивать правильное налоговое администрирование на местах, потому что сейчас заинтересованность не такая большая, потому что все уходит в республику.

Ключевой реформой является передача корпоративного подоходного налога от малого и среднего бизнеса на уровень регионов.

В следующем году, как вы знаете, завершается действие закона о трехлетних трансфертах общего характера, поэтому будет пересмотрена методика трансфертов общего характера, а также распределение трансфертов общего характера на следующий трехлетний период. Как раз там вопросы, связанные с расходной частью, пересмотром доходной части местных бюджетов, будут непосредственно закреплены. Рақмет.

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Әуе кемелерін заңсыз басып алуға қарсы күрес туралы конвенцияны және Әуе кемелерін заңсыз басып алуға қарсы күрес туралы конвенцияны толықтыратын хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде**

ТӨРАҒА. Келесі сөз сенатор Әбдікеровке беріледі.

ӘБДІКЕРОВ Р. Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, құрметті әріптестер!

Азаматтық авиацияның серпінді дамуы және халықаралық әуе жолдарын барған сайын барынша қарқынды пайдалану - халықаралық әуе қатынастарының маңызын бірнеше есе арттыратыны сөзсіз.

Өз кезегінде азаматтық авиацияға қарсы бағытталған террористік актілер азаматтық авиацияның қауіпсіздігіне ғана емес, бүкіл әлемдегі саяси және экономикалық тұрақтылыққа да елеулі қатер төндіруін жалғастырып отырғанын атап өту қажет.

Оған мысал ретінде 2001 жылғы 11 кыркүйектегі АҚШ-тағы террористік акті, 2004 жылғы 24 тамызда Ресейде әуеде бір





мезгілде болған екі жолаушылар ұшағының қатар жарылысын айтуға әбден болады.

Осы тұста қаралып отырған хаттама қатысушылардан ұшу қауіпсіздігіне жаңадан туындап отырған бірқатар қауіп-қатерлермен күресуге, жолаушыларды қорғау деңгейін көтеруге, жалпы азаматтық авиация қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Сонымен қатар, конвенция ережелерін қабылдау Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік кеңесінің терроризмге қарсы іс-қимыл талаптарын сақтауға, азаматтық авиацияның ұшу қауіпсіздігінің қауіп-қатерлеріне қарсы тиісті түрде әрекет етуге, сондай-ақ елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге толықтай мүмкіндік береді.

Қазақстанның әуе кемелерін заңсыз басып алудың жолын кесу мәселелері бойынша басқа мемлекеттермен ынтымақта-суы және осы бағыттағы заңнаманы дамыту, халықаралық ұшу қауіпсіздігі деңгейін арттыруға ықпал етіп, республиканың транзиттік-көліктік әлеуетіне оңынан әсер ететіні сөзсіз.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде аталған заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

*2018 жылғы 6 желтоқсан*

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кинематография мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде *(бірінші оқылым)***

ТӨРАҒА. Құрметті сенаторлар, министр мырзаға сұрақтарыңыз бар ма?

Сенатор Әбдікеров.

ӘБДІКЕРОВ Р. Рақмет, құрметті Төраға.

Құрметті Арыстанбек Мұхамедиұлы, Елбасы биылғы Жолдауында Ішкі істер органдарының қызметкерлері қылмыспен күресте алдыңғы шепте жүреді, көбіне өз басын қауіп-қатерге тігіп, азаматтарды қорғайды деп атап көрсетті. Расында да Ішкі істер министрлігінің ақпаратына сүйенсек, тәуелсіздік жылдарында полиция және Ұлттық ұлан қызметкерлерін қоса алғанда, мемлекеттік марапаттауға 130 адам өз қызметін атқару кезінде қаза болғаннан кейін ұсынылған екен.

Полиция қызметкерлерінің азаматтардың алаңсыз өмірін, қоғам қауіпсіздігін қорғаудағы осындай ерлік істері көрші Ресей мемлекетіндегідей кино тілінде сөйлеп, көркем туынды болғанын қалар едік.





Осыған орай менің қоятын сұрағым: өмірлері қауіп-қатерге толы құқық қорғау органдарының қызметкерлері туралы тәрбиелік мәні жоғары сапалы көркем туындылар жасау жоспарларыңызда бар ма? Рақмет.

МҰХАМЕДИҰЛЫ А. Сұрағыңызға рақмет. Бұл өте күрделі мәселе.

Біздің негізгі бағытымыз - еліміздегі батырлардың ерлігін көрсетіп, Сіз айтқандай, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің ерлігін көрсету, біздің елімізд ің жетістіктерін көрсету.

3-4 жылдың аясында біз тарихи және өзіміздің рухты көтеретін бірнеше фильм жасадық. Қазіргі уақытта Жақсылық Үшкемпіров туралы кинотуынды түсіріліп жатыр.

Сонымен қатар, өздеріңіз білесіздер, жақын арада «Әміре» фильмі Голливудтағы ең үздік шетелдік фильм аталды. Бұл фильмнің 2/3-і Мәдениет министрлігінің қаражатына түсірілді, ал 30 пайызы жеке кәсіпкер Алидар Өтемұраттың қаражатына түсірілді. Сондай тиімді шаралар іске асырылып жатыр.

Әрине, біздің алдымызға қойған мақсатымыз Қазақстандағы азаматтардың ерлігін, жетістігін көрсету және оны халықаралық аренаға паш ету. Рақмет.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

*2019 жылғы 21 ақпан*

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасы мен Иордан Хашимит Корольдігі арасындағы сотталған адамдарды беру туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде**

ТӨРАҒА. Құрметті сенаторлар, енді дауыс беру рәсіміне көшеміз. Сенатор Әбдікеров.

ӘБДІКЕРОВ.Р. Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, құрметті әріптестер! Бүгінгі таңда біздің елдің азаматтарының басқа елдерге кедергісіз шығуы және басқа мемлекеттер азаматтарының біздің елге келуі қалыпты жағдайға айналған.

Қазақстан мен Иордания елдерінің арасында да осындай қарым-қатынас соңғы кезде орнауда. Екі ел арасындағы ынтымақтастықтың түрлі салаларда жан-жақты дамуына байланысты тараптар азаматтарының да өзара іссапарлары соңғы кезде көбеюде. Мәселен, Ұлттық Экономика министрлігінің мәліметіне сәйкес, жаңа әріптесім айтып өткендей, 2018 жылы 600-ден аса Иордан азаматы Қазақстанға келсе, ал 200-ге жуық Қазақстан азаматы Иорданияда болған екен. Сондықтан ол азаматтардың тарапынан қылмыс жасау мүмкіндігін де жоққа шығара алмаймыз.





2005 жылғы 30 мамырда қабылданған «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Заңға байланысты талқыланып отырған келісім бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өзінің қоғамдық ортасында өтеу үшін өз азаматы болып табылатын мемлекетке сотталған адамды беру мүмкіндігіне байланысты мәселелерді реттейді және ізгілік сипатқа ие. Шарт жасау арқылы қылмыстық жауапкершілікке тартылған біздің азаматтарымызға жазасын өз отанында өтеуге, қоғамға қайта бейімделуге, қосымша психологиялық қысымды азайтуға және олардың туыстарымен заңда белгіленген тәртіп бойынша кездесуге мүмкіндік беріледі.

Осы тұрғыда келісімді ратификациялау екі ел арасындағы қылмыстыққа қарсы іс-қимыл, заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, сондай-ақ екі ел азаматтарының негізгі құқықтары мен мүдделерін қорғау саласындағы әріптестікті нығайту жолындағы маңызды қадам болып табылады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде әріптестерімді осы заң жобасын қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

# ӨМІРБАЯНЫ

Рысқали Әбдікеров 1959 жылы 12 маусымда Қарағанды облысы, Шет ауданының «Өспен» ауылында туған. Мектептен кейін Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің тарихи факультетіне түсіп, «тарих пәнінің мұғалімі» мамандығы бойынша бітірген *(1981)*. 1991 жылы Алматы саясаттану және басқару институтын бітірді, «саясаттанушы». 1981-1983 жылдары Босаға орта мектебінің мұғалімі, Ақадыр аудандық комсомол комитетінің, Жезқазған облыстық комсомол комитетінің нұсқаушысы болып еңбек етті. 1983-1984 жылдары Кеңес Армиясы қатарында әскери борышын өтеді. 1985-2016 жылдары Жезді аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, Ақадыр аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары, әкімшілігі басшысының, әкімнің орынбасары, Шет ауданы әкімінің бірінші орынбасары, Ақтоғай ауданының әкімі, Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары. Ұлытау мен Шет ауданының әкімі, облыс әкімінің орынбасары, Осакаров және Шет аудандарының әкімі. 2016-2017 жылдары Қарағанды облыстық мәслихатының хатшысы.

2017-2023 жылдары ҚР Парламенті Сенатының депутаты. «Аманат» партиясының мүшесі. «Құрмет», «Парасат» ордендерімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен және басқа да медальдармен марапатталған.





# АВТОБИОГРАФИЯ

Рысқали Әбдікеров родился 12 июня 1959 года в селе «Өспен», Шетского района Карагандинской области. После окончания средней школы поступил в Карагандинский государственный университет имени Е.А. Букетова на исторический факультет и получил специальность «учитель истории» *(1981)*. В 1991 году окончил Алматинский институт политологии и управления, «политолог». В 1981-1983 годах работал учителем ср. «Босаға», инструктором Агадырского райкома комсомола, инструктором Жезказганского обкома ЛКСМ Казахстана. В 1983-1984 г.г. служил в рядах Советской Армии. В 1985-2016 гг. работал первым секретарем Жездинского райкома комсомола, заместителем председателя райисполкома, главы администрации Агадырского района, первым заместителем акима Шетского района, акимом Актогайского района, заместителем акима города Караганды, акимом Улытауского, Шетского районов, заместителем акима области, акимом Осакаровского и Шетского районов Карагандинской области.

2016-2017 годы секретарь Карагандинского областного маслихата. В 2017-2023 годы депутат Сената Парламента РК, член партии «Аманат». Награжден орденами «Құрмет», «Парасат», медалью «Ерен еңбегі үшін» и другими медалями.

## МАЗМҰНЫ

**АЛҒЫ СӨЗ**
Қазақстан Республикасы
Сенатының депутаты Нұртөре Жүсіп.................................. 3

**Бірінші бөлім**
Халық және депутат................................................................ 9

**Екінші бөлім**
Сауалдар мен жауаптар........................................................41

**Үшінші бөлім**
Баяндамалар. Сөйлеген сөздер. Сұрақтар
*(Сенат отырыстарының стенографиялық*
*есептерінен алынған)*..........................................................187

**ӨМІРБАЯНЫ**...................................................... 212



**Рысқали ӘБДІКЕРОВ**

# ОРЫНДАЛҒАН АМАНАТ

**«НҰРЛЫ ӘЛЕМ» баспасы**
**Директоры - Жарылқасын ДӘУЛЕТ**

*Шығарушы редакторы Айтбай Сәулебек*
*Корректоры - Нағима Дәулет*
*Безендіруші - Бақтияр Жарылқасынұлы*
*Компъютерде беттеген - Жазира Аштенова*
*Тех.редакторы - Раушан Молдабекова*

ISBN 978-601-205-792-8

9 786012 057928

Басуға 03.06.2024 ж. қол қойылды. Қалпы 60x90 $^{1}/_{16}$
Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «KZ Times New Roman».
Офсеттік басылыс. Баспа табағы 13,5. Таралымы 500 дана.
Тапсырыс №23/8119.

*Автордың дайын файлынан «Нұрлы Әлем» баспасының*
*баспаханасында басылды.*
*Баспа кітаптың ішкі мазмұнына жауап бермейді.*

«НҰРЛЫ ӘЛЕМ» баспасының телефоны:
*Алматы 8 - (727) 230 18 00; 8 702 290 5005*
*E-mail: nurlyalem@inbox.ru*
*instagram: @nurly_alem*

Рысқали
ӘБДІКЕРОВ

*Орындалған*
# АМАНАТ

Нұрлы Әлем
+7 702 290 5005